

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Ораз Ботакөз Жұмакелдіқызы
Рысбекова Бану Амирхановна**

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ
АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА**

(Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, республика көлеміне тарату
және енгізу)

Шымкент, 2022

УДК:373
ББК:74.269.3
Б:44

Авторлары: Түркістан облысы, Шардара ауданы, Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері
Ораз Ботакөз Жұмакелдіқызы
Рысбекова Бану Амирхановна

Бастауыш сыныпта инновациялық педагогикалық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық қабілеттерін арттыруға арналған авторлық бағдарлама. (Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, республика көлеміне тарату және енгізу) Шымкент, 2022 . 150-бет.

Бұл авторлық бағдарламада бастауыш сыныпта инновациялық педагогикалық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық қабілеттерін арттыру жайлы құнды мәліметтер келтірілген.

Пікір білдірушілер:

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жетпісбаева Г.О.
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Алдешов С.Е.

ISBN 978-601-7982-49-4

УДК:373
ББК:74.269.3
Б:44

© Ораз Ботакөз Жұмакелдіқызы
Рысбекова Бану Амирхановна
«Жебе» баспасы, 2022 жыл

Кіріспе

Білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Ал қазіргі кезеңде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске душар болып отыр. Мұғалімдер мен оқушыларға әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келді.

"Оқыту технологиясы" термині алғаш рет АҚШ-та қолдана бастады. Польшаның белгілі дидакторы У.Куписевич пен Ф.Янушкевич оқыту технологиясы жалпы дидактиканың бір бөлігі ретінде оқытудың ең оңтайлы жолын анықтайтынын терең түсіну керектігін қолдады. Оқыту технологиясы — бұл оқытудың тиімділігін арттыру мақсатымен білім беру үрдісін зерттеу негізінде оқу үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағадарламаудың жүйелі тәсілі.

Оқыту технологиясы инновациялық әдістерге негізделген. 1960-жылдарда шетел зерттеушілері "инновациялық технология" терминін енгізді. "Инновациялық технология дегеніміз — тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір инновациялық жүйенің жобасы, ал инновациялық жағдайларға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер — оның құрамды бөлігі ғана" (В.Беспалько). Инновациялық технология оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру және оны өткізудің формасымен анықталады. Инновациялық технологияның өзіндік ерекшелігі - қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту үрдісін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқытылатын пән мазмұны, мұғалім мен оқушының өзара байланысты іс-әрекеті, оқушының ішкі даму үрдісі негізінде анықталған нақты мақсат қана инновациялық технология құрылынын түсіну кілті бола алады.

Ынтымақтастық педагогикасының негізгі мақсаты — талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшу, балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі. Ынтымақтастық педагогикасының ерекшеліктері:

- Мұғалім — оқушы, оқушы — мұғалім, оқушы — оқушы. Оқушыда субъект, мұғалім де субъект;
- Оқушының жеке басына ізгілік қарым-қатынас;
- Оқушы мен мұғалім арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым- қатынас.

Білім беруді ізгілендіру технологиясының негізін қалаған

Ш.А.Амонашвили. Білім беруді ізгілендіру технологиясының мақсаты — баланы оны азамат етіп тәрбиелеу, баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылулық ұялату. Проблемалы оқыту технологиясының негізгі мақсаты — оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және танымдылық икемділіктерін дамыту.

Проблемасы оқыту технологиясының ерекшеліктері:

- Оқушының белсенділіктерін арттыру;

- Оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселеге туғызу;
- Оқушы материалды сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді.

Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясының негізін қалаған В.Ф.Шаталов болып табылады. Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы төмендегідей мақсатты көздейді.

- Білім, білік, дағдыны қалыптастыру;
- Барлық баланы оқыту;
- Оқытуда жеделдету.

Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясының ерекшеліктері:

- Үнемі қайталау, міндеті кезендік бақылау, жоғары деңгейдегі қиыншылық, ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану;

- Жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;
- Ізгілік, еркімен оқыту;
- Әр оқушының жобасының жариялылығы, түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау;
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Түсіндіре басқарып оза отырып оқыту технологиясының авторы — жаңашыл мұғалімдердің бірі, ресейлік мұғалім С.Н.Лысенкова. Бұл технологиясының негізгі мақсаты — барлық баланы табысты оқыту. Түсіндіре басқарып оза отырып оқыту технологиясы төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталады:

- Оқу материалының бірізділігі, жүйелілігі
- Саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлылығы;
- Бағдарламаның, кейбір тақырыптардың қиыншылығын жеңу, қиын тақырыптарды біртіндеп оңайлату әдісін — оза оқыту әдісін қолдану: сабақты пысықтауға әуелі озағатар, сосын орташалар, ең соңында нашар оқушылар қатыстырылады;

- Бірте-бірте толық дербестікке жету
- Сыныпта қалыпты жағдай қалыптастыру: түсіністік, өзара көмек, ынтымақтастық қарым- қатынас;
- Оқушының қателігін ескерту, бірақ еш жазғырмау;
- Үй тапсырмасы тек әрі оқушының мүмкіндігіне қарай (әркім өзі орындай алатын жағдайда ғана) беріледі;
- білім, білік, дағдыны дамыта меңгерту;
- түсіндіруді қабылдау (22).

Деңгейлік саралап оқыту технологиясының негізіне әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарап оқыту мен оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау жатады.

Деңгейлік

саралап оқыту технологиясының ерекшеліктері төмендегідей:

- Күштілер өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі де, ал әлсіздер өзін-өзі сынап қарауға мүмкіндік алып, өзіне сенімсіздіктен арылады;
- Әлсіз топтарда оқуға деген ынта артады;
- Білім дәрежесі деңгейлес оқу топтарында аздап жеңілдейді.

Міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік саралап оқыту технологиясы төмендегідей ерекшеліктерімен сипатталады:

- Білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі;
- Оқушыларға берілген тапсырманың саралануы: тапсырма оқушының күші жететіндей және қолайлы болуы шарт;
- Білімнің базалық деңгейі оқытудың жаңа технологиясының механизмі ретінде оқушының бірте-бірте өрістей дамуына мүмкіншілік жасауы тиіс;
- Оқушыға оқу деңгейін тандауға ерік беру;
- Оқушы өз мүмкіндігіне орай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға ерікті.

Бастауыш мектептегі модульдік технология

Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген жаңа инновациялық технологияның негізіне жататындар:

- Әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру
- Оқушылардың қабілеттері мен танымдылықтарын арттыру
- Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру

Жаңа инновациялық технологиялар:

- Ынтымақтастық педагогикасы;
- Білім беруді ізгілендіру технологиясы;
- Проблемалы оқыту технологиясы;
- Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы;
- Түсіндіре басқарып оза оқыту технологиясы;
- Деңгейлік саралап оқыту технологиясы ;
- Міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Жобалап оқыту технологиялары.

Осылардың ішінде модульдік технология дамыта оқыту идеясын қарастырамыз.

Модульдік оқытудағы негізгі мақсат — оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкінділігін дамыту, оқу материалын өндеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету.

Модульдік оқытудың өзегі — оқу модулі. Оқу модулі:

- Ақпараттардың аяқталған блогынан

- Бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан;

- Оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады.

Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Барлық жаңа технологияның алдына қоятын мақсаты — оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, танымдылықтарын қалыптастыру. Сөйтіп, жекелеген оқу-тәрбие бағытында мектептің ілгері дамуы ескірген, тиімсіз әдістерден арылып, бүгінгі өмірге сай жаңа технологияларды қолдануға тікелей байланысты. Бұл үрдісті ұйымдастыру: біріншіден, инновациялық технологиялар банкіне, яғни олармен қамтамасыз етілуге, екіншіден, жоғарыда көрсеткеніміздей, инновациялық технологияларды таңдай білуге, үшіншіден, оны іске қосу механизміне негізделеді. Мұндай механизм ретінде В.М. Монахов технологиясын ұсынуға болады. Біздің орындаған теориялық және әдістемелік талдау негізінде Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың инновациялық шарттары анықталды. Шарт – объектінің өмір сүруі үшін немесе әрекет етудің қажетті базасы, негізі ретінде көрінеді. Ғылымда шарттар объективті және субъективті болып бөлінеді. Ал философтар шарттарды қажетті және жеткілікті деп бөліп қарастырады. Шарт оқиға салдарының, заттар өзгеруінің және әлемнің объективті құбылысының жүруін анықтаушы ретінде қарастырылады. Адам іс-әрекеті білімнің екі тегінің негізінде жүзеге асады: қоршаған шындық (объект) туралы білімдер және ондағы іс-әрекет, іс-әрекет тәсілдері жөніндегі білімдер. Инновациялық шарттар деп, инновациялық іс-әрекеттердің мазмұндық сипаттамаларын құрастыруды және нәтижеге жетуді айтамыз. 1. Ынтымақтастық -талап ету -мұғалім-оқушы, -балаға жеке педагогикасы. педагогикасына оқушы-мұғалім, ізгілік Бірінші инновациялық іс-әрекеттерді тудыратын ішкі және сыртқы факторларды анықтауымыз қажет, екінші инновациялық іс-әрекетті қалыптастыру принциптері белгілі болуы керек, үшіншіден инновациялық іс-әрекетті қалыптастыру әдістері анықталынып, төртіншіден мұғалім инновациялық іс-әрекетті меңгеріп, бесіншіден оқу- тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалана алады. Инновациялық іс-әрекетті тудырушы факторлар: ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді. Ішкі факторларға оқу-тәрбие үрдісіндегі өзгерістер жатса, сыртқы факторларға мемлекет тарапынан болатын өзгерістер, жаңа қабылданған заңнамалар мен тұжырымдамалар жатады. Инновациялық іс-әрекеттерді қалыптастыру принциптері: жалпы әдіснамалық және дидактикалық болып екіге бөлінеді. XIX ғ. қазақ халқы ағартушыларды халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін дамыту мәселерін көтере бастады. Ағартушы Ы.Алтынсарин “Табиғи ақыл өзін

қоршағанда жаңа құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім” дейді.

Ш.Уәлиханов шығармашылығына жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл–ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынандай: «Қырғыз- қайсақтар табиғатынан ақыл-ойы жүйріктігімен, таңқаларлық кемшіліктігімен ерекшеленеді». Ш.Уәлиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады.

А.Құнанбаев адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ақын адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: «Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады».

Сонымен қазақ ағартушылары қабілеттіліктің туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда инновациялық теория негіздерінің қалыптасуына ат салысқан көрнекті қайраткерлер Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың инновациялық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың қызығуы мен қабілеттілігінің қалыптастыру мәселесін ескерту керектігі баса айтылған.

Ж.Аймауытов «Психология және мамандық таңдау» еңбегінде эксперименттік зерттеу нәтижесіне сүйеніп, мамандықты дұрыс таңдай білуге арналған кеңестерін ұсыналды. Оның пікірінше мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттерін темпераментін, қабілеттілігін, мінезін, күш-жігерін ескеру қажет. Сонымен қатар Ж. Аймауытовтың ойынша әрбір адамның белгілі бір мамандыққа деген туа біткен білімділігі бар, сондықтан адам өзінің табиғатына тән қызметпен айналысқан тиімді болады.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, тәрбиені ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Ол жеке тұлғаға тәрбие мәселесін интеллектуалдылық қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады.

Бастауыш сыныпта оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығын қанағаттандыратын, мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының білім бағдарламасының шекарасында жататын және одан тыс аймақта қоданылатын инновациялық технологиялардың маңызы зор.

Бастауышта - әрбір оқушының жеке білімге қызығушылығын, талап тілектерімен және икемділігін қанағаттандырумен байланысты. Сондықтан ол мәні бойынша жеке білім беру бағдарламаларын жасаудың маңызды құралы болып табылады және мейлінше әр оқушының қызығушылығына, қабілетіне, өмірлік жоспарына сәйкес таңдауына байланысты болады.

Жоғарыда атап өткендей базалық пәндердің бейіндік және бастауыштардың көлеміндегі ара қатыс жобамен алғанда оқу жоспарының жалпы сағат санынан сәйкесінше 50%, 30%, 20% болу мүмкін.

Білім беру мекемесінің оқушы компонентіне бөлінген сағаттардың есебінен жүзеге асырылады.

Оқу бағдарламасы мен оқу құралы қажеттігі мен қоса оны оқытудың толық әдістемелік жүйесі керек екендігін ескеру қажет. Бастауыштардың жұмыстарын ұйымдастыру келесі ретке сәйкес жүргізеді:

1) оқу пәндері мен ендірілетін бастауыштардың жиынтығы анықталады;

2) оқушы өзінің қызығушылығына, жоспарлаған кәсібіне байланысты таңдаған бейіні мен оған қатысты бастауыштарға сәйкес жеке жоспар құрады да мектеп әкімшілігіне өткізеді;

3) алдыңғы екі пунктті ескеріп мектептің келесі оқу жылына оқу жоспары жасалады;

4) соған сәйкес сабақ кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сыныптар, элективті топтар, қатар жүретін базалық топтар және қатар жүретін профильді топтар ескеріледі.

Жалпы әдіснамалық принципке: ізгілендіру, біртұтастық, рефлексстік, инновациялық жатады.

Бастауыш математиканы оқыту теориясы жайындағы ілім бойынша жалпы міндеттер:

1) математиканы оқыту процесінде жүзеге асырылатын оқушылардың оқу қызметінің әр түрінің ерекшеліктерін анықтау және талдау, сондай-ақ олардың тәрбиелік мәнін ашып көрсету;

2) оқушылардың математикалық білімдерін, іскерліктері мен машықтарын жетілдіру мен оларды игеру процестерін зерттеу;

3) математика сабағында оқушылардың творчестволық қызметі мен қабілетін арттыру мен дамытудың тиімді әдістерін анықтау.

Бұл мәселелерді шешу оқушылардың творчестволық қызметі мен коммунистік көзқарасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін, математикалық теориялар мен идеяларды меңгерудің және оқу қызметін тиімді ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін оқыту процесіне енгізуге тіреледі.

Осыған орай жеке міндеттер:

1) оқушылардың дербес ерекшеліктеріне қарай математиканы оқыту процесінде тәрбие жұмысын жүргізудің тиімді тәсілдерін анықтау;

2) оқушылардың оқу қызметінің жеке түрлерін жетілдіруге және оларды игеруге ықпал туғызатын тәсілдерді анықтап, оларды зерттеу;

3) теориялық материалдарды игеруде және есеп шығаруда кездесетін қиындықтар мен оқушылар жіберетін қателердің алдын алудың тиімді тәсілдерін табу;

4) оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстардың тиімділігін арттыру жолдарын анықтау және зерттеу;

5)оқушылардың абстрактілі ойлауы мен кеңістік туралы түсініктерін жетілдіру жолдарын зерттеу;

6)кластан тыс жұмыстарда оқушылардың творчестволық қабілетін тәрбиелеу жолдары мен олардың математика пәніне ынтасын арттырудың тиімді тәсілдерін анықтау.

Сонымен қатар математиканы оқыту процесінде прогресшіл көрнекі оқу құралдары мен оқытудың техникалық құралдарын жасау мен зерттеу және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін оқу құрал-жабдықтарын зерттеу міндеті қойылады.

Жалпы білім беретін мектептерде математиканы оқытудың маңызы мен мақсаты

Математика мұғалімі әрбір адамның өмірі мен ісіндегі математикалық білімнің ұлы күшін терең түсінуі керек және өз оқушыларын оған сендіруге міндетті.

Математика қоғам мүшесіне тән қабілет пен творчестволық ізденіске не жаңалыққа жаны құмар азаматтарға қоршаған ортаны одан әрі жақсарту және жетілдіру сияқты қасиеттерді дарытуда ролі зор. Бұл қасиеттердің нышандары мектеп қабырғасында қалыптаса бастайды.

Ғылым мен техниканың қарқындап өсуі «математикалық биология», «математикалық лингвистика», «математикалық экономика», «математикалық психология» сияқты пәндердің пайда болуына себепші болды. Математика жаратылыстану ғылымдарымен бірге, гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс тапты.

Математиканың мектептік курсы оқушылардың ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты орын алады. Математиканы мектепте оқыту:

а)оқушыларға қоршаған ортаны танып-білудің математикаға тән құралдарын меңгеруді үйретеді;

ә)оқушылардың политехникалық білімін дамытуға және оларды практикалық дайындауға көмектеседі; оқушылардың азаматтық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз етеді;

б)оқушыларды математиканың практикалық қолданымымен таныстыра отырып, олардың ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары мен маңызын түсінуіне көмектеседі;

в)оқушылардың логикалық ойлауы мен танымдық қызметтерін және кеңістік туралы түсініктерін дамытуға, творчестволық қабілеттерін қалыптастыруға ұйтқы болады;

г)оқушылардың зейіні мен байқағыштығын, ұқыптылық пен дәйектілік, дербестік пен жоспарлылық тәрізді еңбек мәдениетін дарытуға ықпао жасайды;

Жаңа оқу үдерісінің әдістері мен түрлерін жетілдіруде жаңашыл-педагогтардың озық дидактикалық идеяларында “Нені оқыту?”, “Қалай оқыту?”, “Сапасы қандай?” деген сияқты мәселелерді шешуге бағытталған көптеген жаңаша жұмыстарын көруге болады. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі

калыптасты. Бұл процесс білім парадигмасының өзгелермен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде Я.А.Коменскийдің, И.Герберттің дәстүрлі объект-субъектілі педагогиканың орнына басқасы басты, ол балаға оқу қызығушылығының субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектендіруге, өзін тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде, бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық үдерістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ғылымға мықтап енген "Педагогикалық технология" ұғымына әр түрлі түсініктемелер берілген. (В.П. Беспалько, В.М. Шепель, И.П. Волков, М.Чошанов, М.В. Кларин т.б). Дегенмен, барлық анықтамалардың ортақ басты негізі бар.

Бүгінгі таңда П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Д.Б.Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.В.Амоношвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемаларының модульдік технологиясы, В.М.Монаховтың, В.К.Дьяченконың ұжымдық оқыту әдісі, В.П. Беспальконың және басқада көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал болған.

Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, М.Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа - сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс - тәсілдері яғни, жаңашыл сабақ. Жаңа дәуірдің жан - жақты дамыған адамын тәрбиелеу оңай емес, ол үшін мұғалімге үлкен ізденудің, оқытуды ізгілендіру аспектілерін пайдаланып жүзеге асырудың мәні зор.

Осыған орай жаңашыл идеялар көптеп шыға бастады. Сол жаңашыл педагогтардың идеясымен жұмыс істей білу - әр педагогқа қойылатын талаптардың бірі.

Бұрынғы білім берудің әдістемесі қазіргі қоғамның талаптарына жауап бере алмайды, ал оқытуда жаңа технологияларды қолдану мектептің дұрыс бағытта дамуына жол ашады. Жаңадан ойлап табылған әдіс-тәсіл жоқ, бірақ өзіміз қолданып жүрген әдістерді жаңа жағдайға бейімдеп пайдалану. Сондай-ақ жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың мәні зор. Мысалы, дәстүрлі сабақтардағы сұрақ-жауап, әңгімелесу әдістері балалардан таныс нәрсені сұрап білуге негізделеді.

Егеменді еліміздің болашағы – жастар яғни бүгінгі мектеп партасында отырған оқушылар. Оларды қазіргі заман талабына сай жан-жақты, білімді, өз бетімен ойлап білуге талпынатын, өзінің ой тұжырымы бар етіп

тәрбиелеу үшін сабақ түрлері құрлысын жетілдіру, оқытудың жаңа әдіс - тәсілдерін пайдалану бүгінгі күннің талабына айналып отыр. Ертеде данышпан ойшылдарымыз айтқан: "Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады - деген пікіріне сәйкес, қазіргі таңда жаңа заман ағымына сай, өзіндік жаңа білім саласында түрлі дамыту істерінің дамып келе жатқанын ерекше атап көрсетуге болады.

Соңғы уақытта білімге деген көзқарастың түбегейлі өзгергені "XXI ғасырдағы білім беру жүйесі қандай болуы керек?" деген сауалға жауап берері анық. Еліміз бен өркениетіміздің даму деңгейі осы сапалы білім нәтижесінің нақты көрсеткіші болмақ.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдерісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан мектептегі әрбір пәнді оқытуда оқыту технологиясын тандап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті –технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Бастауыш мектепте оқытуды технологияландыру қазіргі нарықтық экономика жағдайында өмір талабынан туындап отыр. Жаңа оқыту технологияларын бұрынғы оқыту әдістемелерінің орнына келген жаңа түсінік деп те қабылдамау керек.

Жаңа оқыту технологиясының ерекшелігі - мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіншілік береді. "Технология" - өндірістен алынған ұғым дейгін болсақ, белгілі бір бұйымды модельдеу, соған қажетті материалды өлшеу, ол материалды нәтиже даярлайтын процеске салу, түпкілікті нәтижені алдын ала болжау арқылы сол нәтижені алуға бағытталған қызмет процесін ұйымдастыруды білдіретін бұл ұғымның білім беруінен байланысы тікелей анықталады. Мектептердің оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік тұады. Жаңа ақпараттық технологияны шағын жинақталған мектептерде де пайдалануға болады. Онда сабақты тиімді өткізуге, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, әрбір оқушының өз беттерінше ізденіп білім алуларына көмектесуге болады.

Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді. Мектептің бастауыш сатысында кеңінен қолданылып жүрген оқытудың қазіргі технологиялары: (ДБІ) дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы (П.М.Эрдниев) бір мезгілде тура және кері амалдар мен операцияларды меңгеруге көмектеседі және ірілендіру қағидасына сүйеніп құрастырылған жаттығулар жиынтығы білімді саналы да берік меңгеруге көмектеседі, математиканы оқытудың есеп шығаруға негізделген

технологиясы (Р.Г.Хазанкин) есептерді шығаруда әртүрлі әдістерді қолдану және оқушылар бірін-бірі тексеру арқылы есептің дұрыстығына көз жеткізулеріне болады, дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов) дамыта оқыту жүйесі жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық салалармен сәйкестікте жан-жақты дамытуға бағытталған, оқытудың модульдік технологиясы (В.М.Монахов) оқу үдерісін мақсатты жобалап, құруға болады. Оқытудың компьютерлік технологиясы компьютермен жұмыс істеу техникасын меңгеру, сыныпта белсенділік көрсету, жеке жұмыс істеу, жекелеп көмек керсету, проблемалық оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов) теория және практиканы блок түрінде топтау, тірек-схема, тірек-конспект түрінде берілген теориялық материалдарды сыныпта меңгеру, үйде өз бетімен іздену, жұмыс істеу, түсіндіре басқарып - оза оқыту (С.Н.Лысенкова) алынатын білімнің алғашқы бөлігін алдын-ала оқыту деңгейлік саралап оқыту технологиясы бірнеше деңгейде тапсырма беру және т.б. Мектептің бастауыш сатысында оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың өзара іс-әрекетімен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үдеріс - іс-әрекетті оқыту ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Ол өз пікірін бір-біріне, топта, сынып алдында қайта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс. Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың жаңа процессуальдық біліктілігіне, ақпаратты алдын ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөлінеді.

Аталған дидактиктердің біліміне сүйене отырып, қазіргі таңда оқытудың әртүрлі жаңа технологиялары қарастырылып, оны қолдануды жүзеге асыруда көптеген жұмыстар жүргізіліп, нәтижесін беріп те үлгерді. Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту процесін технологияландыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді жақтары:

- 1) әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;
- 2) оқушының қабілеті айқындалады;
- 3) талпынысы, ұмтылысы байқалады;
- 4) күрделі тапсырмаға байланысты оқушының ойлау қабілеті артады;
- 5) оқушылар деңгейлік тапсырманы орындап болған соң, жинаған ұпайы бойынша әр баланың білім деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады.

Демек, әділ баға қойылады.

Білім берудің әрбір сатысы жоғарылаған сайын олардың білімді қабылдауы өзгеріп, өтілетін пәндер жүйесі күрделене түседі. Сондықтан да

баланың жас ерекшеліктерін, әр сатыдағы қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып, дамып жатқан оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану ең маңызды болып отыр.

Білім берудің ең төменгі сатысы интеллектінің даму іргетасы, оқу әрекетін қалыптастырудың ең қуатты кезеңі. Бірақ, бұл сатыдағы баланың есте сақтау қабілеті, затты қабылдауы нашар болып келгенімен, білуге құштар, барлығын көзбен көруді ұнатады. Сондықтан да оқу ойын түрінде, модульдік оқыту, білім беруді ізгілендіру технологиялары ретінде қолданылып отырады.

Ғылымға белгілі әртүрлі себептермен аңдар арасында қалған балалардың қайта адам қалпына келе алмауының басты себебі де осы болар.

Қорытындысында бастауыш сынып оқушыларының қарқыны ой еңбегімен айналысуға, табиғи мүмкіндіктерінің бар екенін оқыту жүйесінде ескеру қажет деген тұжырымға келеміз.

Дәстүрлі педагогикада "қарапайымнан күрделіге қарай нақтыдан абстрактіге қарай" деген принцип бар. Дамыта оқыту жүйесінің авторлары бұған керісінше, бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қарай жетелейді. Ал Л.В.Занков жүйесі дәстүрлі оқыту жүйесінен басқа дидактикалық принциптерге негізделеді. Енді ерекше тоқталуды қажет ететін кейбір принциптердің мәнін аша кетейік. Бүгінгі күннің өлшемімен қарағанда айрықша көкейтестілігімен ерекшеленетін принцип жоғары қиындықта оқыту принципі.

Дамыта оқыту идеясының ұзақ тарихы бар. Ерте кезден бастап-ақ, ойшылдар білім мен ақыл-ой тәрбиесінің ара-қатынасын, олардың бала дамуына әсерін зерттей бастаған. Бізге белгілі алғашқы дидактиктердің бірі Квинтилиан мектеп алдына баланың қабілеттеріне, ақылының қасиеттеріне, мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес отырып, оның ойының және тілінің дамуын қамтамасыз етуді қойған.

XVII ғасырдағы Я.А.Коменскийдің дидактикалық жүйесінің негізгі қағидаларының бірінде де баланың ақыл-ой күшін, қабілеттерін дамыту олардың білімге деген құштарлығын оятып, лаулата түседі делінген.

И.Т.Пестоллоцки баланың ақыл-ойын, барлық қабілет-қасиеттерін дамыту идеясымен арқауланған бастауышта оқыту әдістемесін жасауға әрекет етеді.

Дамыта оқыту ұлы неміс педагогы А.Дистервегтің әйгілі "Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық" атты еңбегінің де негізі болып табылады. Дамыта оқыту деп ол баланың білім алуға іс-әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған.

Дамыта оқытудың идеясын алғашқылардың бірі болып 1959-60 жылдары қолға алған академик Л.В.Занковтың басшылығымен жасаған бастауышты оқытудың жаңа жүйесін мұғалімдер қауымы үлкен ықыласпен қабылдағанымен, белгілі себептерге байланысты үрістеп кете алмады. Тек 1990 жылдары ғана Ресей мектептерінде ғана қайтадан қолданыла бастады. Қазір бұл жүйе дәстүрлі оқытумен қатар пайдаланылып келеді.

Л.С.Выготскийдің теориясы Д.Б.Эльконин басқарған шығармашылық топ

жұмысында әрі қарай жалғастырылады.

Баланың мзін-мзі мзгертуші субъект ретінде дамуна арналған тұжырымдама жасалып, зерттеулер жүргізілді. Екі автордың тобы да мз жүйелері бойынша оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, әдістемелік құралдар дайындап шығарды. Осылайша дамыта оқыту ғылыми теориядан практикалық іс-тәжірибеге батыл ене бастады. Дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин – В.В.Давыдов жасаған жүйесін қыздеген мақсаттарына жету тек баланың мзінің белсенділігіне баланысты. Осыған орай бұл жүйенің әдіс тәсілдері де оқушының оқу белсенділігін ұйымдастыру, қолдап, қмектесіп отыруды қыздейді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-танымдылық әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұтсалады. Ол үшін бала мзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып ол білім алуға деген ынта-ықласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сонымен дамыта оқыту мен дәстүрлі оқыту жүйелерінің ерекшеліктері мен мзгешеліктеріне тоқталып кеттім. Айтылғандарды қорыта келе, дәстүрлі оқыту әдістемесі негізінде метафизикалық әдіснама, ал дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық әдіснамасы жатыр деп айтуға болады. Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бардеп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген қызқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге қытеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген.

Дәстүрлі оқыту, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, арналған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Дәстүрлі әдісте мұғалім субъект те, ал оқушы объект болады. Дәстүрлі әдісті зерттегендер Я.А.Коменский, И.Т.Пестоллоции.

Дамыта оқыту арнайы педагогикалық технологияларды қажет етеді. Ол технологияларда баланы қоршаған ортамен еркін қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі беріледі. “Педагогикалық технологияға – В.Л.Беспалько - практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба”,-деген анықтама береді. Ал педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір- бірімен мзара байланыстағы әдіс-тәсілдер деп қарастырады.

- Оқыту технологиялары – дидактикалық жүйенің құрамдас, проссеуалдық бңлігі.(М.Чошанов)

Педагогикалық технологиялар -оқыту процесін жобалау, ұйымдастыру және мткізудің ойластырылған моделі (В.М.Монахов) -деген анықтамалар бар. Ал Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны арнайы лайықталған әдістер, амалдар, тәрбие құралдары түріндегі психологиялық-педагогикалық қондырғы деп түсіндіреді.

Технологиялық процесс – технологиялық бірліктердің арнайы жүйесі, олар педагогикалық нәтижеге бағытталған.

Педагогикалық технологиялардың философиясы ізгілік, жеке бастың даму теориясына негізделген.

Мектептің бастауыш сатысында қолданылып жүрген қазіргі технологиялары

Біздің еліміздегі білім беруді дамытудың қазіргі заманға кезеңін-оқытудың дәстүрлі түрінен инновациялық әдістерге ауысатын өтпелі кезең деп сипаттауға болады.

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті әзірленген. Оларды пайдалану барысында республикамызда адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы-жоғары құндылық болып саналатын Қазақстан Республикасының негізгі заңы – Қазақстан Республикасы Конституциясын басшылыққа алу керек.

Бұл білім берудегі жаңартудың негізгі принциптерін: білім берудің “ізгілік парадигмасын” іске асыруға бағытталған білімді ізгілендіру мен демократияландыру принциптерін анықтайды. Ол “білгір адам” парадигмасын ауыстыратын “өмірге дайындалған адам”, “іскер адам” парадигмасы болып табылады.

Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарттарының бірі – білім берушінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген әрбір мұғалім өз сабағында жақсы нәтижені көре алады.

Оқыту үдерісінде дамыта оқыту, деңгейлік саралап оқыту, бағдарламалап оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, ынтымақтастық педагогикасы, өздігінен дамыту технологиясы және т.б. оқыту технологияларын пайдаланып, жетістіктерін күтуде.

Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, оны тәжірибеде қолданып, төртіншіден, дамытып нәтижесін байқайды.

Оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланудың тағы бір ерекшелігі – мұғалім мен білім алушының күрделі, тығыз байланысын оңтайлы шешуге көмектесе отырып, сенімділікпен жұмыс жасауға, өзара батыл пікірлесуге, оқуға деген ынтасын арттырады, қысқасы сапалы білім берудің оң жолдарын қамтиды. Сондықтан да ендігі жерде педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет, ол мемлекеттік стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан жаңа технологияны пайдалану мұғалім мен оқушының қарым-қатынас жайын аса шеберлік, білімділік, демократиялық бағытта уақыт талабына сай таңдауды қалайды. Парадигмалардың осылай ауысуы – білім берудің барлық мазмұнын терең ойластыруға ықпал етті. Мұғалім дайын ақиқат, түйін, ой қорытындысын балалардың “миына құйғанмен”, ойлау мен сөйлеу негіздеріне жақындауға да мүмкіндік бермей, шығармашылық, арман, қиял қанатын байлап қояды. Көптеген жағдайда баланың ой еңбегі өзі де ойлап үлгермеген, санасына ерекше әсер етпеген байланыстарды жаттап алуына әкеледі. Соның

нәтижесінде құбылыстың мәнін ойлау және бақылау қабілеті дамымай, жаттауға негізделген есте сақтау дамиды.

Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырмау үшін, оны ойлауға үйрету керек. Сабақта, жалпы мектепте оқушыларға жайлы және ыңғайлы болу керек, сонда ғана оқудан жақсы нәтиже шығады. Ол тұлға ретінде жан-жақты дамитын болады. Қазіргі заманғы мектеп бала үшін қызмет етуі керек, ол білім алып қана қоймай, оны өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау мен сезіну қабілеті бар адам дайындау керек. Мақсат – мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі алып, табуға үйренуі, оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез-келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алу керек. Оқушының өз бетімен оқулықпен жұмыс істеп, білім алу дағдысын қалыптастыру үшін қажетті талаптардың бірі – оқулық соған бейімделіп жазылуы керек. Кеңінен қарастыратын болсақ, оқулық деген не? Ол – педагогикалық жүйенің бір ғана құрамдық бөлігі. Ал, педагогикалық жүйе дегеніміз не? Педагогикалық жүйе дегеніміз: мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, оқытудың ұйымдастыру түрі, құралы және осылар арқылы нәтидеге жетелейтін оқушы мен оқытушының арасындағы оқыту үдерісі. Мұндағы педагогикалық жүйенің алғашқы бес компоненті әдістемелік жүйені құрайды: мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, түрі, құралы. Дидактикалық үрдіс ойдағыдай жүзеге асу үшін оқушыларды белгілі дәрежеде оқуға қызықтырып, ынталандыру қажет. Оған мұғалім өзінің шеберлігі арқылы және міндетті түрде қызықты, тартымды, өз бетімен білім алуға қолайлы құрастырылған мазмұн арқылы қол жеткізе алады. Сондықтан, қазіргі заманның орта білім берудегі бірден бір талабы: оқулықтың мазмұнын жаңаша теру керек – мазмұндалуы жағынан да, құрылымы жағынан да жетілдірілген түрде. Бұл жағдайда оқулық мазмұнына кем дегенде төмендегідей төрт шарт қойылады:

- бүкіл орта білім беру мектебінің мазмұны (бағдарламасы), әр пән бойынша тарау мен тақырыптардың мазмұны;
- алғашқы синтез (кіріспе) – анализ (талдау) – соңғы синтез (қорытынды) құрылымына сай келу керек;
- ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескерумен қатар ғылымының әлем деңгейіндегі жетістіктерін қамту керек;
- компьютердің оқытушылық мүмкіндіктерін ескеру (компьютермен орындалатын тапсырмаларды ұйымдастыру);
- тақырыптың мазмұны деңгейлік тапсырмалар арқылы – қарапайымнан күрделіге, саннан сапаға ауысу принциптері бойынша – берілуі керек.

Айтылғандар әдістемелік жүйенің бір ғана компонентін (мазмұнын) жетілтіруге қойылатын талаптар. Білім берудің жоғарыдағы қойылғандай және мақсатына жаңаша терілген мазмұнына сәйкес әдіс тәсілдер, түрі, құралдары, оқушы мен оқытушының іс-әрекеттері, нәтижені бағалау жүйесі – осының барлығы (Педагогикалық жүйенің сегіз компоненттері) жаңаша көзқарасты талап етеді. Мұнда жаңа тақырыпты меңгеру үш кезең арқылы ұйымдастырылған: әр кезеңнің мақсаты “шағын мақсат”, оның

нәтижесі “аралық нәтиже” - деп қарастырылады. Тақырыпты меңгеру оқу бағдарламасына, мазмұнының көлеміне сәйкес бір немесе бірнеше сағатқа жоспарлануы мүмкін. Соңғы жағдайда да үш кезеңдік тәртіп сақталады: әр келесі сабақта тақырыптың кезектегі кезеңі жалғастырылып өтіледі.

Кез келген даму үдерісі аралық нәтижелер алып отыру арқылы жүзеге асады және әр аралық нәтиже ілгеріде алынған аралық нәтижеден жоғары болуы шарт.

Жалпы мақсат (мысалы, жаңа тақырып бойынша) → 1-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (1-ші аралық нәтиже) → 2-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (2-ші аралық нәтиже) → 3-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (3-ші аралық нәтиже) → 4-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (4-ші аралық нәтиже) = Түбегейлі нәтиже (мысалы, олимпиадалық тапсырмаларды орындау).

Бұл жерде В.П.Беспальконың кез келген мазмұнды меңгеру үшін оған төрт деңгейлерінің шағын мақсаттары арқылы жетуге болатындығы көрсетілген.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарды компонентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі жаңа технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет. Осылай оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін көтеруге болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізгі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымын белгілі бір идеаларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зертеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жқмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Ғйрену процесі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Ғйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы керек:

-Сын тұрғысынан ойлауды тудыру уақыт керек.

-Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.

-Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.

-үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдану.

Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау.

Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

“Ақыл-ой Одиссеясы” мектеп бағдарламасы 1978 жылы Американың Нью-Джерси штатында басталды. Ал оның негізін қалаған Самуэль Миклис деген американ азаматы.

Америка Құрама штаттарының 28 мектебінен келген команда мүшелері әртүрлі шығармашылық тапсырмалар шешуден жарысқа түседі. Осылайша бағдарлама өмірге келеді. Содан бері мемлекеттегі барлық штаттағы мектептер тәжірибиесіне еніп, әлемге тарап кетті. Қазір бұл бағдарламамен Австралия, Канада, Қытай, Жапония, Албания, Мексика және ТМД мемлекеттері мектептер жылдап өсуде. “Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасының негізгі мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптан тыс ойлауға үйрету.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский “шығармашылық” деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені зерттеген психологтардың бірі Я.А.Пономорев оны “даму” ұғымымен қатар қояды. Әйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Адамның шығармашылыққа деген жанданысы, оның өз жекелігін, өз қабілеттерін іске асыруға деген жолын ашады.

“Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасының теориялық негізі ретінде жоғарыда аталған әлемдік деңгейдегі ғалымдардың тұжырымдарымен бірге Д.Гилфорд, Е.Торренс, А.Осборн сияқты шығармашылық теориясын жасаған ғалымдар еңбегі алынады.

Бағдарламаның құрылымы.

Бағдарлама екі бөлімнен тұрады.

Лезде шешілетін тапсырмалар үлгілері:

6 қарындаштың көмегімен 4 тең төрт үшбұрыш құрастыр. Шарты: үшбұрыштың бұрыштары қарындаштардың аяқтарының қосылуынан түзілу керек.

100 кесек сабыннан не жасауға, қалай пайдалануға болады.

“Достық” тортын жаса. 8 компоненттен тұрсын.

Статуя: бір статуяны бейнелеп, түсіндір.

Көшедегі бір үйді қара да оның интерьерін суретте(бөлмелері нешеу, жиһазы, т.б.)

8 шиден скульптура жаса.

Құрамында саны бар сөзді ата (Бесбай, үшбұлақ, ондық, бестік, төртбақ, жетіру, жетікүн, Жетібай, Екібастұз, Жетісу.)

Теннис добының 2 жартысын қалай пайдалануға болады.

Қызыл, жұмсақ, жасанды, дөңгелек, ұзын заттарды ата.

Секіретін, жүзетін, ұшатын, жорғалайтын жануарларды ата.

Жәшіктер мен қораптардың түрлерін ата.

Қолшатырдың қолдану түрлерін айт.

Құлпылардың түрлерін ата

Әшіргіштерді қалай пайдалануға болады.

Тротуарды пайдалану түрлерін ата.

Кнопка мен қағазды салыстыр.

Бөтелкелердің түрлерін ата.

Тек саусақтың көмегімен әртүрлі дыбыстар шығар.

Ұйқасқа өлең құра.

20 теңгемен сөйлес.

Ағаштың, мұхиттың, достардың т.б, пайдасын ата.

Мұндай тапсырмаларды олардың идеясын түсінген әр мұғалім өзі-ақ ойлап таба алу мүмкіндігі бар.

Оқушылар бұл тасырмаларды шешу арқылы лезде шешім қабылдауға, идеялармен бөлісуге, оның дұрыстығын дәлелдеуге үйренеді.

ұзақ мерзімді тапсырмалар. Орталықтан бағдарламамен айналысуға ниет білдіріп, мүшелікке енген мектептер үшін арнай жіберіледі. Әр жылы 5 түрлі проблемалық мәселеге арналған тақырыптар, және оларды шешуге қойылатын талаптар, ескерілер ережелер кітапшасы беріледі. Олар экологиялық, экономикалық, техникалық, өнерпаздық білімі мен тәрбиесіне арналады.

7 адамнан тұратын команда мүшелері таңдап алған тақырыптарына орай 8 минуттық көрініс әзірлеп, сюжеттегі проблеманы шығармашылықпен шешудің жолын көрсетулері керек.

“Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасын арнайы сабақ ретінде сыныптан тыс жұмыс түрлерінде, сондай-ақ оның элементтерін сабақтарда да қолдануға болады.

Бастауышта оқылатын кез келген пәннің мазмұнына сәйкес шығармашылыққа интелектіні дамытуға берілетін тапсырмаларды тиімді қолдану бүгінгі мектеп бағдарламасының да өзекті мәселелерінің бірі. Тек қандай тапсырманы сабақтың қай сәтінде қолдану керектігін мұғалім өзі шешеді.

Бағдарламалардағы кейбір тапсырмалар қиялдауға берілген. Оларға 8-10 минут уақыт беріледі. Негізгі идея кәдімгі қарапайым заттарды әдеттен тыс жағдайда пайдалана білу.

Тапсырма: - ішіндегі желініп біткен ыдысты тастай салмай, тағы қалай пайдалануға болады?

Жауаптар: - су ішетін ыдыс ретінде, шетін кертіп шүмек жасап, су құйғыш ретінде.

Жіңішкелеп ауызғы жағын кесіп тастап, қарындаш тағы басқа заттарды

салатын ыдыс ретінде.

Бірнеше тесіктер тесіп, су шашқыш ретінде т.б.

Бұл сабақтар Г.Альтшуллер жасаған “Энертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы” (ТРИЗ- теория решения изобретательских задач) технолгоиясымен үндес.

“Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасымен жұмыс істеу барысында тез ойлап, жылдам шешім қабылдауға шорқақ балалар жыл аяғында шапшаң жауап беруге үйреніп, тапқыр қызықты шешімдер құруда жетістіктерге жете бастайды.

Қазіргі кездегі математикалық білім баланы интеллектісін дербес ойлауын дамытуға бағытталған. Бұл салада, біз сөз еткелі отырған технологияның алар орны ерекше. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру деп аталатын математикалық бірлік технологиясы. 1964-1996 жылдар арасында академик П.М.Эрдниевтің жетекшілігімен жүргізілген теориялық және тәжірибелік ізденістердің, практикалық жұмыстың нәтижесінде өмірге келді. П.М.Эрдниев “дидактикалық бірліктер” деген ұғымды осыдан 20 жыл бұрын енгізген. П.М.Эрдниев оқу материалынан кіші көлемде берілетін ақпаратын алып тастамай, тек олардың құрылымын өзгертіп, ірілендіріп беруді ұсынады. Бұл жағдайда материал терең меңгеріліп, ойлауға, дамуға кең өріс ашылады.

Республикамызда 1997 жылдан ері енгізіліп жатқан профессор Т.Қ. Оспановтың жетекшілігімен жазылған “математика” оқулықтары осы теорияға негізделінеді. Сондықтан оқушының жеке басын дамытуға бағытталған бұл әдістемемен бүкіл бастауыш мектеп мұғалімдері жұмыс істеуде.

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру әдістемесін жүзеге асырудың басты қағидалары төмендегідей:

- 1.Қарама-қарсы ұғымдарды, әрі өзара байланысты операцияларды қатар оқыту.
- 2.Тура есепке кері есеп ойлап табу, шығаруды кеңінен қолдану.
3. Деформацияланған жаттығуларды пайдалану.
4. Өзбетінше, танымдылық-шығармашылыққа берілетін тапсырмалардың үлес салмағының артуы.

Осы қағидалардың әрқайсысына жеке тоқталып, олардың оқушыны ойлауға үйрететін мүмкіндіктерін аша түссек.

Оқыту практикасы “қосу мен азайту”, “көбейту мен бөлу” бұрынғыдай төрт бөлек тақырып етіліп өтілмей қатар ұсынылуының тиімділігін көрсетіп отыр.

Біріншіден бұл арқылы оқу уақыты 20% дейін үнемделеді. Ал үнемделген уақыт білімді тереңдетуге өте қажет.

Екіншіден ойлау операциялары арқылы баланың дамуы жеңілдейді.

Оқытудың гумандық, ізгіліктілік принциптеріне сәйкес оқушымен мұғалім арасында жаңаша қарым-қатынас қалыптасады.

Түріндегі төрт аралық операцияны пайымдау арқылы шешу, ойлау әрекетінің ішкі потенциалды резервтерін ашуға көмектеседі. П.К.Анохин

тұжырымдамаларымен айтсақ, табиғаттың айнымас заңдылықтарының бірі “кері байланыс” заңының іске қосылуымен тиімді.

ДБІ технологиясының басты ерекшеліктерінің бірі кері есептерді шығару “кері есеп” ұғымы ғылымға өзіміз жоғарыда айтып өткен академик

П.К.Анохин енгізген кері байланыс деген психологиялық ұғыммен байланысты. Кері есептерді шығару, тура есепті кері есепке айналдыру арқылы баланың белсенділігі, қызығушылығы артады, шығармашылық дербестік пайда болады.

“Кері есеп” ұғымы алғаш көрнекіліктер арқылы түсіндірілуі тиімді.

Мысалы: столға 5 кітап қойып, оның жанына портфельді орналастырған соң, мына есеп айтылады. Столда 5 кітап бар, ал портфельде қанша кітап бар? Бұдан соң: не белгілі, не белгісіз, артық па? кем бе? екенін анықтауға арналған сұрақтар беріп, жауаптар алынады.

Есеп шығарылады. Кері есепке көшер алдында, столдағы кітаптарды алып тастап, балалар, портфельде 8 кітап бар, ал столдағы кітаптың одан 3 кем.

Столда неше кітап бар? Есеп шығарылған соң, алдыңғы есепте не белгілі болды, нені таптық, ал соңғы да ше? Деген сұрақтарға жауап алынады.

Белгісізді ... жалғасы

Сабак — мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілетілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласыда шет қала алмайды.

Осыған байланысты бағдарламаның мақсаты: Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беруді жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан педагогтардың жауапкершілікті түсіну мен олардың кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігін жетілдіруде және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлес қосқан.

Бағдарламаның міндеттері: Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатына критериялды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Оқудан күтілетін нәтежелер: мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсаттарында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

мұғалімдердің орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Сонымен қатар, мұғалім мен оқушының тұлғалық — бағдарлы өзара қарым — қатынасы маңызды орын алып отыр. Мұнда тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік жағынан келбетінің қалыптасуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, білім беру факторларының: мектеп, отбасы, әлеуметтік орнының кіргізілуі көзделеді.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Ең жоғары балл 60 ұпай, орташа балл 48 ұпай деп белгіленеді. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериалық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдесінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатыда балл және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.)

Сабақтағы қалыптастырушы бағалау — мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалауы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді).

Бағалау критерийі — білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме.

Дискриптор — оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым.

Тапсырма — оқушының күзіреттілік деңгейін (пәндік, тілдік және тағы басқа) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.

Кері байланыс — қандай да бір жағдайда немесе әрекетке арналған жауап, пікір.

Сабақтың сонында мұғалімдерге қалыптастырушы бағалауға байланысты алынған тәжірибені қалай таратуға болатыны жөнінде талқылауға тапсырма беріледі.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральді білім беру бағдарламасының спиральдік қағидаты болып табылады. Ол оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы (Джером Брунер) моделіне негізделген. Оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқанда зерделенген материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр. Спиральді білім берудің негізгі ерекшелігі: әрбір қайталанып оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады; оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпаратты толықтырып бекітіп отырады; спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; оқушыларды соңғы оқу мақсатына қол жеткізу үшін бұрын алынған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады. Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларындағы өзгерістер: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады.

Коммуникативті оқыту ұстанымы: тілдік дағдыларды дамыту. Төрт дағдыны ескере отырып Ж.Аймауытовтың «...бала әуелі тәжірибиеге талпынып, нәрсемен танысып, содан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деген сөзін еріксіз еске түсіреді.

Кіріктірілген білім беру бағдарласында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өте өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазлым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Бүгінгі күні, барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдерімен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үдерістің жалпы білім беретін мектептер де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Курстың маңыздылығы да міне, осында. Жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымын, мақсат-міндеттерін меңгерту. Курста жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар,

педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологиялары да қарастырылды.

Бұл бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуы үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренерміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім — болашақтың кепілі.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдылық қабілетін арттыру әдістемесі

Бастауыш сыныпта оқушыны ізденушілік, танымдылыққа баулу сабақ кезінде және сыныптан тыс жұмыстарда басталуы тиіс.

Өйткені, бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті танымдылық деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі өте тиімді болып табылады. Танымдылық білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет. Зерттеуші-оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізуге баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Танымдылық әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. 1999 жылдан бастап, оқушылардың танымдылық, ізденушілік, жобалау

әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың құзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба – латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Танымдылық оқыту- баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол белгісізді іздеу, жаңа білімді іздеу процесі. Бұл-адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау мен зерттеу басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан түрліше. А.И.Савенков “жобалау мен зерттеу бағыттылығы, мен мағынасы және іс-әрекетінің мазмұны бойынша әртүрлі”, атап көрсетті. Дегенмен жобалар әдісі мен зерттеу әдістерінің негізіне мыналар жатады:

- оқушының танымдық білігі мен дағдысын дамыту;
- ақпараттық кеңістікте бағдарлай алу білігі;
- өз білімін өздігінен құрастыра алуы;
- ғалымның әр саласының білімдерін кіріктіре алу білігі;
- сын тұрғысынан ойлай алуы;

Екі әдіс те оқушылардың өзіндік әрекетіне бағдарланған (дербес, топтық, жұптық), оны арнайы бөлінген уақыт аралығында (сабақтың бірнеше минуттарынан бастап бірнеше апталар мен тіпті айлар аралығында) орындайды. Жобалау технологиясы және танымдылық әрекет технологиясы төмендегілерді қамтиды:

-кіріктірілген білім мен оны шешудің танымдылық ізденісін талап ететін проблеманың болуы;

-алынатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;

-оқушының өзіндік әрекетін;

-жобаның мазмұндық бөлігін оның кезеңдік нәтижелерін көрсете отырып құрылымдау;

-зерттеу әдістерін қолдану, яғни проблеманы және одан туындайтын зерттеу әдістерін анықтау; зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат жинау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу; алынған өнімнің тұсауын кесу, талқылаулар мен қорытындылар.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі. Танымдылық, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен

техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

Теориялық – зерттеу мәселелерін теориялық талдау. Мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды.

Фантастикалық – өмірде болмайтын фантастикалық құбылыстар мен заттар жөнінде.

Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді. Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер. Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады. Экспериментальді (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады.

Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты-тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау – біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.

Зерттеу жұмысының басты шарты – оның жаңалығы және өзектілігі. Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттенудің *мақсаты* мен *міндеттерін* ұғыну қажет.

Мақсат – бұл зерттеушінің ізденіс нәтижесі. Зерттеу мақсаты нақты және қол жетерлік болсын.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен-зерттеушімін», «Мен – жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен-зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады.

Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі

саладағы

қызметіне

қажет.

Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді, оны математика, логика сабақтарындағы оқушылардың белсенділіген байқауға болады.

Зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Алайда, бастауыш сатыда зерттеудің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Төменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болады, болжамды қалай құрылымдау керек, байқауды, экспериментті қалай жүргізу керек және т.б. қысқасы, оның танымдылық табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді. Баланың айналаны өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Балаларды оқуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады.

Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының:

- Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді, Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп, зерттеулер жүргізуге бейімделеді;
- Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады;
- Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліп шығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді;
- Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың жоғары шығармашылық деңгейін қамтамасыз етеді.

Питер Клайн: «Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» деген екен. Оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпынысы оның ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілік, танымдылықке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс.

Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі мектептің басты мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны-жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сыныптан басталуы қажет.

Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті танымдылық деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі өте тиімді болып табылады. Танымдылық білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет. Зерттеуші-оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізуге баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Танымдылық әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. 1999 жылдан бастап, оқушылардың танымдылық, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың құзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба — латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі.

Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет.

Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді, оны математика, логика сабақтарындағы оқушылардың белсенділіген байқауға болады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.

Танымдылық құзыреттілік түсінігі анық және нақты болуы үшін құзыреттілік пен зерттеу сынды түсініктерді зерттеу қажет.

Зерттеу ғылыми-педагогикалық білімдерді қалыптастырудың процесі, танымдық қызметтің түрі, ол оқытудың, тәрбиелеудің және дамудың объективті заңдылықтарының ашылу бағыттарына бағытталған.

Зерттеулердің кең спектріне қарамастан зерттеу құзыреттілігінің нақты бір анықтамасы жоқ. Барлық авторлар оны өзінше анықтайды.

Отандық психологияда бағытталған қызмет терминін қолданып үйренген.

М.И.Лисинамен танымдық белсенділік түсінігін қолданады. Кейбір қатынасында ол білуге құмарлық, танымдылық әрекет, зерттеу терминдерімен жақын болып саналады.

Сонымен бірге, жиі осы терминдер қолданылуында араласып жатады - мысалы, Д.Б. Годовикова баланың танымдық әрекеті туралы оның бағытталған-зерттеу қызметінің жаңа жағдайдағы салдары ретінде айтады.

Зерттеу зерттеу әрекеті сынды кез-келген тіршілік иесінің мінез-құлығының, бейімделу жағдайының, даму мен тіпті денсаулық жағдайының бөлінбейтін бөлшегі болып саналады.

Зерттеу инициативасының мотивациясының негізі ретінде білуге құмарлықты алады. Ол жаңа әсерлерде қажеттілік түсінігімен шектеседі, оны Божович Л.И. баланың негізгі қажеттілігі деп қарастырады.

Ғылыми әдебиеттерді зерттеу келе, құзыреттілік түсінігінің әр түрлі мазмұны бар екендігіне көзіміз жетеді. И. С. Сергеев пен В. И. Блинов өздерінің жұмыстарында әдістің құзыреттілігіне арнаған болатын, онда олар құзыреттілікті білімнің ерекше нәтижесі ретінде қарастырды, ол белгісіздік жағдайындағы қызметтің тиімділігіне арналған ішкі және сыртқы ресурстардың мобильділігіне көрсетеді. Құзыреттілік олармен білімділіктің жәнәнемесе тәжірибеліктің деңгейі ретінде түсіндіріледі, ол

әлеуметтік немесе кәсіби қандай да бір қызметті табысты орындау үшін жеткілікті.

Э.Ф. Зеер, Н. Н. Абакумова және И. Ю. Малкова құзыреттілікті білімдердің, қабілеттердің интегративті толықтығы ретінде анықтайды, олар кем дегенде адамның тәжірибеде өзінің құзыреттілігін жүзеге асыра алу қабілеті ретінде қарастырады. Құзыреттілікке оқытудың нәтижелерімен бірге, құндылықтық бағыттардың және т.б. нәтижелері енгізілген.

Құзыреттілік түсінігінің мазмұнын талдай отырып, Д.А.Иванов ағылшындық competence және competent терминдерінің аударылуын міндетті түрде ескеру керектігін айтады. Бірінші термин қабілет дегенді білдіреді, екінші термин құзыреттілік деп аударылады және толыққұқықты, бекітілген, заңды деген мәнге ие.

А. В. Винеvская былай дейді: Құзыреттілік - бұл жүйелік түсінік, ол құзыреттіліктің көлемін, міндеттемелердің шеңберін анықтайды. Тар мағынасында бұл субъект танымға ие болатын сұрақтардың шеңбері ретінде қарастырылады... [6].

Осылайша, қазіргі кезде педагогиканың даму сатысында құзыреттілік түсінігінің жалпы түсініктері жоқ.

Құзыреттіліктің маңызды белгілеріне мынадай белгілердің жиынтығымен анықталатын белгілер жатқызылады:

- білім мен қабілеттердің деңгейі;
- білім мен қабілеттердің болуы мен тереңділігі;
- арнайы тапсырмаларды орындау деңгейі;
- жұмысты ұйымдастыра алу және жоспарлай алу қабілеті;
- бейімделу жағдайларында білімдерді қолдана алу қабілеті.

Берілген анықтамаларды талдай келе, бұл түсініктердің кейбір өзара байланысы анықталады: мүмкін-танымал; берілген - меңгерілген. Яғни міндеттемелер мен бұйрықтардың шеңберінен тұрады, олар шешілуі қажет, ал құзыреттілік - бұл ұсынылған бұйрықтар мен шешілген міндеттемелерді меңгерудің нәтижесі.

Оқыту процесімен байланысқан зерттеу қызметін зерттей келе, танымдылық оқу туралы айтуға болады, ол оқытуға өзіндік әдіс болып табылады, ол баланың өзінше қоршаған ортаны зерттеу қабілетіне негізделеді. Мұндай оқытудың мақсаты - балада қызметтің жаңа қабілеттерін мәдениеттің кез-келген саласында шығармашылық меңгере алу қабілеті.

Кез-келген оқытушы үшін баланың зерттеу еңбегінің нәтижесі екіге бөлінеді: олардың біреуі нәтиженің өзі, яғни қорытындылар, болжамдар, үлгілер және оған қатысты барлығы және басқа бөлігі - ол педагогикалық нәтиже, ол педагог үшін өзекті - мұндай жұмыстың тәжірибесі жаңа білімдер, қабілеттер, бұлар оқушының зерттеу құзыреттілігінің негізі болып табылады.

А.В.Хуторскийдің білім құзыреттілігінің анықтамасына сүйене отырып, зерттеу құзыреттілігінің анықтамасын ұсынып көруге болады. Зерттеу

құзыреттілігі - бұл белгілі бір саладағы білімдердің жиынтығы, зерттеу қабілеттерінің болуы, осы білімдер мен қабілеттердің нақты бір қызметте қолдана алу қабелеті [2, б. 49].

Оқушылардың зерттеу құзыреттілігінің қалыптасуы негізгі төрт компоненттен тұрады: мотивациялық-жеке, интеллектуалдық-шығармашылық, когнитивті және қолданыстық-жедел.

Мотивациялық-жеке компонент оқушылардың қоршаған ортаға, өз-өзіне, жеке қабілеттеріне қарым-қатынастарының жүйесі болып көрсетіледі. Осы компонентпен зерттеу қызметіне, танымдық белсенділігіне қажеттілік, қиындықтарды жеңуге қабілеті, оқудағы, шешім қабылдаудағы даралық компоненті сипатталады. Дәл осы мотивациялық-жеке компонент дамушы құндылықтық-еңбектік, әлеуметтік-еңбек және өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігінің болуын білдіреді.

Интеллектуалдық-шығармашылық компонент танымдық процестер мен оқу қабілеттерінің дамуына жауап ретінде көрінеді. Ең бастысы, интеллект бұл жерде баланың білімі немесе қабілеттерінің жаңа деңгейі ретінде емес, ал оның шығармашылыққа қабілеті ретінде қарастырылады. Әр түрлі шығармашылық қабілеттер оқушының шынайылықты жетілдіру мен проблемаларды шешуге дайындығын білдіреді. Ақыр соңында берілген компоненттің оқу-танымдық құзыреттіліктің аспектілерін қалыптастыратыны анық.

Когнитивті компонент ғылымның әр түрлі салаларына қатысты білімдердің жүйелерінен тұрады, оларды меңгеру әлемнің ғылыми саласына қатысты білдіреді, сондай-ақ танымдық қызметке диалектілік әдістердің меңгертілуін білдіреді.

Қолданыстық-жедел компонент зерттеуді жүргізуге қажетті қасиеттермен сипатталады.

Қазіргі кезде танымдылық шағын кәсіби ғылыми қызметкерлер тобына ғана тән, аясы тар мамандандырылған қызмет ретінде емес, ол кез келген саладағы қазіргі адамдардың өмір сүру тәртібіне айналған кәсіби өмірге белсене араласатын, тұлғаға тән құбылыс.

Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті танымдылық деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Интеллектуалдық, шығармашылық қабілеті жоғары оқушыға өз бетімен білім алуына жағдай жасалуы тиіс, яғни оқушының өз іс- әрекетін өзі ұйымдастырып, басқаруына мүмкіндік туғызылуы қажет.

Зерттеуші оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі - баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс.

Танымдылық әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруы мен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және

шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Ғылыми зерттеудің теориялық және практикалық тұрғыдағы ерекшеліктеріне тоқтала кетелік. Танымдылықке оқыту - баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі. Танымдылықке оқытудың негізгі мақсаты - оқушының адамзаттық мәдениеттің қай саласында болмасын өз бетімен шығармашылық жаңа іс әрекеті тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол - белгісізді іздеу процесі. Бұл - адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау мен зерттеу - басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан түрліше. Зерттеудің жобалаудың зерттеуден айырмашылығы - жобалау тәжірибеге бағдарланған. Жобаны жүзеге асырушы адам жаңаны ғана емес, өзінің алдында тұрған нақты проблеманы шешеді. Жобаны әзірлеу - әдетте шығармашылық іс, бірақ, шығармашылық ақиқатты іздеу міндеттерінен тыс түрлі сыртқы жағдайларға байланысты болады. Теориялық жобаны дайын алгоритмдер мен сызбалардың көмегімен орындауға болатынын естен шығармаған жөн. Жобалаудың проблеманы шешу жолына қарай шегі болғанмен, зерттеу сияқты тереңдей береді. Зерттеу мен жобалау мүмкіндіктерін бағалай келе, баламен жұмыс барысында жобалау әдістері мен танымдылықке оқыту әдістерінің пайдасын түсіне білу керек. Жобалаумен қатар, танымдылық жұмыстарды орындауға болады. Әдістемелік тұрғыда жобалау әдісі бойынша жүргізілетін зерттеудің шынайы болжам жасаудың, олардың нәтижелерін жоспарға сәйкес тексерудің нақты жоспарын құруды көздейтінін ескеру қажет. Ал танымдылық еркін, белгілі бір сыртқы жағдайлармен шектеусіз жүргізілуі тиіс. Нәтижесі туралы сөз болғанда ескеретін жағдай, зерттеу жұмысының барлық кезеңдеріндегі негізгі күтілетін нәтиже - баланың жаңадан алған білімін шығармашылықпен игеру қабілетін; алынған материалды өңдеу және танымдылық әдебінің дағдыларын дамыту. Оның кішкентай ғана зерттеу нәтижесін басқалармен шатастыруға болмайды. Мұғалім үшін негізгі нәтиже - баланың қолдан жасаған макеті немесе суреті емес, оның өз бетінше алған ең құнды шығармашылық зерттеу жұмысы, жаңа білімі мен білігі, жай орындаушы ғана емес, анық шығармашыл психикалық жаңа көз қарасы. Оқушының зерттеу әрекетінің жетекшісі төмендегі ережені сақтауы тиіс:

1. оқушыларды өз бетінше әрекет етуге үйрету;
 2. нақты нұсқаулардан гөрі баланың ұсынысына көңіл аудару;
 3. талқылау кезінде баға беруге асықпау;
 4. білім алу барысында балаларға көмектесу:
 - өз бетінше проблеманы шығару;
 - проблеманы өз бетінше шешу дағдыларын қалыптастыру;
 - пәндер мен құбылыстар арасындағы байланысты бақылау;
 - ақпаратты талдау, талқылау, жүйелеу, топтау және жинақтау;
 - өзіндік пікірін ешбір қорқынышсыз ұсыну.
 5. оқушыларды өз идеяларын ұсына білуге және қате пікірінен бас тартуға, шыдамдылық танытуға үйрету;
- Оқушының зерттеу әрекеті процесін мынадай бірізділікте көруге болады:
1. Зерттеу проблемасы мен бағытын анықтау;
 2. Зерттеу тақырыбын таңдау (зерттеу міндеттерін анықтау);
 3. Зерттеу әдістерін таңдау;
 4. Зерттеуді жүргізу (ақпараттарды өңдеу, бақылау, эксперимент т.б.);
 5. Алынған материалдарды талдау және тарату (алынған материалдарды белгілі ережелер мен тәсілдерді қолдана отырып, құру);
 6. Қорытындылау. Есеп беруге дайындалу (негізгі түсініктерге анықтама беру, зерттеу нәтижелері бойынша хабарлама жасау т.б.);
 7. Презентацияны жариялау (қорғау және сұрақтарға жауап беру);
 8. Аяқталған жұмыс қорытындысын талқылау. Рефлексия [4, б. 105].
- Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (зерттеуге оқыту)- оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Сондықтан мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми проблема болып табылады. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.
- Тақырыпты таңдағанда мені не қызықтырады?-деген сұраққа жауап беру керек.
- Тек мұғалім оқушыға жоба жаза алатынын және жақсы идеялардың барлығы да жазу кезінде болатынын түсіндіріп, оқушының жазуға деген қызығушылығын арттырса сонда бала зерттеу жұмысын жазуға талпынады.
- Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына өсіп келе жатқан жеке тұлғаны субъект ретінде жан-жақты дамыту мәселесін қойып отыр. Қазіргі оқушы:
- Шыдамды, тапқыр;
Дарынды, белсенді;
Ізденімпаз, талапты;
өз алдына мақсат қоя білетін болуы керек.
- Осындай жеке тұлғаны субъект ретінде дамытып, қалыптастыру керек. Ғалым А.В.Брушлинскийдің ұйғарымы бойынша, Субъект-аса жоғары

белсенділік, біртұтастық, автономдық деңгейіне жеткен адам. Адам субъект болып дүниеге келмейді, субъект болып дамып жетіледі. Оның субъект ретінде дамуының алғы шарты іс-әрекет, қарым-қатынас, тіршілік барысы болып табылады.

Субъект психологиясының алғашқы ілімдері С.Л.Рубинштейн, Д.Н.Узнадзе, Б.Г.Ананьев еңбектерінен бастау алады.

Б.Г.Ананьев субъект ұғымын адамның тұлғалық, индивидтік, даралық негіздері, субъектілік қасиеттер жиынтығынан тұрады деп түсіндіреді.

Б.Г.Ананьев пайымдауынша, субъект - тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі құру ерекшеліктері, іс-әрекетті жүзеге асыру үшін ішкі және сыртқы ахуалдарды үйлестіру тәсілі, іс-әрекеттің объективті және субъективтілік мақсаттары мен міндеттеріне орай барлық психикалық процестерді, қасиеттерді, кейіпті байланыстыру орталығы.

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагог қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Білім берудегі АКТ ұғымы оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары, компьютерлік оқыту технологиялары және т.б, тіркестермен тығыз байланысты.

Осы сұраққа жауап беріп өтейін. Ақпараттық мәдениет дегеніміз тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу емес, кез-келген ақпарат көзін - анықтамалықтарды, сөздіктерді, энциклопедияларды, көліктердің жүру кестелерін, теледидар бағдарламаларын т.с.с дұрыс пайдалана білу деген сөз. Ақпараттық мәдениет - бұл әңгімелесе білу, теледидар, хабар (Интернетті) талғамды түрде қарау немесе қарамау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және де өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігінді шектей білу.

Бұл маңызды мәселені шешу мұғалімге, оның оқытудың мақсаттары мен шарттарына сай жаңа технологиялар мен әдістемелерді қолдана білуге тікелей байланысты. Яғни, бүгінгі таңда математика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың ақпараттық - коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады.

Компьютерлік формадағы бақылау сабақтары - оқушылардың білімдерін тест түрінде тексерудің бір түрі. Мұндай сабақтар арқылы оқушылар өз бағаларын бірден біледі (компьютер көрсетеді).

Ақпараттық коммуникативтік технология сабаққа дайындалуда қосымша ақпаратты іздеуді кеңейтеді. Интернеттің іздеу жүйесі арқылы математикалық қызықты оқиғалар, сандардың пайда болуы, өмірбаяндық материалдар, фотоқұжаттар, көрнекіліктер табылады. Әрине көп жұмыстар тексеруді, түзетуді талап етеді. Мен мұндай жұмыстарды толығымен пайдалануды қолдамаймын, бірақ кейбір мәліметтер сабаққа дайындалу барысында әдістемелік жағынан көмек береді.

Сонымен , оқу жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану - келесі

нәтижені береді:

Электронды оқулықтармен жұмыс істеуге үйрету.

Интернет желісінен алған ақпаратты тиімді қолдануға үйрету,

Ақпараттық технологиялар арқылы, білім сапасын көтеру,

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру,

Ақпараттық мәдениетті дамыту,

Әрбір мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігін ашу,

Сабақта уақытты үнемдеу,

Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Интернет желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ. Қазіргі заманғы дамытудың талаптарына лайық ақпараттық-компьютерлік технологияларсыз жоғарыда айтылғандарды шешу мүмкін емес.

Сабақтарда ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданып, келесі нәтижелерге қол жеткіздім

-Ақпараттық технологиялар арқылы, білім сапасы көтерілді;

-Оқушылардың пәнге қызығушылығы артты.

-Ақпараттық мәдениет дамыды;

-Сабақта уақыт үнемді пайдаланылды

-Оқушылардың коммуникативтік қабілеттері дамыды.

Жоғарыда айтылған ой пікірлерді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде, мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру, жүйелі түрде іске асады деуге болады. ақпараттық коммуникациялық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалануы кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың негізгі күші - адам.

Еліміздегі тәуелсіздіктің әсері қоғам дамуының барлық салаларын қамтып,

әлемдегі жаңа мазмұнды озық тәжірибелерге негізделген оқу-тәрбие жүйесінің

қалыптасуына ықпал етті. Әрбір өсіп келе жатқан ұрпаққа тәлім-тәрбие беру,

олардың рухани жаңарып жандануына тірек те, тетік те болатын мектеп екендігі бәрімізге белгілі.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде.

Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап өскені, кезінде өндірісті автоматтандыру, компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты өркендетіп отырған өтпелі кезеңде мектеп оқушыларына ғылым негіздерін меңгеруде білімді әлемдік стандартқа жақындатып, оқушылардың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік проблема болып отыр. Бұл проблемаларды ойдағыдай шешу мектептің материалдық базасына, оқу- әдістемелік құралдардың

ғылыми-әдістемелік негізде жасалуына, мұғалімдердің ұстаздық еңбекті жаңа технологиялық тұрғыда ұйымдастыруына, сонымен бірге мектеп басшыларының инновациялық білгірлігіне, сөйтіп, оқу-тәрбие жүйесін

бүгінгі күн талабына сай шебер ұйымдастыра білуіне байланысты болмақ. Қазақстан тағдыры, келешегі мол ел болуы мектептің қандай негізге құрылуына тірелді. Мектебімізді сау, берік һәм өз жанымызға қыбысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тыйынбай серттесуіне болады. Ал сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт - деп Ұлы педагог М. Жұбанов айтқан. Мектеп – мемлекеттің, қоғамның және жеке адамның білім беру

саласына сұраныстарын қанағаттандыратын қоғамдық-мемлекеттік жүйе. Өсіп

келе жатқан ұрпақтың тәрбиесінің дене және жан сұлулығының, интеллектуалды

потенциалының қалын ойлау – тәуелсіз Қазақстанның алдында тұрған ең маңызды

мәселесінің бірі.

Білім туралы Заңымызда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың интеллектуалдық дамуы, психологиялық- физикалық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейіндегі білімге қол жеткізді;... білім берудің зайырлы сипаты,... білім ізгілікті және дамытушы сипаты.

XIX ғасыр табалдырығында тұрған адамзат дамуының жаңа кезеңі – білім беру прогрестің ең маңызды факторының бірі болып саналатын кезеңге келіп жетті.

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту Тұжырымдамасында қазіргі мектептер:

1. практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы;
2. қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру;
3. еліміздің материалдық-қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту;
4. орта білім беру жүйесін әрі қарай дамыту т.с.с. міндеттерді көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым- қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулер қажет. Ғылыми-инновациялық технологияларды іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көтеретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбінде жаңашыл, инновациялық деп атайды.

Мектеп практикасымен танысу барысында мұғалімдердің инновациялық технологияларды ұмтылғаны көзімізге түсті. Бірақта олар инновациялық әдіс- тәсілдердің жалпы әдістерден айырмашылығы, оларды қолданудың тиімді жолдары қандай деген мәселелерді анық айқын біле алмайды.

Сондықтан, бұл мәселені

шешу қажеттілігін көре отырып, біз ең алдымен инновациялық инновация қалай дүниеге келіп, қалай дамыды? Оның қолдану ерекшеліктері қандай? Деген сұрақтарға жауап іздегенді жөн көрдік. Жұмысымыздың жүру барысында тарихи негізге сала отырып, біз ғылыми-инновациялық әдебиеттерді зерттедік. Инновация ұғымы педагогиканың сөздік қорына ежелден енген екен. Ол кейбір ғалымдардың еңбектеріне жаңа жаңалық еегізу деп көрсетіледі екен. Кейбіреулер оны өзгеріс деген терминмен анықтайды. Біздің ойымызша бұл түсініктер кең мағынадағы терминдермен білім беру жүйесіндегі кез-келген өзгерісті сипаттайды. Инновация термині қазір де білім берудің теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияның білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу деп айтсақ, Введение принципиальной в образовательную систему ұғымының мағынасын тарылтқан болар едік. Инновация ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениет танушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін, екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған. Инновация (латын сөзі in - в, novis – жаңа) жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді екен. С.И. Ожонов сөздігі бойынша; инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрынна таныс емес енгізілген жаңалық. Инновация ұғымын әр елде әр түрлі түсінген, кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған, ал Арабия, Жапония тәріздес инновация ұғымын сөздіктерде кезіктіру мүкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми- инновациялық техникалық саяси әдебиеттерді, баспа беттерін зертей келе Ресейде, шет елдерде, социалистік елдерде, Қазақстан мемлекетінде инновация ұғымына берілген анықтамаларды жинадық. Ғылыми қайнар көзі - Ресейде инновация ұғымына өте күдікпен қараған: XIX-XXғ. басындағы бірден-бір білім реформаларында бұл термин кезікпейді.

Модуль – белгілі бір жүйенің өзіндік бөлшегі (С. И. Ожегов). Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыруға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Бұл технология тұлғаның даму ерекшеліктері туралы психологиялық ғылым мәліметтеріне, тұлғаның қызығушылық аясын дамытуға, тұлғаның танымдық құрылымын дамыту ерекшеліктеріне негізделген.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған

жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан жалпы орта білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті-оқушының танымдылық ойына бағыт беру, танымдылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.

- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан ерекшеліктері:

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығышылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/ .

- Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.

- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Инновациялық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы инновациялық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны танымдылыққа жетелейді.

Танымдылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы, ізденуі. Танымдылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс- тәсілдерін қолданамын:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/

- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар.

- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/

- Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/

- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы

- Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/

- Өлең шумақтарын құрастыру / 5 жолды өлең/

М.Монаховтың сөзінен, технология- оқу үрдісін жобалаудың жүйелік әдісі... Инновациялық технологияны дұрыс жобалау үшін мынандай 5 элемент керек:

1. Мақсат қою.

2. Болжау. Оқушылар еңбегін болжау дегеніміз: деңгейлік оқытуға бағытталып құрылған өздік жұмысы.

3. Оқушылардың сабақтан тыс өз бетімен орындайтын жұмыстары.

4. Логикалық құрылым. Мақсаттың мазмұны мен саны оқушылардың даму аймағын және уақыт бойынша әр аймақтың ұзақтығын анықтайды.

5. Түзету. Қарастырып отырған сұрақтағы мүмкін болатын қиындықтар: оқушылардың көп жіберетін қателері, оқушының оқу стандартты деңгейіне көтерудің педагогикаға тән шаралар жүйесі.

Сонымен қатар оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, танымдылық қабілетін дамыту. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі дамыта оқыту жүйесін іске асырады. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын белсенділігін, дағдысын, білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі бөлігінің бірі- әр мұғалім сабақ жоспарын құрастырған кезде нақты мақсаттар қойып, соған жету жолдарын ізденушілік, жауапкершілік көз қараспен қарауы. Жан-жақты дайындалуы, өз білімін өзі шыңдау, шығармашыл қабілеттерін үнемі арттырып отыру қажет.

Бастауыш сыныпта оқушының танымдық белсенділігін қалай дамытуға болады? Сабақтың тиімділігін қалай арттыруға болады? Жаңа технологиялардың осы мақсаттарға жетудегі пайдасы қаншалықты? деген сұрақтарға өз жұмысымда жауап беруге тырыстым. Бұрын Бастауыш мектеп мұғалімінің басты міндеті баланы оқуға, сануға үйрету болса, қазір Бастауыш мектеп – оқушының тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану – мұғалімнен үлкен шеберлікті, ідненушілікті, танымдылықты талап етеді.

Қазіргі таңда оқытудың бірнеше ондаған инновациялық технологиялары бар екенін ғалымдарымыз айтып жүр. Осылардың кейбіреуі біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, танымдылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-

жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда танымдылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, танымдылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық, нақты және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді.

Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан – жақты жетілген, ақыл – парасатты, ой – өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің танымдылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді. Білім негізі мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі. Мектеп оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан – жақты іздене отыру керек.

Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – оқушыларға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге танымдылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен танымдылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, танымдылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған инновациялық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы – бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін – ұстаз шеберлігі. Әсіресе, терең де тиянақты білім беруді ұлағатты тәрбиемен ұштастыруда бастауыш мектеп пәндерінің өзіндік орны ерекше.

Зерттеушілердің еңбектеріне, әдебиеттерге, ғылыми зерттеу

жұмыстарына жасалған талдаулар нәтижесінде оқушылардың белсенді оқу-танымдық әрекеті ғылыми білімдерді игеруге, біліктерін ұштап, шығармашылығын дамытуға, жеке тұлғаны сан қырлы сапалық көрсеткіштерге жетелейді деп тұжырымдауға болады.

А.Е.Әбілқасымова, Р.С.Омарова, С.С.Смайлов, Т.С.Сабыров, Ж.Р.Баширова, М.Ә.Құдайқұлов, С.А.Ұзақбаева т.б. ғалымдар танымдық іс-әрекеттегі танымдылық белсенділіктің дамуы мектеп оқушыларының білімді өз күшімен жинауға әрекет етуімен және ізденімпаздық қабілетімен тікелей байланысты деп қарастырады. Р.С.Омарова өз еңбектерінде танымдық белсенділік пен ізденімпаздықты жеке тұлғаның бір-бірімен тығыз байланысты қасиеттері деп есептейді.

Ежелгі Рим философтарының түсіндірулері бойынша білімді игеруде оқушылардың белсенді танымдық және танымдылық ізденімпаздығы айтарлықтай рөл атқарады.

Адамның белсенділігі, ізденімпаздығы туралы мәселелерді зерттеген В.И.Лозовая, Т.И.Шамова, Н.В.Бочкина сынды кеңестік ғалымдар:

В.И.Лозовая жеке адамның белсенділігін талдай және жүйелей келе, жеке тұлғаның мәні мен осы тұлғаның іс-әрекет ұғымына қатынасын ашуда әртүрлі көзқарастардың пайда болғанын айтады. Ғалымның пайымдауынша, түрлі көзқарастардағы белсенділік: әлеуметтік нысанның іс-әрекеті–айрықша белсенділік; іс-әрекет ұғымымен теңестіріледі; іс-әрекеттің сапалық сипаттамасы; жеке адамның сипаты, қасиеті.

Т.И.Шамова белсенділікті, танымдық ізденіс іс-әрекетін біреудің жәрдемінсіз игеруге, қоршаған өмір шындығын өзгерту және жетілдіру мақсатында танымдық мәселелерді шешуге ұмтылысымен және бейімділігімен сипатталатын қасиет деп қарастырады. Расында да, егер танымдық ізденімпаздық білім мен әрекет тәсілдерін игеруге ұмтылушылықпен және бейімділікпен сипатталатын жеке адамның қасиеті болса, онда осыдан келіп белсенділікті–оқушының іс-әрекетінің сапасы деп қарайтынын, бұл сапада оқушының дара тұлғасы, оның іс-әрекет мазмұнына, сипатына көзқарасы және өзінің ерік-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға қол жеткізуге жұмылдыруға ұмтылушылығы көрініс табатынын атап өтеді. Танымдық белсенділіктің мәнін өзінің қалай түсінетініне сүйене отырып, оның үш деңгейін бөліп көрсетеді. Олар: белсенділіктің жаңғырту, түсіндіру және танымдылық деңгейлері.

Бочкина Н.В. ізденімпаздық іс-әрекетке өздігінен икемделудің сапалық көрінісімен; іс-әрекетте оқушыға тән арнаулы нысандары мен тәсілдерін синтездеумен; өмір шындығының белгілі бір жақтарына оқушының өзгермейтін, тиянақталған қатынасымен сипатталатын жүйелі білім алу жолы есебінде қарастырылады.

Зерттеушілердің жұмыстарына жасалған шолу, жеке адамның белсенділігі мен ізденімпаздығы мәселелері жөнінде бірқатар ауқымды зерттеулер орындалғанын көрсетеді. Зерттеулерде белсенділік пен ізденімпаздық ұғымдарының ара жігін ажыратушылық байқалады. Белсенділік адамның іс-әрекетпен қатынасынан, яғни өз бетінше іс-әрекет

жасауға ұмтылудан, дайын болудан, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдаудан көрініс табатын жеке тұлғаның ерекше сипаты ретінде айқындалады.

Салыстыра айтсақ, жеке адамның белсенділігі–серпінді ізденімпаздық, ал ізденімпаздық–тұрақты белсенділік екені шығады.

Әрине, оқу-танымдық белсенділік мазмұны бір аяда ғана ашыла қоймайтын күрделі ұғым болып табылады. Тегінде, жеке тұлғаның бұл біріккен қасиетінің сипатын талдау жасау кезінде жүйелі түсіндіруді талап ететін көп қырлы болса керек.

Оқушының білімге, нәтижеге жетуге деген өте белсенді, дербес танымдық іс-әрекетін – танымдылық іс-әрекет деуімізге болады.

Оқыту үдерісінде баланың танымдылық іс-әрекетін, қабілеттерін дамыту мәселесіне назар аударған Қазақстандық төл ғалымдарымыз М.Ә.Құдайқұлов, Е.Ө.Жұматаева, Г.К.Нұрғалиева, Д.Рахымбек, М.Мұсабеков, Г.Т.Жақыпбекова, Б.А.Тұрғынбаева, Ү.Б.Жексенбаева, А.Б.Мырзабаев, Л.Г.Дирксен, К.К.Жұмадирова, Г.Е.Нұрмұханова, Г.Жетпісбаева және т.б.

Жалпы танымдылық деп – күнделікті емес, кез-келген жағдайларда шешімін таба білу, жаңаны ашуға ұмтылу деуге болады. Болмаса, танымдылық деп – интеллектуалдық іс-әрекеттер арқылы объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі. Олай болса, танымдылық тапсырмалар – оқушының өз бетінше жасайтын, белсенділігінің дамуына ықпал ететін жұмыстар.

Танымдылық үдерістің мәні әркім үшін бірдей. Айырмашылығы танымдылықтың нақты материалында, жетістіктерінің өлшемінде және оның қоғамдық мәнділігінде. Танымдылық үдерісті үйрену үшін данышпандарды зерттеудің қажеті жоқ. Тек көрегендік танытып, өткір көзбен емес, ең бастысы ми арқылы «көре» білу керек.

Танымдылық та басқа іс-әрекеттер сияқты ой-түрткіні қажет етеді, бірақ барлық ой-түрткі танымдылық туғызбайды. Олардың ішінде ең негізгісі өзін-өзі жетілдіру ой-түрткісі. Ол барлық танымдылықтың көркем, музыкалық, техникалық және т.б. түрлерінде себепші болады.

Демек, оқушыларды білім беру үдерісінде танымдылық жұмысқа баулудың маңызы өте зор. Ол үшін оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне және өздігінен белгілі бір нәтижеге жетуге талаптануына, білімін жетілдіріп отырудың маңыздылығына ерекше көңіл бөлуіміз керек.

«Балаларды мектепте сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құмарландыратын сабақ ана тілінде қарапайым, қызықты ұғындырылып пайдаланылса, оқыту нәтижелі болады», – дейді Ы.Алтынсарин. Оның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі осы ойдан туындаған екен. Яғни, баланың ізденіп білім алуы, талаптануы оның қызығушылығын оятып, тәрбиелеген жағдайда ғана жеміс бере алады деген пікірді айтады.

«Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлық, яки алдау мен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздейтіндей болғанша ...»,– дейді Абай.

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалім балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзетіп отыру керек», – дейді А.Байтұрсынов. Олай болса, бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті алдын ала зерттеп білу, оны тану аса қажет.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін өтеу талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу үшін танымдылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр. Танымдылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері, сол танымдылықтың жемісі.

«Білімдер – танымдылықтың іргетасы, өйткені, оқушыларға жалпы кәсіби білімдерінің ең аз жиынымен қаруландырып, жоғары дәрежеде меңгертпей, оларды танымдылыққа үйрету мүмкін емес», – дейді И.П.Волков.

Білім берудің классикалық жүйесінде оқу бағдарламалары оқушы әрекетінің репродуктивті әдістеріне негізделген. Осының салдарынан, жақсы үлгеретін оқушылардың өздері танымдылық бағыттағы жұмыстармен кездескенде, мәселенің шешімін таппай қалады. Сол себепті, оқушыларды өнімді танымдылық әдістеріне үйрету керек.

Танымдылыққа кедергі болатындар: – «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан ешнәрсе келмейді», деген қорқыныш сезімі; – өз-өзіне риза болмаушылық сезімі (істегені өзіне жақпайды) кейде өзін-өзі жек көріп те кетеді; – жалқаулық.

Осындай жағдайларда баланы одан құтқару жолдарын іздеуіміз қажет. Яғни, оқушының танымдылықпен айналысуына мектепте сабақ үстінде қолайлы жағдайлар туғызуымыз қажет. Танымдылық бағытта баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру керек. Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеру керек деп ойлаймыз:

- танымдылық тапсырманың қызықты мазмұндық түрін ойлап табу;
- танымдылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;
- көркемдік шешім табу, нобай құру, образ жасау үшін негіз боларлық проблемалық жағдайларды тудыра білу;
- оқушының танымдық және танымдылық іс-әрекетін дамыту.
- танымдылық үдерістерді фактілермен мәліметтерге инновациялық әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық практикалық тұжырымдар жасау. Осыған орай тұлғаның ақыл-ойын, ой мәдениетін, іс-әрекетін біртұтас дамыту мақсатында факультативтік курстар, үйірмелер, экскурсиялар, саяхаттар ұйымдастыру мен оны жүргізу, ұйымдастыру жолдары ғылыми негізде жүзеге асуы тиіс;

Баланың оқу әрекеті өте күрделі жан-жақты үдеріс. Ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Сондай-ақ оқу әрекетінің белгілі құрылымы мыналар:

– оқу міндеттері; – оқу әрекеті; – бақылау (тексеріп отыру), бағалау.

Зерттеушілердің еңбектеріне жүргізілген талдаулар нәтижесі дәстүрлі оқыту үдерісінде көрнекі құралдармен түсіндіруге көп мән берілгендігі байқалады. Бүгінде компьютерлік технологияның қарқынды дамуы, теория мен практиканың, мектеп пен өмір байланысы сияқты факторлардың әсерінен педагог-ғалымдардың танымдық іс-әрекет және оның нәтижесі – танымдылыққа деген бағдары күшейе түсті. Өйткені: озат тәжірибе, білім, тұрмыстық ептілік пен дағдылар, сондай-ақ ғылыми және көркем туындылар, рухани-әлеуметтік қатынастар да адамның танымдық және танымдылық қызметінің нәтижесінде пайда болады. Осы жетістіктерді өз «игілігіне» айналдырып, «меншіктеп» алу үшін жаңа әулет қайтадан бұл «затты» ақыл-саналық сипатқа келтіруі тиіс, яғни қай формада болмасын оны жасауға бағышталған іс-әрекетті (еңбектік, танымдық, көркемдік-эстетикалық) танымдылықпен көркейте, байыта отырып, қайта жаңғыртып, бұрынғыдан дамыған түрде өзінен кейінгі ұрпаққа танымдылықпен жеткізуге борышты. Міне, танымдылық белсенділіктің дамуын осылайша бейнелеп айтуымызға болады.

Демек, бастауыш мектеп оқушылары тек өз қызметінің күшімен, танымдылық ұмтылысымен, белсенді іс-әрекетімен ғана қоғамдық тәжірибені және оның құрылымдық бірліктерін игеруі мүмкін болады.

Ю.К.Бабанский, В.А.Сластенин, Л.И.Божович, П.М.Якобсон, М.Н.Скаткин, С.Т.Шацкий сынды ғалымдар оқушылардың танымдылық іс-әрекеті элементтерін зерттеген.

Танымдылық іс-әрекет қызығушылықтан туындап, соның негізінде белсенді іс-әрекетке деген қажеттілікті сезінуден пайда болады деп түсіндіреді С.Т.Шацкий. Сонымен бірге, ол баланың ойлау қабілетін белсендіретін және оған қажетті бағдар беретін, қажетсінуі мен қызығушылығын оятатын мотивтерге тоқталады. Оның пайымдауынша, баланың дербес іс-әрекет етуі оның белсенділігімен ғана емес, оның жас ерекшелігіне сай іс-әрекет түрлерін меңгеріп, қажетті білім, білік қорларын игеруі және алған әсерлеріне байланысты.

Бастауыш мектеп оқушыларының білім алуында ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге қадам басқанда әр түрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асады. Оқыту үдерісіндегі ең негізгі қайшылықтармен оқушының мүмкіндіктерінің (білімі, дағдысы, дамуының қазіргі деңгейі) арасындағы қайшылық. Бұған тағы да оқушының білімділігінің арасындағы танымдылық ойлауы мен репродуктивті ойлау арасындағы т.б. қайшылықтар жатады. Осындай қайшылықтарды шешу оқушының саналы түрде көп күш-жігер жұмсауын керек етеді. Мұғалім бала дамуының негізгі мынадай белгілері: белсенділігін, шығармашылығын танып, логикалық ойлауын бағалап оқушылармен жеке дара жұмыстар жүргізуі қажет. Осылайша, таным әрекетінің негізінде оқушыларда танымдық және танымдылық белсенділік дамиды.

«Танымдылықтың сырттай көрінісі – білімді өз бетінше игеру және оны іс-әрекетте қолдана білу», – деп тұжырымдайды Б.И.Коротяев. Мұндай ойдың негізгі көрсеткіштері: 1) ойдың жеке-даралығы, әдеттегіден тыс жауапты таба білуі; 2) ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы және дамуы; 3) мәселенің ұғымдылығы, оның әдеттегіден тыс шешімі; 4) ойдың жүйріктігі – кейбір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялардың саны.

«Адамның шығармашылығын дамыту ең алдымен танымдылық ойлауға байланысты», – дейді А.Н.Лук.

Ал, Е.Н.Кабанова-Миллердің тұжырымдамасы танымдылықпен тікелей байланысты ой, ойлау операциялары туралы мәселелермен түсіндіріледі.

Ойлауды өркендету жолдары туралы айта келіп М.Жұмабаев: «Ойлау–жанның өте қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау өте ауыр. Сол себепті, тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап жұмыс істеу керек. Өркендету жолдары мыналар: – баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуында иждаһат қылу керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды. Сондықтан балаға бір затты ұқтырмақшы болсаң, жалаңаш айтуға қасиет жоқ. Бала пікірді суреттеудің өзінен шығарып алсын;

– бала заттарды, көріністерді ұқсас сындары бойынша топ-топқа бөліп үйренсін. Мысалы: дыбыстарды және т.б.

– көріністердің, ойлардың араларындағы байламды һәм олардың қатынасының себеп екенін тауып үйренсін.

Мұғалімнің танымдылық ізденісінің ең басты мақсаты оқушының ойлау қабілетін дамыту және өзінің бойындағы танымдылық ізденісін оқушылардың бойына сіңіре білу», – деп атап көрсетті.

«Танымдылықпен ойлау өз бетінше және белсенді ойлау болып табылады, бірақ кез-келген белсенді ойлау өз бетінше ойлау емес және кез-келген өз бетінше ойлау танымдылықпен ойлау емес», – дейді В.А.Крутецкий. Оның пікірінше, аталып өткен «танымдылық ойлау», «өз бетінше ойлау», «белсенді ойлау» ұғымдары жеке, өзіндік мағыналары бар ұғымдар қатарына жатады.

Ойлау қабілеті дамыған оқушылар, танымдылықпен жұмыс істеуі үшін, оның қызығушылығы мен қажетсінуі болуы керек. Қызығушылық пен қажетсіну оқушыларды танымдылыққа итермелейді.

Танымдылық іс-әрекетке қызығушылық пен қажетсінуді ғалымдар түрліше қарастырады. Мысалы, С.Л.Рубинштейннің де пікірінше, Қызығушылық – ойдың бағыттылығы, қажеттілік – тілек, құштарлық. Қажеттілік адамда белгілі бір затты меңгеруге деген ықыласты туындатса, қызығушылық – онымен тереңірек танысуға ұмтылдырады. Қажеттілік – өтелген соң жоғалып кетеді, ал қызығушылықтың қанағаттандырылуы оның ары қарай жетілуі мен тереңдеуіне түрткі болады.

С.Л.Рубинштейн, Б.М.Теплов т.б. психологтар қызығушылық пен қажетсінудің айырмашылығы бар, қызығушылықтың жоғары деңгейі

қажеттілік деп тұжырымдаса, С.Т.Шацкий қызығушылық пен қажеттілікті теңестіре қарастырады.

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасай отырып, қажеттілік – адамның белгілі бір нәрсені керек етуі, қажетсінуі, ал қызығушылық – барлық тірі адамдар өмірінің түрткісі деген пікірге келуге болады.

Танымдылық іс-әрекет тұрғысынан қарағанда, қажеттілік – адамның танымдық және танымдылық белсенді ойлау әрекетін оятатын негізгі күш болып табылады деп есептейміз.

Бастауыш мектеп оқушыларының белгілі бір іс-әрекетте, сабақта қажеттілік болмаған жағдайда, оқуға, ізденуге деген қызығушылығы да болмайтынын тәжірибеден, күнделікті өмірден көріп жүрміз.

Бізге қажеттіліктің мынадай түрлері белгілі: биогендік қажеттілік, іздену қажеттілігі, психофизиологиялық қажеттілік, әлеуметтік қажеттілік, жоғары қажеттілік.

Бастауыш мектеп оқушыларының, компьютерде өзіндік жұмыстарын орындауда өзінің танымдылық немесе ақпараттық жұмыстарын сақтау қажеттігі туындайды. Оқушы жеке жұмыс папкасын, файлдарын ашып, материалдарды жүйелі орналастыру, оны тиімді пайдалану, техникамен дұрыс жұмыс істеу қажеттігін қанағаттандыруы тиіс. Міне, осыны биогендік қажеттілікке жатқызамыз.

Іздену, іздеу қажеттілігі қауіпсіз және еркін түрде қоршаған ортаны танып білуге бағытталады. Қажеттіліктің бұл түрі дарынды оқушының дүниеге көзқарасын кеңейтіп, шығармашылығын жетілдіріп күшейтеді.

Жеке жұмыстарын істеу барысында эмоциялық жағдайда болу, нәтижесіне қанағаттану, ойында жеңімпаз болу, көрнекі бейне жасау сияқты қажеттіліктер – психофизиологиялық қажеттіліктер болып табылады.

Өмірге, қоғамдық сұранысы күшті, қажеттілігі жоғары жаңалықтар ашуға ұмтылыс жасау әрекеті – әлеуметтік қажеттілік болып саналады.

Оқушылардың танымдық әлемін кеңейтуге, танымдылық іс-әрекеттерін қанағаттандыруға бағытталған жұмыстар мұғалімнің басты бағдары болуы тиіс.

Қажеттілік барлық тірі табиғатқа тән, барлық тіршіліктің негізгі қозғаушысы. Оқушы қоршаған дүниенің жұмбақтарын сезінген сайын оны тануға құштар болып, білмегенін білуге әрекет жасайды. Оқу әрекетінің пайдалылығын, білімнің қажеттілігін түсінген балалардың жауапкершілігі артып, қызығушылығы тұрақтанып, танымдылық іс-әрекетпен белсенділігі дами бастайды. Кезінде ұлы ойшыл Плутарх былай депті: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады». Сондықтан, мектеп, оқу үдерісі, тәрбие, мұғалімдер ұжымы баланың бойындағы дарындылықты анықтап, оны дамыту мәселесіне көңіл бөлуі, қызығушылығын оятуы тиіс. Бұл ояныс оқушының мектепке келуіне жетелейді. Сабақта, белгілі бір пәндерге

қызығушылығы пайда болады. Жақсы меңгерілген білім қуаныш сезімін тудырып, бірте-бірте оқу мазмұнына, мектеп өміріне ынта-ықыласы артады. Мұның өзі тұрақты қызығушылықты тудырып, белсенділігін дамытады.

Сабақты оңтайлы жүргізудің негізгі шарты – сабақ үдерісінде танымдылық жағдай қалыптастыру керек. Яғни, мұғалім әр оқушының сабақта белсенді әрі қызығушылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек. Сонда ғана оқу материалы терең әрі саналы түрде меңгеріледі, білім сенімге айналады. Бүгінгі оқушы – ертеңгі студент, болашақ маман.

Зерттеулерге жүгінсек, қажетсіну мен қызығушылықтың арқасында адамның дамуы, алдына айқын мақсат қойып, оған жетуге әрекеттенуімен, оның белсенділік, ізденімпаздық сияқты қасиеттерінің дамуының маңызы жоғары. Осы қасиеттердің оқушылар бойында қалыптасуы, оқушы танымының үздіксіз дамуына бағытталған әрекеттері, оны іс-жүзінде қолдана білуі, оқу еңбегінде танымдылық белсенділігінің дамуына бірден-бір септігін тигізеді.

Оқушының негізгі іс-әрекеті – оқудың өзіне тән себеп-салдары арқылы жүзеге асады. Егер оның іс-әрекетінде себеп, қажеттілік сезінбесе, онда ол мағынасыз үрдіске айналады. Сонымен, қажеттілік пен қызығушылық оқушыны ынталандыруға, белсендіруге негіз болып, оның жас кезінен бастап, дұрыс тәрбие арқасында дамып жетіледі. Нәтижеде жеке тұлғаның шығармашылығының дамуына, қалыптасуына себеп болады.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық іс-әрекет құрылымы бойынша, зерттеліп отырған мәселедегі танымдылық белсенділік ұғымының мәні мен маңызы ашылып, кеңі түседі. Бұдан, көрсетіліп отырған ұғымдардың мазмұнына үңіліп, оны саралау арқылы танымдылық белсенділік ұғымының қазіргі кезеңге үйлестірілген нақты анықтамасын табуға болады.

Танымдылық белсенділік – ізденумен жоқ нәрсені ойлап тауып, оны кәдеге асыра алатын жеке тұлғаның ерекше қасиеті.

Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, М.Қаламқалиев, А.Н.Леонтьев, А.Е.Әбілқасимова, т.б. еңбектерінде, танымдық және танымдылық қызығушылық туралы зерттеулер баяндалған.

Жеке тұлғаны танымдылық іс-әрекетке дайындауда танымдық қызығушылықтың маңызы зор екені белгілі. Танымдық қызығушылық жеке тұлғаның танымдылық белсенділігінің дамуына бағытталған іс-әрекет белгісі ретінде көрініп, оқушының ынтасын, құлшынысы мен ақыл-ойының бағытын анықтайды, танымдылық іс-әрекетке ықпал етеді, қажеттілігі мен ізденімпаздығын тудыруға негіз болып, танымдылық белсенділігінің дамуына мүмкіндік береді.

Танымдылық белсенділік жеке тұлғаның қасиетіне айнала отырып, оның танымдылық сипатын және қоғамдағы бағытын айқындайды, жеке тұлғаның болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық іс-әрекеттері пәнге

қызығушылықтан пайда болады. Қызығушылықтан оқушылардың іс-әрекеті қарқындап, қажетсінуі мен белсенділігі жоғарылайды. Танымдық қызығушылықтың жоғарылауы, оқушының іс-әрекетін – ізденімпаздыққа алып барады.

Сондықтан, танымдық қызығушылықтың психологиялық құрылымы, эмоционалдық, интеллектуалдық және еріктік үрдістердің бірігуінен құралады. Олар:

- эмоционалдық компонент (іс-әрекетке қатынастағы жағымды эмоция);
- интеллектуалдық компонент (эмоциялардың танымдық жағының болуы, танып-білу қуанышы);
- еріктік компонент (белгілі бір іс-әрекеттен туындайтын мотивтердің болуы).

Оқыту үдерісінің құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар оқытуда танымдық қызығушылықты жетілдіру, оқушының оқуға қатынасына, пәнге деген саналы көзқарасын айқындауда, соның негізінде танымдылыққа жетелеудің мәні мен маңызы зор екендігін қуаттайды. Сол себепті, оқыту әдістемесінде танымдық, танымдылық және әлеуметтік бірлігі үнемі ескерілуі керек. Оқушының оқуға ынтасының бар болуы, оның жеке бас ерекшелігін ғана танытып қоймай, оқу нәтижесінің ол үшін маңызды екенінің де көрсеткіші болады.

Танымдық қызығушылықты – оқушының танымдылық іс-әрекетке жетуге деген белсенді танымдық әрекеті деп айта аламыз.

Г.И.Щукинаның пікірінше, танымдық қызығушылық:

- қоршаған орта құбылыстары мен түрлі заттарды тану бағыты;
- іс-әрекетке талпыну, негізгі ой, қажеттілік;
- психикалық үрдістер қарқынды, іс-әрекет нәтижелі, қызықты өту үшін адамның белсенділігін талпындырушы;
- қоршаған орта құбылыстары мен заттарына ерекше таңдамалы қатынасы.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын туғызудың шарттары мен амалдары бар. Солардың ішінен төмендегідей үрдістерді айтып өтуге болады. Олар:

- материалға сәйкес жаңалықтар, компьютерлік технологиямен байланысы, оның өмірлік маңызы т.б.(оқу материалының мазмұны);
- оқытудың әдістері мен формалары, оқытудың проблемалық сипаты, оқушылардың өзіндік жұмыстарын танымдылықпен орындауы, көрнекі және компьютерлік техниканы пайдалану т.б.(оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері);
- мұғалім мен оқушылар арасындағы ізгілік қарым-қатынас байланысы т.б. (сабақта мұғалімнің жылы шырайлы инновациялық қарым-қатынасының болуы, еркін, жағымды атмосфера орнату, оқушылардың бір-біріне көмек беруі, өзара сайыс ұйымдастырып қызықтыру);

Кез-келген жұмысты жоғары деңгейіне жеткізіп атқаруға үлкен шеберлік керек. Ол қасиет барлық іс-әрекеттерге, барлық мамандарға тән.

Біздің пікірімізше, қызығушылық пен қажеттілік арасындағы байланыс күрделі мәселе, бұлардың өзара байланысы болғанымен, оларды теңестіріп қарауға болмайды. Сондықтан, адам әрекетінің танымдылық деңгейі оның ішкі қажеттерінен, танымдық қызығушылығы мен белсенділігінен, сезімдері мен мотивтері бірлігінен көрінеді. Оқушылардың қандай да іс-әрекетті орындаудағы белсенділігі, оған итермелейтін мотивтеріне, қызығушылығы мен ізденімпаздығына байланысты.

Оқушылардың танымдылық белсенділігі ұғымының мәні мен маңызын көрсетуде ізденімпаздық ұғымына талдау жасаудың орны ерекше.

Ізденімпаздық – адамның өз бетімен жұмыс істеуіне, ізденуіне пайдалы әсерін беретін интеллектуалдық қабілеті.

Ж.Қараев, Т.С.Сабыров, А.Е.Әбілқасымова, Р.С.Омарова, С.С.Смаилов, С.С.Жұмашева т.б. ғалымдар, танымдық ізденімпаздықты зерттеп, осы мәселенің төңірегінде құнды пікірлер айтты. Олардың еңбектерін талдай отырып, бұл ұғымның мазмұнына авторлар түрліше мағына беретіні мәлім болды. Біреулері танымдық ізденімпаздық – оқушының ақыл-парасат қабілеті десе, екіншілері өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылысынан көрінетін жеке тұлға қасиеті дегенді айтады.

Ал, танымдық ізденімпаздықтың еріктік, мотивтік және мазмұнды-операциялық түрлерінің даму корреляциясын Р.С.Омарова көрсетті.

Танымдық ізденімпаздықтың өлшемдері мыналарды: – өз бетінше білім алуға дайындықтың болуы мен оны қолдана білу; – мұғалімнің басшылығымен инновациялық үрдісте мақсатты өзара әрекет; – қажетті білімдерінің болуы; – іс-әрекет тәсілдерін білуі; – әрекетке бейімделу және өзін-өзі бақылау; –танымдық мәселелерді өз бетінше шешу біліктілігі; – мәселелерді шешуде керекті ұжымдық нысандарды ұйымдастыру дағдыларын білуі.

Сондықтан, **ізденімпаздық дегеніміз** – танымдық хабар-ошарды қабылдаудан, күрделі танымдылық белсенділіктің дамуымен қатар жүретін әрекет. Танымдық іс-әрекет, ізденімпаздық ұғымдары танымдылық ұғымының мазмұнын, түсіну аясын кеңітіп, нақтылай түседі.

«Танымдық әрекет – оқушының білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, қызығушылықтан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады»,–деп түсіндіреді Р.С.Омарова. Ол танымдық іс-әрекет құрылымын: танымдық қызығушылық, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және танымдылық әрекетке жіктеді.

«Танымдық ізденімпаздық – жеке тұлғаның сан қырлы білім алуы, бұл білім алу танымдық әрекетке сезім, таным мен ерік үдерісінің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі икемдеу көрінісімен; танымдық мотив пен ізденімпаздық мінез-құлық тәсілдерінің синтезімен; оқушының мінез-құлқындағы танымға деген тұрақты көзқараспен сипатталады. Алайда, танымдық ізденімпаздықтың мұндай түсініктемесін негіздеу үшін жеке

тұлғаның бітімін талдау қажет. Өйткені жеке тұлғаның бітімі – білім алушының танымдық ізденімпаздығының қалыптасу негізі», – деп тұжырымдайды А.Е.Әбілқасымова.

Ал, Е.Б.Ястребова танымдық ізденімпаздық ұғымын жеке тұлғаның қасиеті, яғни адамның кәсіби дайындығы барысында өз күшімен білім мен іс-әрекет тәсілдерін игеру және оны оқу, зерттеу, практикалық әрекеттерде қолдану деп түсіндіреді.

Оқушыларды дамыта отырып оқыту негізінде теориялық білімді саралау, жоспарлау мен рефлексия арқылы танымдылыққа жеткізуге болатындығын В.В.Давыдов өз еңбектерінде тұжырымдайды.

Танымдылық іс-әрекеттің жүзеге асуы сатылап жүретін үрдіс. Осы жүйенің ішкі бөліктері мен іске асу кезеңдеріне сай әрекет компоненттері өзара алмасып, бірігіп отырады. Яғни, оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығына негізделген іс-әрекетер тізбегі танымдылық мақсаттардың орындалуына алып барады.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық белсенділігі білім алу қажеттілігін сезінумен ұштасып жатады.

Танымдылықтың әдістемесі туралы С.А.Смирновтың тұжырымдамасында, инновациялық үрдістің негізгі мақсаты ретінде, әлеуметтік тәжірибенің қарқынды жинақтауымен және баланы ішкі психологиялық тыныштық пен өз-өзіне деген сенімді қалыптастыру үйлесіміндегі қабілетін мүмкіндігінше дамытудың шарттарын жасау жағдайы айтылады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, мұғалім әрекетіндегі үш бағыт беріледі. Олар:

- мұғалімнің оқушымен және бір-бірімен өзара әрекеттерін ұйымдастыру;
- сабақ барысында жеке ойындарды және оқу әрекеттерін ұйымдастырудың ойын формаларын жан-жақты пайдалану;
- оқушыларды танымдылық әрекеттерге араластыру.

Осылайша, ғалымдардың тұжырымдамаларын, ғылыми еңбектер мен ізденістер нәтижелерін саралай отырып, танымдылық іс-әрекеттер қоғамда пайда болған жаңа проблемаларды шешуде іске асады және жас ұрпақтың дамуына әсерін тигізетін адами құндылық деуге болатынына көз жеткіздік.

Танымдылық іс-әрекет оқушының білім деңгейі мен сапасына, ойлау әрекеті әдістерінің қалыптасып дамуына және олардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығын, үздіксіз жетілдіретін мұғалімнің іс-әрекетіне тікелей байланысты.

Танымдылық іс-әрекет – оқушының өзіндік таным қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін іске асырудағы қиындықтарды жеңіп, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға жетелейтін, бұрын белгісіз болған нәтижеге жетуге мақсатты іс-әрекет.

Танымдылық белсенділік жеке тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде оқушының жан-жақты дамуына жағымды ықпал етеді.

Оқушылардың танымдылықпен жұмыс істей алу әрекеті мейлінше белсенділікті, инициативаны, ізденімпаздықты, өз еркімен жүйелі жұмыс істеуді талап етеді, оны оңтайландыру, оқушының күнделікті рухани қажетіне айналдыру оқушылар мектебінің қазіргі кезеңдегі маңызды міндеті.

Танымдылық белсенділік – мұғалім мен оқушы арасындағы ізгілік байланыстың жоғары деңгейге көтерілуімен, мұғалімнің психологиялық-инновациялық шеберлігімен оқушының танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде дамиды.

Инновациялық-психологиялық әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дарындылық пен танымдылықтың табиғаты шексіз екенін, танымдылық іс-әрекет нәтижелері оқушының жеке тұлғасына, біліктерінің жетілуіне, психологиялық механизмдер арқылы оң әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен формасына сәйкес көзқарастары қалыптасатынын анықтап отыр.

Оқушының танымдылық белсенділігін дамытуға бағытталған рухани күш – мұғалім. Жеке тұлға ұғымының мазмұны – бұл адамның психологиялық рухани мәні, ол әр түрлі жинақталған қасиеттер жүйесі. Бүгінгі мұғалім тек оқытушы, әлеуметтендіруші ғана емес, сонымен бірге психолог та болуы керек. Сондықтан үнемі назарда ұстанатын жағдаяттар: 1) оқу-тәрбие жұмысындағы алуан түрлі қиындықтардың себебін анықтау; 2) оқушының танымдылық жеке дамуындағы ауытқулардан сақтау және болдырмау; 3) күрделі мәселелерді шешуде және кикілжің жағдайларда көмектесу. Яғни, мұғалімнің оқушыны тәрбиелеудегі психологиялық міндеттеріне: психологиялық ағарту жұмысы; психологиялық практика; психологиялық кеңес; психодиагностика; психокоррекциялар жатады.

Ә.Ә.Сағымбаева зерттеуші психологтардың еңбектерін талдай отырып, өзінің кандидаттық диссертациясында оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытуға кері әсер ететін кедергілерді былайша жинақтайды:

– әлеуметтік: әлеуметтік жағдайдың болмауы, отбасында танымдылық жағдайдың болмауы;

– инновациялық: мұғалім баланың белсенділігін қолдамау, баға қоюдағы әділетсіздік, әдістемелік-көмекші құралдардың болмауы;

– психологиялық: ойлау, қиялдың төмендігі, өз күшіне сенбеу, жалқаулығы;

– физиологиялық: денсаулығының нашарлығы.

Оқушыларының танымдылық белсенділігін компьютерлік технология арқылы дамыту, оқушы психикасын жетік меңгеруді қажет етеді. Сол себептен сабақ үстінде баланың жеке тұлға қасиеттерін және қарым-қатынас формаларын басты назарда ұстап, психикалық дамуына мүмкіндік жасау керек. Яғни, оқыту үдерісіндегі негізгі ұстаным: 1) оқу жүктемесі есте сақтау қабілетіне емес, ойлау қабілетіне бағытталуы тиіс; 2) оқу жаттанды түрде емес, танымдылықпен меңгерілуі керек; 3) оқу материалдарын оқушы дайын күйінде емес, өз бетінше игеруі тиіс; 4) проблемалық оқытуда проблеманы мұғалім емес, оқушы қойғаны дұрыс; 5)

оқушы қызметін бағалауда бақылау, талдау, зерттеу т.б. негізгі рөлді мұғалімнен гөрі оқушылар атқарғаны дұрыс; 6) оқушыны іс-әрекетке зорлықпен емес өз еркімен араласуына жағдай жасау керек. Айтылған қағидалар орындалғанда, оқушыға толық еркіндік беріліп, оның танымдылық белсенділігінің дамуына мүмкіндік алдық.

Қазіргі психологиялық әдебиеттерде танымдылық белсенділік проблемасын шешуге әртүрлі көзқарастар бар: 1) Интеллектуалды дарындылық қажетті, бірақ тұлғаның танымдылық белсенділігі үшін жеткіліксіз сапа ретінде қолданылады (А.Танненбаум, А.Маслоу, А.Олох, Д.Б.Богоявленская және т.б.). 2) Креативтілік интеллектке тәуелсіз өзбетіндік фактор болып табылады. Яғни, интеллект пен креативтілік деңгейлері арасында азғантай ғана корреляция бар (Дж.Гильфорт, К.Тейлор, Г.Груббер, Я.А.Пономарев). 3) Интеллектің дамуының жоғары деңгейі, танымдылық қабілеттіліктің де жоғары деңгейі және керісінше көрсетеді. Бірақ танымдылық үрдісті, психикалық белсенділіктің ерекше формасы ретінде қарауға болмайды (Д.Векслер, Р.Уайсберг, Г.Айзенк, Р.Стренберг, Л.Термен және т.б.).

Қ.Жарықбаев, Н.Елікбаев, Қ.Жүкештің зерттеулеріндегі халықтық педагогика мұралары да, оқушының жеке тұлға ретінде дамуына үлкен үлес қосады.

Оқытудың танымдылық сипатын күшейтіп, сол арқылы оқушы белсенділігінің дамуына жағдай туғызу, бағыт-бағдармен қажеттілік туғызып, қызығушылығын ояту, инновациялық ықпал ету мәселелерінің толық орындалмауы, мәселен, оқу үдерісін ұйымдастыруға негіз болатын нормативтік-оқу құжаттарында бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытудың тиісті дәрежеде қолға алынбауында болып отыр. Бұл мәселе жөнінде Л.В.Занковтың зерттеулеріне сүйеніп, оқу бағдарламаларындағы төмендегідей кемшіліктерді жоққа шығаруға болмайды:

- оқу бағдарламаларында оқыту жүйелілігінің толық еместігі;
- оқушылардың алған білімдерінің олардың ой-өрісінің дамуына, шығармашылығын дамытуға жеткіліксіз әсері;
- оқулықтағы тапсырмалардың, теориялық мәселелердің оқушылар қызығушылығын оятарлықтай деңгейде қарастырылмауы.

Оқушылардың танымдылық белсенділігін мұндай кемшіліктер бар жерде тиісті дәрежеде дамыту мүмкін емес екені баршаға мәлім.

Сондықтан, мұндай кемшіліктерді болдырмау мақсатында компьютер технологиясының дидактикалық ұстанымдарын негізге алу керек деп ойлаймыз.

Бастауыштарды оқыту қағидалары оқу мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруды, жүзеге асыру мен жетілдіруді қамтамасыз ететін нұсқаулар екені баршаға мәлім. Бұдан, инновациялық технология компоненті – компьютерлік техниканы пайдаланып оқытуды ұйымдастыруда, оқыту қағидаларын басшылыққа алынатыны белгілі. Оқытудың компьютерлік технологиясының дидактикалық

категорияларының өзіндік ерекшеліктері бар, тіпті кейбір дәстүрлі қағидалардың қолдану аумағы өсіп, компьютерлік технологиямен оқытуда ғана шын мәнінде іске асыруға мүмкіндік болады.

Ұстаз, шәкірт, мектеп – бір-бірінен ажыратуға болмайтын атаулар. Шәкірттің ұстазына «Мені қолымнан төмен қарай тартпаңыз, жоғары да тартпаңыз, қолым ауырады. Мен үшін қиналмай, еркін жоғары қарай көтерілетін білім баспалдағын табыңыз» деген талабы бар. Мектептің рухани өмірі мұғалімнің өн бойында, өйткені мұғалім – мектептің негізін қалаушы жоғары рух иесі.

Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Мұғалімнің сабақта қолданған әдістері оқушыға әсер етуіне қарай бағаланып, дараланып, шәкірт тарапынан да өз талабына сай орындалып отыруы тиіс.

М.Ж.Жадрианың пікіріне сүйенсек, білім беруді ізгілендіруді жүзеге асыру дамушы жеке тұлғаның өзінің жеке құндылықтар жүйесіне (бақыт, әділдік, өмірдің мәні жайлы тұжырымдама және т.б.) кепілдік берілетіндей жағдайлар туғызуды талап етеді.

Бұдан, оқушының танымдылық белсенділігінің дамуына – оқу үдерісінің ұйымдастырылы адамгершілік деңгейіндегі заманауи болу қажеттілігі келіп шығады. Яғни, мұғалім ең алдымен, оқушы жанының инженері болуы тиіс.

Мұғалімнің мықтылығы – ойлы да көркем, мәнерлі сөйлеу. Ұлы ағартушы Макаренконьң «Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек» деген екен.

Оқытушы қандай сабақта оқушының танымдылықпен жұмыс атқаруына талап, ықпал етуі керек. Кез-келген ортада болса да, өзінің айтар алғыр ойы бар, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан оқушыны дайындау арқылы ғана нағыз шығармашыл белсенді тұлғаны өмірге әкелеміз.

Дана халқымыз, «Ойнамай бала өсер ме?, Баланың балалығын тыйдым дегенше, даналығын тыйдым де» дегендей, оқушының шығармашылығына ешқандай кедергі болмауы керек.

Бүгінде оқушылардың үздіксіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай оқытушылардан олардың ойлау қабілеттерін одан әрі арттыру, танымдық және танымдылық белсенділіктерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын қалыптастыру талап етілген. Сондықтан, өзіндік жұмыс оқушының үй жұмысын орындауда ғана емес, оқу үдерісінде орындалуы тиіс. Яғни, жалпы білім беру үдерісінде, оқушыларға сан түрлі өзіндік жұмыстары орындатып, үйрету нәтижесінде олардың танымдылық белсенділігін арттыруға болады.

Демек, бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызудың бір жолы – бұл оқу үдерісіне тұлғаға бағдарланған технологияларды енгізу деп ойлаймыз. Танымдылықты дамыту мәселесіне арналған ғылыми-зерттеулерді саралай келе, біз оқушы

шығармашылығын дамытудың ең маңызды шарттарының бірі ең алдымен оны дамытуға қолайлы ахуал туғызуды қамтамасыз ету үшін оқу үдерісін ізгілендіру қажет деген қорытындыға келеміз. Яғни, оқушыларды танымдылыққа баулу қажеттілігі – оқушыны психологиялық дайындықтан өткізу. Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін ұстаздың берер психологиялық әсері мынадай болмақ: –«Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Сен қабілеттісің», «Жаз, үйрен» деп балаға сенім білдіру; – оқушының кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу;

– оқушылардың басылымды өлең, шығармаларының жарық көруіне көмектесу; – танымдылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау;

– ақын-жазушылардың, өнер адамдарының танымдылық дәстүрінен қызықты оқиғаларды әңгіме ету;

– оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу.

Танымдылық оқушыға шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс.

Бүгінгі таңда көптеген педагогтар мен психологтар оқушылардың мәселелерімен айналысуда. Зерттеушілер мен практиктер диагностикалық мәселелермен: оның ішінде оқушыларды қалай анықтауға болады, сонымен қатар творчестволық дарындылықты, жалпы балалардың дарындылығын дамыту жолдары және т.б. қарастыруда.

«Іс-әрекетінің сыртқы көрінісіне қарай, біз адамның ішкі әлемін оқи аламыз», – деген С.Л.Рубинштейн.

Оқушы дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне мен тұлғалық қасиетінің жоғары болуына байланысты.

Көптеген жағдайларда дарынды оқушы – жақсы оқитын оқушы деген пікір қалыптасқан. Бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін, белгілі ағылшын психологы – П. Торранстың зерттеулері анықтап берген.

Дарынды оқушылар көптеген жағдайларда түсініспеушілік туғызатын, қисынсыз сұрақтар қойып, өз жұмысымен ғана айналысатын, қияли, тәуелсіз, әр нәрсеге өзіндік көзқарасы бар балалар. Осындай қасиеттер дарынды оқушылардың танымдылық белсенділігін көрсетеді.

Бірқанша авторлар оқушының танымдық ізденімпаздығы мен белсенділігін дамыту қажеттілігін шешу жолдарын атап көрсетті: танымдық іс-әрекет дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы; оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы; іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы; оқытуға әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы;

Бүгінде дарынды оқушылармен жұмыста танымдық іс-әрекеттің интенсификация әдістері қолданылып келеді. Себебі, оқушыларда танымдылық іс-әрекет жақсы дамығанымен, оқу мотивациясы мен белсенділігі төмен. Сондықтан, бұл оқушыларға өте пайдалы, өйткені, олардың креативтілігі мен белсенділігін, мотивациясын көтерудегі тиімді

әдістері механикалық түрде сыныптан секірту болып келді. Дегенмен, оқушылармен жұмыста бұл негізгі мәселе емес. Негізгі мәселе – оқушылардың және жеткіншектердің ерекшеліктерінің дамуы, яғни, оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытуда олардың негізгі мақсаттары арқылы жұмыс істеу керек. Басқаша айтқанда, олардың кәсібилігін жүзеге асыру деңгейі мәселесіне аса көңіл бөлуіміз қажет сияқты.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, аса оқушылардың жетістіктерін олардың ақыл-ой даму деңгейіне қарай болжауға болмайды. Себебі, оқушылардың аз бөлігінің ғана өз қабілеттері олардың мүмкіндік деңгейінде жүзеге асады. Осыдан, оқушылардың болашағы – өткенде деген сөздер шыққан. Көбінесе, жоғары кәсіби жетістікке дарындылығы жоғары бала емес, креативті және қайсар балалар жетістікке жетіп жатқанын өмір көрсетіп отыр. Сыныптастарымен қарым-қатынаста оқушылардың тұлғалық дамуында өзгешеліктер мен қиындықтар байқалады.

Оқушылардың өмірдегі сәтсіздіктерді шешуде тәжірибелері болмайды. Өйткені, оқу барысында кедергілерді, әлеуметтік кемшіліктерді білмей, дамытылған қолайлы жағдайда тәрбиеленгендіктен, қабілеті, ойы жоғары деңгейде, қиындықтарды жеңу қабілеттері төменгі деңгейде дамиды.

Мәселені шешуде, С.М.Жақыповтың пікірі, бұл үдеріс қарапайым стихиялы тәрбие түрінде біріншіден «білу керек» одан нені талап етеді, екіншіден «түсіну керек» оған қалай жетуді деген мақсаттан ғана пайда болғандықтан, бұл үдерісті жеке адамның қарым-қатынасын ұйымдастыру мен оның мінез-құлық өлшемдеріне ықпал жасау арқылы жетілдіру керектігін айтады.

Танымдылық адамның, қоғамның және жеке тұлғаның дамуындағы қозғаушы күш болып табылады.

Танымдылық пен жеке тұлға арақатынасы туралы «Жеке тұлға негізінде танымдылық бастау жатыр, жеке тұлғаның маңызы оның жасампаздыққа мұқтаждығына және қабілеттілігіне байланысты», – дейді В.В.Давыдов.

Шығармашыл адам мақсатты сезініп, міндетті қойып, мәселенің шешімін іздейтін адам. Себебі: танымдылық үдерісте қиялдың, ішкі түйсіктің және елестетудің маңызы зор.

Мектепте оқитын әрбір оқушының негізгі әрекеті оқу әрекеті болғандықтан оның танымдылық сипатта болуының мәні зор. Өйткені танымдылық сипаттағы әрекет оқушының жеке тұлға ретінде дамуына зор ықпал ететіні ғылыми тұрғыда негізделген.

Психология мен педагогика ғылымдарында тұлғаның шығармашылығын дамыту жолдарын, құралдарын анықтау ертеден зерттеліп келеді. Егер бұл мәселенің зерттелуіне ретроспективті шолу жасасақ, онда оның әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғанын, «танымдылық теориясын» жасауға деген ізденістердің аз болмағанына көз жеткіземіз.

«Танымдылық белгінің өз бастамасы бойынша берілген талаптар шегінен шыға отырып жасалған кез-келген іс-әрекеттің дамуы», – дейді Д.Б.Богоявленская.

Оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мақсаты – оқушылардың шығармашыл ойлауын дамыту дейді А.Б.Мырзабаев.

«Танымдылық» ұғымының мәнін анықтайтын болсақ, ол адамға ғана тән қасиет, тек оны аша білу және дамыта білу керек. Танымдылықты адамның қоғамдық мәні бар жаңа материалдық және рухани құндылықтар тудыратын іс-әрекеті деуге болады. Өйткені, күнделікті өмірдегі танымдылық – өмір сүрудің қажетті шарты.

«Танымдылық» сөзінің этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек, оны жаңа нәрсе ойлап табу сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: «... танымдылық - қайталанбайтын, тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сатыдағы, бұрын-соңды болмаған жаңалық ашатын іс-әрекет», – деген анықтама берілген.

Танымдылықтың ішкі мазмұнын психологтар жан-жақты зерттеп келеді.

Психологиялық сөздікте: «Танымдылық – жаңа рухани және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі, жемісі», – делінген.

Психологияда «танымдылық» ұғымының жалпы теориясын алғаш рет С.Л.Рубинштейн негіздеді. Ол: «Адамның шығармашылығының өзіне тән ерекшелігі – оның саналы түрде мақсатты әрекет жасаумен анықталады. Бұл жағдайда адам алға қойған мақсатына қарай өз ойларын объективті түрде тұжырымдап, оны нақты жағдайда қолдана біледі және адам мен қоршаған орта арасындағы, яғни субъекті мен объектінің нақты бірлігі түрінде көрінеді», – деп тұжырымдайды.

Көрнекті психологтар Л.С.Выготский, А.В.Петровский «танымдылық» деп нәтижесінде жаңа құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал Ф.А.Пономарев «танымдылықты» «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол оқушының психикасын жаңа деңгейге көтереді деп есептейді.

Педагог зерттеуші А.Матейко танымдылық үдерістің негізі – бар тәжірибені қайта құру немесе оның негізінде жаңа комбинацияларды қалыптастыру деп атап санайды.

Танымдылық психолог Л.В.Запорожец еңбектеріне де арқау болғанын байқаймыз. Оның басты жетістігі – оқу-тәрбие үдерісінің мектеп қабырғасынан бастап танымдылық сипатта болуын көздегендігінде болып отыр.

Ал, Д.Б.Богоявленскаяның пікірі бойынша, танымдылық – жеке тұлғаның «танымдылық әрекетінің» туындысы. Ол мотивтік құрылымдар арқылы кейде тежеледі, кейде ынталанады және жеке тұлғаның

танымдылық потенциалы интеллектуалды белсенділік ұғымына байланысты анықталады екен.

Оқушылардың шығармашылығын оқу үдерісінде дамыту қалай жүзеге асады? Оған төмендегідей зерттеулер жауап береді. Мысалы, француз математигі Ж.Адамар танымдылық үдерісті 4 кезеңге бөлді:

- 1) Дайындық кезеңі.
- 2) Инкубация, жасырын идеялар, тұйыққа тірелу кезеңі.
- 3) Ішкі сезімнің жарқ етуі. Эврика.
- 4) Тексеру кезеңі.

Ал А.Н.Лук танымдылық үдерісті 5 кезеңге бөледі:

– айқын және дұрыс қойылған мақсат; – қосымша мәліметтер іздеу, күш салу; – уақытша мәселеден кету. Инкубация; – ішкі сезімнің жарқ етуі. Инсайт; – нәтижені тексеру.

Профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлының жұмысында шығармашалық үдерістің кезеңдерін былайша бөлген:

1. Жаңалықпен бетпе-бет келу.
2. Танымдылық белсенділік, екі ұштылық.
3. Шешімнің жарқ етуі.
4. Танымдылық акт.
5. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Жоғарыдағы және басқа да зерттеулерді негізге ала отырып, оқу үдерісінде оқушылардың танымдылық белсенділігін дамыту кезеңдерін былайша белгіледік:

1. Мақсаттың анық болуы;
2. Мақсатқа сай білімінің болуы, болмаса дайындау;
3. Жоғары деңгейлі комфортты көңіл-күй болуы;
4. Танымдылық қызығушылық пен шабыт;
5. Танымдылық белсенділік;
6. Нәтижені жетілдіру;
7. Орындалған жұмыстың жетістігімен мадақтау.

Бұл арнайы ұйымдастырылған оқыту әдістері дарынды оқушылардың шығармашылығының дамуына, ойлаудың икемділігіне әсер етеді. Нәтижеде оқушы психологиясындағы танымдылыққа деген қызығушылық соңынан белсенділігі дамиды. Әрине, бұндай жағдайда компьютерлік технологияның соңғы жетістіктері оқыту үдерісінен тыс қалмау тиіс. Танымдылық – субъектінің қандай да бір жаңалық табудағы белсенділігі. Демек, танымдылық белгілі біреулер үшін ғана емес, әрбір белсенді адамға тән қасиет. Сондықтан, психологиялық көзқарас, танымдылықты субъект үшін бұрын белгісіз болып келген мәселелердің шешімін табу, жаңалық ашу деп айта аламыз.

Адамның көңіл-күйі, ой-толғамы, болмысына, сыртқы дүниені танып білуге ұмтылу мүмкіндігіне танымдылық жұмыс тікелей байланысты екендігін танымдылықты дамыту кезеңімізде айтып өттік.

Танымдылық жұмыс адам жанының психологиялық әрекеттеріне байланысты. Кездейсоқ тақырыптың өзі шәкіртке беймәлім болған

сырларды ашып береді. Қиялы ұшқыр, сезімтал ұстаз кез-келген нәрседен жағдай туғызып, оқушы сезіміне нәр береді.

Адамның ақыл-ой белсенділігін – танымдылық деп анықтау және оған басқа да зерттеушілердің толық келісетіндігін ескере отырып, танымдылықтың білімді игеру қарқындылығына байланысты болатындығына көз жеткіздік. Бұл дегеніміз, білімді игеру қарқындылығы төмен болса, онда танымдылықтың құрылымы (ерекшелігі, күрделілігі, нақтылығы, түсініктілігі, т.б.) төмен болатыны және керісінше, білімді игеру қарқындылығы жоғары болса, онда танымдылықтың құрылымы жоғары болып, нәтижесінде танымдылық белсенділіктің дамитындығы айқындалады.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылығының нәтижесі шын мәніндегі ғылыми танымдылық еңбектен айырмашылығы жоқтың қасы.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін оқытуға проблемалық жағдай енгізілуі керек, сонда олар алдында қойылған түйінді мәселені өз бетімен немесе оқытушының көмегімен шешеді. Мұндай оқыту барысында танымдық қызмет құрылымында маңызды психологиялық заңдылық – ойлау қабілетінің проблемалық сипаты жатады. Танымдылықпен жұмыс істейтін оқушылар проблемалық тапсырманы шешуде қосымша материалдар іздеуге белсене кіріседі, мәселені шешудің түрлі жолдарын белгілеп, оларды қолданады. Олар неғұрлым көбірек дербестік танытқысы келеді. Бұл оқушылардың психологиялық ерекшелігі болып табылады.

Ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда логикалық ойлауды бір ізділіктен талдағыштық тұрғыға жетектеп, өзін дамытатын белсенді еңбекті – оқушы шығармашылығы дейміз. Осындай еңбектің негізінде білім игеруге, оқуға, оқи білуге тәрбиелеу білім беру үдерісінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады.

Оқыту әдістері оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытуға бағытталуы керек. Демек, оқушының танымдылық іс-әрекеті мен танымдылық дамудың нәтижелілігі, оқыту әдістерін комплексті түрде ұйымдастырудың дұрыстығында болып табылады. Оқыту әдістерін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік туады. Оқыту үдерісіндегі танымдылық түсінігін бірінші кезеңде жеке бастың қасиеті емес, оқушының оқу үдерісіндегі іс-әрекеттің «жемісі» деп білгеніміз дұрыс. Демек, оқу үдерісіндегі негізгі мәселе – оқушылардың белсенділігі, танымдылықтың дамуына негіз болады деген қорытынды жасауға болады. Оқушылардың іс-әрекеті неғұрлым үйлесімді, кемелденген, тиімді оқыту әдістерімен ұйымдастырылса, онда олардың белсенділігі де соғұрлым жоғары болып, танымдылықтың дамуы қарқынды болатыны анық.

Оның негізгі қажеттілігі – оқу үдерісін ізгілендіру. Бұдан, сабақта оқушыға проблемалық ситуация, ойын ситуациясын құру, сезімдік ықпалмен әсер етуге болады, бақылау мен талапты күшейту, ынталандыру,

әр оқушының тәртібі мен мінез-құлқына және жұмыс істеу ырғағына үйлесімді тәсілдер қолдану, шаршау мен жалығудан арылту шараларын жасау оқу үдерісін ізгілендіруді болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушылары білімді өз дәрежесінде игермесе немесе оны іс жүзінде қолдана алмаса, онда танымдылық белсенділік те көрсете алмайды. Бұл олардың шығармашылығының дамуына кедергі болуы мүмкін. Оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыру үшін мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек және оқу үдерісінде олардың психологиялық ерекшеліктерін естен шығармағаны дұрыс.

Танымдылық бірден көзге көріне салмайтын, адамның терең ойланып-толғануынан туындайтын ерекше қасиет.

Зерттеушілердің пікірінше, психологиялық-инновациялық ғылымда танымдылық шартты ұғым ретінде алынып, оның байқалатын, көрінетін тұстары – жаңаны жасау үрдісі мен салыстырмалы түрдегі жаңаның белгілі бір жағдайдағы, кезеңдегі, орындағы, субъектіге маңызды болып табылатын, танылатын үрдіс.

Психологтардың танымдылық нәтижесінде жаңа құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын адамның іс-әрекеті деп берген анықтамасын негізге алып айтсақ: танымдылық жоқтан бар ету деңгейдегі жаңалық ашатын, тарихи-қоғамдық мәні бар іс-әрекет.

Дарынды оқушылардың шығармашылығын дамыту үрдісін ұйымдастырудың негізі – танымдылықты танудың теориялық негіздерін оқыту болып табылады.

Танымдылықтың алғы шарты – нышан, туа бітетін қасиет. Оны танып, мәпелесе, біртіндеп жетіліп, дамып, қабілетке айналуы мүмкін. Оған дәлел ретінде қазақ халқының этноинновациялық тамаша үлгісі ретінде Қобыланды батырдың, Алпамыс батырдың, Абайды Зере мен Ұлжанның тәрбиелеуін айтуға болады. Балада байқалған нышанды танып, арнайы назар аударып тәрбиелеу арқылы дамытып, шығармашыл тұлғаға жеткізу мүмкіндігін этнопедагогикадан, педагогикадан іздейміз. Біз бұл пікірге философиялық, инновациялық және психологиялық зерттеулерге талдау жасай отырып келдік. Демек, дарынды оқушыларды танымдылық іс-әрекетке үйретіп, шығармашыл болмысының қалыптасуына инновациялық тұрғыдан қолайлы жағдай жасау керек.

“Жеке адамды жан-жақты тәрбиелеудің төмендегідей маңызды бір жағы – танымдылық. Танымдылық – бұл білімдердің жиынтығы емес, қайта интеллектінің ерекше бағыты, жеке адамның интеллектуалдық өмірінің және оның белсенді қызметте көрінген күшінің арасындағы ерекше өзара байланыс”, – дейді Ш.Әленұлы.

“Адамның шығармашылығын дамыту ең алдымен танымдылық ойлауға байланысты”, – дейді А.Н.Лук.

Танымдылық жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтсақ, бұрыннан белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді танымдылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзін жаңаша түрде жасау, таныс емес қасиеттерін табу

танымдылыққа тән құбылыс. Демек, танымдылық белсенділік – оқушының компьютерлік технологиямен белгілі бір іс-әрекетте мәселені көре білуге, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуге және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар тудыруға деген ынта-ықыласының ерекше қасиеті деп тұжырымдауға болады.

Кез-келген оқыту технологиясы – ақпараттық технология екенін ескерсек, оқыту үдерісінде білім беруді жоғары деңгейде, оқушының танымдылық белсенділігін дамытып оқыту жаңа ақпараттық технологияға көшуді қажет етеді. Оқыту үдерісіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз–оқу мен оқу-тәрбие материалдарын, үйретуге арналған компьютерлік технология, компьютерлік технологияның оқу үдерісіндегі қызметі, мұғалімдер еңбегі мен оқушылардың білімін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы білім беру жүйесі.

Оқыту үдерісін технологияландырудың қажеттілігін өз заманында Я.А.Коменский айтқан болатын. Ол бүгінде маңыздылығын арттырып келеді.

Технологиямен – нені үйретсе де, нені оқытса да, оқу үдерісі табысты, танымдылықты болатыны анық. Оқытудың мұндай үдерісін Я.А.Коменский «дидактикалық машина» деп атаған. Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу – технологиялық оқытудың алгоритмі. Соған байланысты, технологиялық оқытудың мақсаты, құралы, қолдану ережелері шықты. Демек, оқыту үдерісінде компьютерлік технологияны қолдану – қажеттілік болып отыр. Осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін, мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуіне және оқыту құралы ретінде пайдалану бағыттары бойынша білімдерін көтеру және қайта даярлау курстарының мазмұнын өзгертіп, жасақтау қажеттілігі туындады. Яғни, компьютерлік технологияны оқу үдерісінде кеңінен қолдану–білім берушінің де білім алушының да компьютерлік сауаттылығын заман талабына сай көтеру. Сондай-ақ, ауқымды және жергілікті компьютерлік желілердің, электрондық телекоммуникацияның, электрондық оқулықтардың бастауыш мектеп оқушыларының қазіргі уақыт талабына сай білім алуына, танымдылық белсенділігін дамытуда үлесі орасан зор.

Компьютерлік технологияны қоғам қызметінің барлық саласына пайдалану ақпараттық қоғамның басты міндеті болып отыр. Компьютерлік техниканы білім беру жүйесінде кеңінен пайдалану оқытудың инновациялық технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы, компьютерлік технологиямен оқытудың тікелей қажеттілігіне алып келді.

Компьютерлік технологиямен оқыту деп оқушының өз бетімен танымдылық іс-әрекетін дамытуға, оқыту үдерісін басқаруға, дәріс пен зертханалық-практикалық, дамытушы ойындық жұмыстарды, адам – компьютерлі тұрғыдан шешуге бағытталған әдістемелік, психологиялық-инновациялық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдары кешенін айтамыз.

Оқу-тәрбие үдерісінде компьютерлік технологияны пайдаланып, оқушылардың танымдық және танымдылық белсенділігін дамыту мәселелері Ж.А.Қараевтің зерттеулерінде көрсетілген. Дегенмен, ауқымды және жергілікті компьютерлік желісі сияқты жаңа телекоммуникациялық жүйелердің пайда болуына байланысты, компьютерлік технологиямен оқу үдерісін басқару үрдісі өзгереді. Яғни, компьютерді қолдану оқыту үдерісіндегі білім мен біліктілікке талаптарын, жетілдіріп жүйелеуді қажетсінеді.

«Интерактив» деген сөз ағылшынның «interact» («inter» – «өзара», «act» – «әрекет ету») деген сөздерінен шыққан. Яғни, интеракция – жеке тұлғалардың, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма кезек әсер етуі.

Интерактивті тақта арқылы мультимедиялық мәтін жазылған бейне материалдар, слайд, суреттер, сызбалар, кестелер, диаграммалар және т.б. қолданып, мұғалімдер өз пәні бойынша түсіндірген тақырыбының мазмұнын ашып көрсете алады. Тақтаның бетіне асығыс сыза салған сызбалар (үшбұрыш, төртбұрыш) әріп, жазулар әдемі қалпында жазылады.

Интерактивті оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы.

Бүгінде мектеп оқушылары ғана емес, мәселен, Ақтөбе қаласы мектептерінің мұғалімдері интерактивті тақтамен жұмыс істеу тәсілдерін үйренуге ден қойып отыр. Интерактивті тақтаның мүмкіншіліктері: 1) уақыт үнемделеді; 2) аз уақытта көп білім беріледі; 3) көрнекілік кестелер, кеспелер әлемі қалпында түседі; 4) мәтіндерді оқып, талдауға мүмкіндігі мол; 5) оқушылар өз бетінше де жұмыс істей алады; 6) барлық оқушы тақтадаға берілген білімді ықыласпен меңгереді.

Интерактивті тақтамен жұмыс, шешімнің дұрыстығын ғана емес, сондай-ақ ұстанған бағыттың күшті және әлсіз жақтарын, жіберілген қателіктерді де оқушыларға көрсетіп отыратын интеллектуалды танымдылық жүйе ретінде маңызы бар.

Бастауыш мектеп оқушыларының жұмыс істеу белсенділігін арттыруға және оқыту мотивациясын жетілдіруге, қызығушылығын арттыруға компьютерлік оқу ойын бағдарламаларының да орны айтарлықтай. Себебі, компьютерлік технологияны оқу үдерісінде пайдалану, компьютерлік имитация модельдеуде ал, танымдық ойын бағдарламалары оқу мотивациясын дамытудың жеке әдістері ретінде көрсетіледі. Бұл әдістермен жұмыс істей отырып, пән оқытушысы көзделген мақсатты жетері анық.

Оқытудың мұндай әдіс-тәсілдерін қолданғанда оқушылар қоршаған орта құбылыстарын өздігінше танып-біліп, олардың дамуын негіздейтін ғылыми тұжырымдамалардың қалыптасуына, игерілетін заңдылықтардың оқушылар жасаған компьютерлік моделінің негізінде осы тұжырымдамалардың дұрыстығын тексеруіне қолайлы жағдай туады. Мұның өзі оқушыны танымдылық жұмысқа бағыттай отырып, олардың танымдылық белсенділігін арттыру, өзін-өзі бақылау мен танымдылық

жұмысты орындату арқылы оқытудың сапасын арттырып, оқуға қызығушылығын, белсенділігін дамытады.

Элективті сабақтың инновациялық жүйесі қалыптасуы керек. Инновация латынның “novis” – жаңалық; “in” енгізу деген ұғымды білдіреді, яғни “жаңару”, “жаңамын”, “өзгеру”, мағынасын береді. Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым “жаңаша білім беру” деп түсіндіріледі, яғни инновация – жаңалықты іздеу, жарату, енгізу және оны іс жүзінде қолдану үрдісі.

Келешекке көз жіберіп қарайтын болсақ, “инновация” ұғымы біздің қоғамға еніп, қолданып та келеді. Олай дейтінім, біз қазір кемелденген, өркендеген қоғамда өмір сүріп отырмыз. Мұның себебі әлемнің әр түкпіріндегі жаңалық атаулы әп-сәтте таралып, оны әр халық өзінің тұрмыс жағдайына, ақыл-ойларына қарай дамытып; іс жүзінде қолданып келеді. Міне бұл да инновация. Бірақ бұл жердегі инновация мен қазіргі айтылып жүрген инновацияның арасында алшақтық бар. Себебі, бұрынырақ қалыптасқан инновациялық әдіс дәстүрлі әдіске айналып, ол жаңалық болып адамды қызықтырудан қалған. Инновация ол жаңашыл әрдайым, үздіксіз жаңарып отыратын әдіс. Ол әрдайым өзгеріп отыруы шарт. Істеген әрбір жұмысымыз инновацияға толы болса, онда ол танымдылық болар еді.

Инновацияның қоғамға сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де енуі үшін, оның технологиясын құру керек.

«Технология» ұғымы бірінші рет өткен ғасырдың 40-шы жылдары шет елдерде қолданысқа түсіп, инновациялық үрдісте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды.

Технология – өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай даяр заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы.

Технология – ол белгілі бір жоғарғы мақсатқа жету жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жиынтығы және жұмыс істеу реті. Яғни, технология терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, еңбек пен тәртіптің, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін алгоритм.

Ж.Қараевтың пайымдауынша, технология дегеніміз – әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал инновациялық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер оның құрамды бөлігі.

Инновациялық технология – оқу әдістері мен тәрбиелік құралдардан таңдалып алынған психологиялық-инновациялық жиынтық. Ол, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің жолын көрсететін құрал.

Инновациялық технологияның дамуына үлес қосқан шетел оқымыстылары (Ж.Ж.Руссо, Я.Корчак, Г.Роджерс, Э.Берн т.б.), орыс оқымыстылары (К.Д.Ушинский, Н.П.Пирогов, Л.Н.Толстой т.б.), совет ғалымдары (Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, В.П.Беспалько, П.С.Селевко, С.С.Кашлев, В.М.Монахов,

В.М.Волков, М.В.Кларин, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Ш.А.Амонашвили, В.П.Шаталов т.б.), Қазақстандық ғалымдар Ж.А.Қараев, Г.М.Құсайынов, М.М.Жанпейісова, Т.Галиев, Н.Н.Нұрахметов, Г.К.Нұрғалиева, Ә.Ә.Жүнісбек, К.К.Қабдықайыров Ж.Қобдинова т.б. соның ішінде модульдік оқыту технологиясымен айналысқан ғалымдар Г.С.Күдебаева, С.С.Құнанбаева, К.Ж.Жаксылықова, Л.Екшембаева, М.М.Жанпейісова т.б. теориялық және практикалық жағынан дәлелдеп берді.

Ал, біз ұсынып отырған жаңа технологияның мақсаты: – инновациялық жүйе негізінде бастауыш мектеп оқушыларын өзін-өзі тәрбиелей алатын жеке тұлға ретінде қалыптастырып, танымдылық белсенділігін дамыту;

– компьютерлік технологияның жоғары мүмкіндіктерін бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық белсенділігін дамытуда пайдалану;

– бүгінгі қоғамның ең қажетті компоненті – кәсіби маманданған, компьютерлік технологиямен қажетті деңгейде жұмыс істей алатын, ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, жан-жақты дамыған жеке тұлға дайындау.

Бастауыштарда оқушылардың танымдылық белсенділігін дамыту деңгейлерінің өзгерісін, олардың «ішкі» мүмкіндіктерін «сыртқы» факторлар арқылы бейнелеу деп те қарастыруға болады.

Оқу үрдісінде өзіндік жұмысты оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытатындай етіп ұйымдастыру үшін төмендегідей талаптар қойылады:

– оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстарды көбейту;

– оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындауда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануына бағыт-бағдар беру;

– оқыту пәндерінен танымдылық белсенділікті дамытатын мазмұнды-операциялық білім беруді енгізу;

– мұғалімнің бақылаушы, бағалау-реттеуші қызметіне компьютерлік технологияның заманауи мүмкіндіктерін байланыстыру.

Танымдылық белсенділік оқушылардың іс-әрекетінің сапасы ретінде, белсенді ізденіп жұмыс істейтін жаңашыл жеке тұлғаны қалыптастырады.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық белсенділігінің даму деңгейі мұғалімнің инновациялық іс-әрекетіне тікелей байланысты. Толығырақ айтқанда, мұғалімнің инновациялық шеберлігі, оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқыту үдерісіндегі мұғалім мен оқушылар арасындағы ізгілікті қарым-қатынас пен оңтайлы әдіс-тәсілдері қолданып оқыту оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытудың негізі болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық белсенділігін дамытуда, субъект ретіндегі білім игеру қызметін дұрыс анықтаудың мәні үлкен. Осыған орай, оқушылардың қабылдауы, зейіні, ойлауы, ой қорыту әрекеттері мен танымдылық белсенділігінің байланысын білу керек.

Себебі, танымдылық іс-әрекеттің өзі оқу материалын қабылдау, меңгеру және оны талдаудан басталады.

Танымдылық іс-әрекет нәтижелері дарынды оқушының белсенділігінің, ізденімпаздығының, біліктілігінің жетілуіне, жеке тұлға болып қалыптасуына, яғни, психологиялық оқу әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және оның мазмұны мен формасына қарай көзқарастары қалыптасып, жетілетіндігі анықталды.

Сондықтан, **танымдылық белсенділікті дамыту** – оқушыларға білімді құндылық бағдары ретінде игертумен, олардың ізденімпаздығы мен зерттеушілігін, білімін жаңа жағдайда танымдылықпен пайдаланатын жеке тұлғаны дамытатын инновациялық үрдіс.

Дарынды оқушының танымдылық жұмыстарды орындауы, одан танымдылықті, ізденімпаздықты талап ететіндіктен, оны төмендегідей кезеңдермен орындағаны дұрыс: – жұмыстың мақсатын айқындап, міндеттерін белгілеу; – жұмыстың жоспарын құрып, орындау жолдарын қарастыру; – жұмысты танымдылықпен істеуге әрекет ету.

Бүгінгі білім беру жаңа технологиялармен оқытатындықтан, әлемдік деңгейдегі білім берудің жаңаша үдерістері туғызған реформалар, мектепке көбірек назар аударуды қажет етіп отыр. Сондықтан, білімге қойылатын талаптар да, мазмұны да өзгереді. Осыған байланысты, білім беру ісінің бағыты, инновациялық технологияларды талдауға, электрондық оқулықтарды сабақта пайдалануға, заманауи компьютерлік технологияларды дарынды оқушылардың өздігінен білімін, біліктерін жетілдіруде қолдануға бағыттауы керек. Яғни, білім беру саласы жаңа қарумен қаруланып, компьютерлік және ғарыштық байланыс құралдарын пайдалануы бүгінгі күн талабы.

Бастауыш мектеп оқушыларының танымдылық белсенділігін дамыту технологиясы төмендегідей қызметтер негізінде жүзеге асады:

- жоспарлау қызметі оқыту үдерісіндегі танымдылық іс-әрекеттің көлемін, мақсат-міндеттерін, инновациялық іс-әрекеттің мазмұнын, нақты бағыттарын және түрлерін анықтаумен;
- ұйымдастыру қызметі ұтымды іс-әрекеттер көмегімен кім, қашан, қалай, қандай әдіс-тәсілдерді қолданып білім берді деген сұрақтарға жауап алумен және оларды іс-жүзінде қолданумен;
- бақылау қызметі мұғалімдер мен ата-аналар, тәрбиешілер ұжымына мақсатқа жетуге, бақылауға жағдай жасауды түсіндіреді.

Дарынды оқушылардың танымдылық белсенділігін дамыту қоғам өмірінің қажетіне қарай жеке тұлға қалыптастыруда маңызды мәселе. Себебі, инновациялық даму дәуіріндегі ғылымның бүкіл саласында білім мазмұны тереңдеп, көлемі кең қарқынмен жоғарылаған ғылыми-техникалық өрістеу дәуірі дарынды оқушылардың танымдылық белсенділігін талап етуде. Сол себептен, оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытуды арнайы ұйымдастыру оқыту үдерісін жетілдірудің шарттарының бірі ретінде қарастыруымыз болады.

Дарынды оқушылардың танымдылық белсенділігін дамытуда білім берудің ең бір тиімді әдістерінің бірі – вариативтік әдіс болып табылады. Бұл әдіс барлық білім беру мекемелерінің инновациялық ұжымына білім берудің кез-келген әдіс-тәсілін өз қалауларына таңдап, ғылымда дәлелденіп, қолданыс тапқан авторлардың еңбектерін пайдалануына мүмкіндік береді.

Бастауышта оқытуда ақпараттық мультимедиялық технологияларды кірістіру оның нәтижелілігін арттырады. Бірақ бұл жолда қиындықтар мен қателіктер де кезігеді, олардан болашақта да арылу мүмкін емес. Бірақ та ең басты жетістік бар, ол – оқушылардың қызығушылығы, танымдылық дайындықтары, жаңа білім алуға деген құштарлықтары және жеке жауапкершіліктерін сезінуі. Цифрлық технологиялар әр сабақты бір біріне ұқсамайтындай етіп өткізуге мүмкіндік береді. Әрқашан бір жаңа нәрсені үйрену оқуға деген ықыластарын арттырады. Барлық ақпараттық каналдардың ең қуаттысы визуальді болып табылады, сондықтан оны мультимедиялық құралдар арқылы білім беру саласында қолдану біршама өңделген. Бірақ ол басқа медиа құралдардың маңыздылығын жоймайды. Мысалы, материалды меңгеру нәтижелілігіне әрбір мультимедиялық оқулыққа музыкалық үйлесімділікті орнату да өз үлесін қосады.

Мультимедиа оқулықтарындағы клавиатура мен тышқанның үйлесімді ойластырылған әрекеті білім беру технологиясының тағы да бір артықшылығын айқындайды. Ол мануальді жаттығулардың жадыны біршама дамытуға негізделген. Мультимедиялық технологиялардың оқу үрдісін байытатыны даусыз, білім алушының сезім компоненттеріне тікелей әсер етіп, нәтижелілігін арттырады. Г.Кирмайерге сәйкес мультимедиялық технологияларды оқыту үрдісінде интерактивті пайдалану меңгерілген материалдың 75% пайызын құрайды. Мультимедиялық технологиялар көрнекі статикалықтан оқулықтан динамикалыққа айналдырды. Ертеректе мұндай мүмкіншілікке білім беретін теледидар ғана ие болатын, бірақ бұл облыста интерактивті аспекті жоқ. Уақыт ағымына қарай дамитын үрдістердің үлгісін жасау және осы үрдістердің параметрлерін интерактивті ауыстыру - мультимедиялық білім беру жүйесінің маңызды дидактикалық артықшылығы болып табылады.

Мультимедиялық технологияларды қолдану тәжірибесі мынаны көрсетеді:

- Оқушылардың жұмысқа деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін жоғарылатады;
- Ойлау қабілеттерінің алгоритмдік стилі дамиды, үйлесімді шешімдер қабылдауға іскерліктері қалыптасады, вариативті іс істеуді дамытады;
- Мұғалім ескішіл жұмыстың көпшілігінен босайды, алынған нәтижелер негізінде танымдылық қызметін жоғарылату мүмкіншілігі туады.

Бастауыш мектептерде оқытушының оқушы білімін бағалаудың тиімді жолдарын іздестіруі бірінші орынға қойылып отыр. Жеке тұлғаның

өзінің іс-әрекетін өз бетімен анықтап, өзін-өзі дамыта алатын дәрежеге жетуі үшін білім беру мазмұнында ғана емес, сонымен қатар, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқушылардың білімін бағалау жүйесінде де жаңаша өзгерістерді де енгізу қажетті. Мұндай жаңа формалардың қатарына әр түрлі деңгейде саралап оқыту технологиясына сәйкес қарастырылған рейтинг жүйесімен бағалауды жатқызуға болады.

Бұл мәселені шешудегі басты міндет негізгі мектепке, әсіресе, бастауыш бастауыш сынып оқытуға жүктеледі. Сонымен, мектептің бастауышта оқытуда көрнекілік принципті жүзеге асырудың мәселелеріне тоқталайық.

Көрнекілік адамның заттар немесе құбылыс жайлы ақпараттың берілуі мен оны қабылдауды оңайлату қажеттілігінің туындауымен бір мезгілде пайда болды. Оның куәсі бізге ертеден жеткен жартастағы суреттер болып табылады. Көрнекілік – оқыту, жазу өнері пайда болғанға дейін туындаса керек. Ежелгі Египет, Рим, Грек елінде ол кеңінен қолданысқа ие болған.

Ақпаратты ауызша және жазбаша сөйлеу тілі арқылы жеткізудің жетілуі, сонымен бірге абстрактілік ойлаудың дамуы, көрнекі оқыту әдісінің кең тарауына ықпал етті.

Бастауыш сынып пәнін оқытудағы көрнекілік принципінің мәні туралы Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев былай дейді: « Оқыту үдерісінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, жоғары сыныптарда сабақты демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді. Сонымен, көрнекілік принципінің оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше».

Ә.Бидосов көрнекілік принципін жүзеге асыру нақтылық пен абстрактылықтың бірлігі ретінде атап көрсеткен. Мұның мәні оқытудың әрбір сатысында, білім игеру логикасының желісін басшылыққа ала отырып, сол білімдердің айрықша фактілері мен оқушылардың байқауларының немесе аксиомалардың ғылыми ұғымдар мен теориялардың алғашқы бастамаларын тауып, жеке затты қабылдаудан жалпылыққа, нақтылықтан абстрактілікке және керісінше жалпылықтан жекелікке, абстрактіліктен нақтылыққа көшу заңдылықтарын анықтау болып табылады. Сонымен қатар оқу үдерісіне көрнекілікті пайдаланғанда бірқатар әдістемелік талаптарды орындаған жөн екені ескеріледі: көрнекі құралдар сабақтың мақсатына сәйкес іріктелуі тиіс, көрнекі құралдарды пайдаланғанда оқушылардың оларды дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін, құралдың неғұрлым маңызды жақтарына назар аударған жөн; сабақта көрнекі құралдар шамадан тыс көп болмағаны яғни мақсатқа жетуге қажеттілерін ғана пайдаланған маңызды. Егер сабақ кезінде

бірнеше көрнекі құрал көрсетілуі керек болса, олардың бәрін бір уақытта емес, әрқайсысын қажетінше кезегімен пайдаланған орынды.

Сабақ кезінде мұғалімнің өзінің баяндауы мен көрнекілікті үйлестіруі елеулі роль атқарады. Дидактикада үйлестірудің екі тәсілі белгілі. Біріншісінде көрнекі құрал мұғалімнің түсіндіруінен бұрын көрсетіледі. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың іс-әрекетін, байқағыштығын бақылай отырып, керегінше мағлұмат алуына жетекшілік етеді. Екіншісінде көрнекі құралды көрсетуден бұрын мұғалім оқу материалын түсіндіреді.

Бұл екі тәсілдің біріншісі тиімдірек, себебі ол қажетті білімді меңгеруді қамтамасыз етумен бірге, оқушылардың байқағыштық қабілеттерінің өрістеуіне көмектеседі. Бірақ, көрнекі құралдарды шамадан тыс қолдану оқушылардың ойлау қабілетіне кері әсер ететінін ескерген жөн.

А.Е.Әбілқасимова, А.К.Көбесов, Д. Рахымбек, Ә.С.Кенеш былай дейді: Оқушылардың оқу материалын қабылдау - талдау және жалпылау үдерісінің мәнінен туындады. Оқу барысының әр түрлі кезеңдерінде көрнекілік түрліше функциялар орындайды. Бастауыш бастауыш сынып сабағынданы оқыту практикасы бұл принципті жүзеге асыруға бағытталған арнайы құрал- жабдықтар жасауды қажет етеді (кестелер, оқу диафильмдері, кинофильмдер, теледидар, микрокалькуляторлар т. б.).

Я.А.Коменскийді (1592-1670) «Дидактиканың алтын ережесі» деп аталатын көрнекі оқыту принципінің негізін қалады. Ол көрнекілікті адамның әртүрлі сезім мүшелері көмегімен қабылдайтын объекті немесе құбылыс жайлы сенімді ақпаратты алуға мүмкін болатын компонент ретінде түсінеді, «...барлығын тек сезімдік қабылдаулармен, атап айтар болсақ: көруді - көру сезімдерімен, естуді - есту мүшелерімен, иісті - иіс сезу мүшелерімен, дәмді - дәм сезу мүшелерімен, жанасуды – сипау арқылы сезінуге болады. Егер қандай да затты бірнеше сезім мүшелерімен қабылдауға болатын болса, онда ол бірден бірнеше сезімдік қабылдауларды қамтиды».

Чех педагогы табиғаттағы заттарды тікелей қабылдау арқылы үйренуден бастауды, ал егер мұндай зат (құбылыс) болмаса, онда оны оның кескінімен немесе көшірмесімен алмастыруды ұсынды. Я.А.Коменский адам білімді өзіндік бақылау жасау жолымен алуы тиіс деп үйретеді.

Я.А.Коменский көрнекілік мәселесіндегі негізгі орынға көру қабілетін қойды. Оның «Суреттердегі сезімтал заттар әлемі» оқулығы көрнекілік принципі негізінде жазылған алғашқы кітап болды (оны тілді оқытуда ұзақ пайдаланды).

Осылайша, Я.А.Коменский көрнекілікті сезімдік таныммен байланыстырса, ал бақылауды кез-келген білімді алудың негізі деп есептеді.

Қ.Жарықбаев: «Байқау дегеніміз – белгілі мақсат пен объектіні әдейілеп қабылдау. Байқау үшін белсенді ой жүгірту, арнайы зейін қою, байқау нәтижесін сөзбен айтып отыру ерекше маңыз алады» деді.

И.Г.Песталоцци (1746-1827) бақылауды абстрактілік ойлауды дамыту үшін алғашқы қадам деп есептеді. Ол көрнекілікке едәуір терең негіздеу берді. Ол кез келген танымның абсолюттік негізі ретіндегі көрнекілік принципін енгізді.

И.Г.Песталоцци сезім мүшелерінің қоршаған әлемді тікелей қабылдауы жайлы айта отырып: «...сезімдік қабылдау адамдық танымның жалғыз негізі болып табылады. Бұдан кейінгі келетіндердің барлығы да осы сезімдік қабылдаудың қарапайым нәтижесі немесе абстракциясы» деп жазады. Ол көрнекілік балалардың ақыл-ой қабілетін арттырып, сөйлеу қабілетін дамытудың құралы деп ұйғарды. Оның пікірі бойынша, бақылау үш сатыны қамтиды: бала алдында қанша зат бар; олардың формалары қандай; бұл заттар қалай аталады.

И.Г.Песталоццидің пікірі бойынша, көрнекі оқыту мәні оқушының ойлау мен сөйлеу қабілетін дамытуға көмектесіп, бөліктен бүтінге біртіндеп көшуге мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.

Неміс педагогтары И.Ф.Гербарт (1776-1841), А.Дистервег (1790-1886), А.Коменский білімін дамыта отырып, көрнекі оқыту әдістемесін мұғалімнің сабақта пайдалануының талаптарын жасады:

- затты өте ұзақ демонстрациялауға болмайды, бір затты демонстрациялай беру оқушыны жалықтырады;
- сабақта көрнекіліктің сан алуан түрлері қолданылуы тиіс;
- мұғалім көрнекі құралды пайдалана отырып, қабылдау механизмі, көрнекі құралдарды пайдаланудың тұтастығы, бірізділігі мен әдістемесі жайлы мәселелерді есте ұстауы шарт;
- жақыннан алысқа, жеңілден салмақтылығына, қарапайымнан күрделіге біртіндеп сатылай танымдылықпен оқуға өту керек.

И.Ф.Гербарт қандай да бір объекті мен құбылысты тікелей қабылдау мен зерттеу алдында оқушылар бақылайтын затпен танысып, оны айқындаудың қажеттілігін көрсету керек деп есептейді.

Неміс педагогы Ф.Фребель (1782-1852) көрнекілікті жетілу мен белсенділік ретінде қарастырды. Көрнекі құралдар көмегімен жетілу арқылы түсініктер мен ұғымдар қалыптасады. «Бала пісіп жетілгісі келсе, мұны ол өз қолымен жасасын». Фребель еңбегі оның көрнекі оқытудағы танымдылық және белсенділік компоненттеріне ерекше орын беруінде болып тұр. Сол заманғы барлық педагогтар сияқты көрнекі оқыту жайлы айта отырып, қоршаған ортаны сезім мүшелерімен тікелей қабылдау деген көзқараста болған ол, көрнекі оқыту әдістемесін жасағанымен, бірақ көрнекі оқытуды, мақсат категориялар мен танымдылықтың өзара байланысы жайлы мәселе ашық түрде қойылған жоқ.

К.Д.Ушинский көрнекілікті оқыту үдерісінде мұғалім жетекшілігімен немесе өзіндік бақылау нәтижесінде қабылданатындығына тәуелсіз түрде баланың тікелей қабылдауымен нақты бейнеде тұрғызылған

ілім ретінде анықтады. Көрнекіліктің ең ерекше де маңызды түрлерінің бірі деп ол әсерлі және бейнелі сөйлеуді есептеді. Оқыту үдерісінде мұғалім өз әңгімесін «біріншіден, оқылғандарды еске түсіріп қана емес, сонымен бірге оны тікелей жетілдірумен толықтыра отырып, балаларға оны көрсетуі тиіс; екіншіден, сұрақтарды сан алуан етіп және әсерлі ете отырып, көрнекілікті көрсетуі тиіс».

К.Д.Ушинский үшін көрнекілік - оқытудың әдістері мен тәсілдерінде міндетті түрде қатысып отыратын оқытудағы маңызды дидактикалық принцип.

Педагогикада көрнекіліктің табиғи, кескіндік (фотосуреттер, оқу картиналары) және кескіндік (графиктер, сызбалар, диаграммалар) деп аталатын үш түрін қарастырады. Көрнекіліктің әр түрінің өзіне тән атқаратын функциялары бар. Көрнекілік түрлері: табиғи көрнекілікке коллекциядағы кептірілген өсімдіктер, жануарлар мен құстардың тұлыбы, минералдар және т.б. жатады. Кескіндік көрнекілікке карталар, картограммалар, схемалар, диаграммалар, кестелер жатады. Мысалы кестенің бірнеше түрлері бар. Олар: хронологиялық, синхрондық, тақырыптық, графикалық кестелер. Экранды-динамикалық көрнекілік қоршаған дүниенің бейнелейді. Олар: диапозитивтер, диафильмдер, эпипроекциялар, оқу киносы, оқу теледидары. Дыбысты техникалық көрнекілікке грампластинкалар, магнитофильмдер, радиоқабылдағыштар жатады. Көрнекі құралдар оқу материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл түсіну үшін қолданылады.

К.Д.Ушинский баланы тек көрнекі оқытуды логикамен ұштастырғанда оқушының көрнекі ойлауын тәрбиелеу құралы болып табылады деп ұйғарды. Көрнекі оқыту «ақылдың дамуына» жол ашады.

Орыс педагогы Н.Ф. Бунаков (1837-1904) көрнекілікті оқудың шынайы өмірмен байланыс құралы, өмірлік қажетті білімді алу құралы деп есептеп, көрнекілік түсінігін танымдылық элементтермен байланыстырды.

М.Жұмабаев: «Бір затпен танысқанда сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Балаға бір нәрсені білдіру керек болғанда осы жолды ұстау керек. Яғни мүмкін болғанша баланың сыртқы сезімдерінің көбін қатынастыру керек. Мысалы, бір заттың түрін де көрсет, дыбысын да естірт, ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз, сыйпат, суретін салғыз. Баланың жаратылысының өзі осыны тілейді. Бала өзінің көрген нәрсесін ұстағысы келеді, естіген нәрсені көргісі келеді. Ұстаған нәрсесінің дәмін татқысы келеді. Осы жолды ұстағанда баланың білімі берік болады. Мысалы, дұрыс жазуы үшін құр ережелерді білуі жетпейді. Қолдың, көздің, құлақтың әдеттенуі шарт».

Ғалым-педагогтар көрнекі оқытуды сезім мүшелеріне әсер ететін, нақты қабылданатын объекті немесе құбылыстармен байланыстырды; олар көрнекі оқыту мәселесін көтерді; көрнекі оқыту мәнін негіздеді; оның мектепте қолданылу әдістемесін жасап, әрекеттің көрнекі оқытумен байланысы жайлы мәселе қойды.

Дегенмен, олар көрнекілік қасиеті тек нақтыға ғана тән деп, ал абстрактілік ұғымын көрнекілікпен байланыстыруға болмайды деп есептеді. Көрнекілік принципін қолдану әдістемесі негізінен бастауыш мектепке, ана тілі сабақтарына қатысы болып, көрнекі оқытудың компоненттік құрамы анықталған жоқ.

Қазіргі уақытта психологиялық-инновациялық және әдістемелік әдебиеттерде көрнекілік, көрнекі оқыту, көрнекілік түрлері, көрнекілік құралдары жіктелуінің сан-алуан жолдары келтіріледі. Ғылыми әдебиеттер мен мектеп практикасында «көрнекілік» сөзі үш мағынада қолданылады. Біріншіден, ол кейбір объектілер (көрнекі құралдарды), екіншіден, кейбір қасиеттерін, үшіншіден, адамның белгілі бір іс-әрекетін (көрнекілік құралдарын қабылдау, оларды пайдалануды) білдіреді. Терминнің көпмәнділігіне байланысты оның әр түрлі анықтамалары бар.

Психологиялық зерттеулер (Н.А.Менчинская, П.А.Гальперин, Т.В.Кудрявцев, Л.В.Занков және басқалар) көрнекілікті «абстрактілік деңгейде және практикалық іс-әрекет үдерісінде қарастырады.

З.И.Калмыкованың пікірінше, көрнекілік практикалық іс-әрекеттерімен ғана байланысты емес, сонымен бірге оқушылардың заттармен, оларды алмастыратындармен (сызбалармен, кескін, график және суреттермен) іс-әрекет орындауына тәуелді.

З.И.Калмыкова көрнекіліктің практикалық формасына бақылауға мүмкін болатын құралдармен бірге, сондай-ақ ойлау экспериментін де жатқызады.

Сонымен, көрнекі оқыту ұғымы объектімен немесе оны алмастырушы затпен тікелей практикалық іс-әрекет, сондай-ақ ойлау іс-әрекетімен тікелей байланысты.

Ғалымдардың екінші тобы көрнекілік ұғымын бейне ұғымымен байланыстырады. Оқытудағы көрнекілік объективті шындықтың тікелей қабылдау кезінде пайда болатын сезімдік-көрнекілік бейнелерді пайдалану, және жеткен жетістік нәтижесі таным-білім ретінде түсіндіреді.

Л.Н.Нуритдинов бейнелерді екі түрге бөледі. Бірінші топқа шынайы объектілер тікелей көрініс беретін сезімдік көрнекі бейнелер кіреді. Екінші топқа абстрактілік формада көрініс беретін рационалды бейнелерді жатқызды. Бейне мен көрнекілік түсініктері тығыз байланысты, ол көрнекіліктің сезімдік және рационалдық екі сатысын бөліп көрсетеді. «Рационалдық көрнекілік - теориялық ұғымның сезімдік нақты формада көрсететін дидактикалық құрал; осы құрал көмегімен оқушылардың танымдылық белсенділігін, логикалық ойлауын дамытып, танымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастырады, танымдылық, ғылыми-дүниетанымдық ұғымдарды игереді».

Л.Н.Нуритдинов оқытудағы көрнекіліктің, көрнекі оқыту ұғымының нақты анықтамасын бермегенімен, зерттелуші құбылыс жайлы сезімдік елестету қажеттігін бөліп көрсетті.

Л.М.Фридман көрнекілікті қабылдау, есте сақтау, ойлау мен қоршаған орта объектілерін тану кезіндегі психикалық бейнелердің ерекше

қасиеті деп есептейді. Бірақ кез келген бейне көрнекі емес. Психикалық бейнедегі көрнекілік дәрежесі объектінің қаншалықты түсінікті де, таныс екендігіне, адамның жеке ерекшеліктеріне тәуелді. Көрнекі бейнені жасаудың сыртқы шарты болып белсенді танымдық әрекет танылды. Объектіні енжар түрде бақылау оның көрнекі бейнесі жасалуына алып келмейді. Л.М.Фридман көрнекілікті - бұл түсіну мен белсенділік деп тұжырымдайды. Ол «көрнекі оқыту» терминін пайдаланбайды.

В.Г.Болтянский өзінің көрнекілік формуласын ұсынады: «Көрнекілік формуласы – изоморфизм+қарапайымдылық». Ондағы көрнекілік түсінігі модель түсінігімен байланысты: «...көрнекілік жайлы мәселені талқылау үшін құбылыстың екі моделін білу қажет: олардың біріншісі - абстрактілік модель, яғни, біз оқушы санасында қалыптастыруға тиісті құбылыс теориясы, екіншісі - көмекші, оқу моделі («модель-көмекші құрал»). Көрнекілік жайлы тек егер ол бірінші моделге изоморфты болып, қабылдаудың қарапайымдылығына ие болса ғана екінші моделді қолданудың мәні бар. Ол изоморфизмді құрылымдардың бірдейлігі ретінде түсінеді».

Қарапайымдылық түсінігі өзгеріссіз, тұрақты бола алмайды, ол адамның жеке және жас ерекшеліктеріне, оның білімі мен дағды деңгейіне, оның өмірлік тәжірибесіне тәуелді болып, тұрақты түрде өзгеріп отырады. Қарапайымдылық ұғымы өзгеруімен көрнекілік ұғымы да өзгеріп отырады, көрнекілік ұғымы қатып қалған – тұрақты болып табылмайды. Бір адам үшін бұл модель көрнекі болса, ал екіншісі үшін олай болмауы мүмкін, бұл оның қарапайымдылығына тәуелді. Біз модель көрнекілігі, модельдің осы сатыда, осы курста орындайтын мақсатымен тығыз байланысты деп есептейміз. Мысалы,...

В.Г.Болтянский көрнекілік ұғымын модель ұғымымен тығыз байланысты бастауыш бастауыш сынып сабағындалық формуламен өрнектеуге әрекеттенді. Бірақ оның жұмыстарында көрнекіліктің, танымдылықтың, мақсаттың, сезімдік компоненттің, нақты байланыстары ашылмай, бастауыш бастауыш сынып сабағындағы қандай оқытудың көрнекті болып табылатындығына жауап берілмейді.

В.Е.Евдакимов та көрнекілікті изоморфизм мен қарапайымдылық - оқу құралдары көрнекілігінің ажырағысыз белгілері деп түсінеді. Ол көрнекі бейне түсінігін танымдық әрекетпен байланыстырады.

Л.Н.Леонтьев көрнекілік оқушы жүзеге асыратын ішкі әрекеттердің сыртқы тірегі қызметін атқаруы керек деп ұйғарады.

Шабажанова С. Қ. балалардың ойлауы табиғатынан екі түрлі болып келетінін мұғалім қашанда білуі керек. Бірі — көрнекі құралдарға сүйене отыру арқылы қабылдаса, екіншісі — ауызша тезірек қабылдайды. Мұндай балаларды анықтау оңай емес. Баланың жасы кіші болған сайын олардың ойлауы көбінесе, көрнекі құралдарға негізделеді, ойлауы көрнекі- бейнелілік және ауызша-логикалық болып келеді. Олардың айырмашылықтары жасөспірім кезде ғана анықталады. Таза түрі сирек кездеседі. Көбінесе аралас

түрі кездеседі. Сонымен, көрнекілік түсінігі бастапқымен салыстырғанда едәуір өзгерді. Қазір көрнекілік тек нақты ғана емес, сонымен бірге абстрактілік деңгей мен іс-әрекет үдерісінде қарастырылады. Дегенмен көрнекілік ұғымына бірдей көзқарас жоқ, көрнекі оқытудың анықтамасы берілмеген, оны құраушы компоненттердің сипаттамасы толық ашылмаған, әрі бастауыш бастауыш сынып сабағындағы көрнекі оқыту ерекшелігі жеткіліксіз түрде зерттелген.

Қазақ ұлттық энциклопедиясын редакциясын басқарған Б.Аяған: «Көрнекілік ақпараттың, дәрістің, үгіт-насихаттың, жарнаманың танымдылығы мен пәрменділігін арттыру жолы, оқытуда заттар мен құбылыстардың әрқайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқау, қабылдауға баулиды. Адам қоршаған ортаны, дүниені, құбылыстарды бес сезім мүшесі арқылы түсінеді. Оның ішінде ақпаратты ең көп қабылдайтын сезім мүшесі – көру түйсігі. Адам шынында терең таңбаланатыны да осы көру түйсігі арқылы қабылдаған ақпарат. Бірақ, түйсік өздігінен құбылыстардың ішкі байланысын, олардың заңдылығын бейнелей алмайды. Құбылыстардың мәнін адам санасында ойлау, пайымдау қабілеті ғана бейнелейді. Көрнекіліктің нәтижесінде қоршаған өмір құбылысын және заттарды салыстыра ойлап, пайымға салып қабылдау арқылы оқушылардың мәселені түсіну дәрежесі артады, сана-сезімі қалыптасады. Сонымен бірге, қабылданған ақпарат оның міндеттеріне байланысты талданып, қорытылады. Көрнекілік құралдары оқушыларға бейнелі түсінік беру үшін ғана емес, оқушылардың ұғымын қалыптастырумен бірге, абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру үшін қолданылады.

К.З.Халықованың еңбегінде көрнекілікті бастауыш сынып сабағынданы оқытудың ажырамайтын бөлігі деп айта келе, ол бастауыш сынып курсының мазмұнындағы ақпарат ұғымының әртүрлі сипаттала берілуімен түсіндіріледі.

Г.Т.Жақыпбекова былай дейді: «Көрнекілік принцип мұғалімнің оқыту үдерісіне есту-көру (аудио - визуалды) техникалық құралдарды, кітаптар, карталар, кестелер секілді әртүрлі көрнекіліктерді, оқу құралдарын пайдалануынан көрініс табады.

Мектепте көрнекіліктің бірнеше түрі қолданылады. Мысалы, көрнекілік оқушыларды өмірде бар объектілермен таныстыруды көздейді. Көлемдік көрнекілік ақиқат дүниенің көлемдік бейнесін беру мақсатында қолданылады. Оған фото-суреттер, диапозитив, дыбыссыз кино, т.б. жатады. Дыбыстық көрнекіліктер - дыбыстық бейнелер, шығармалардан үзінді оқу, дауысты таспаға жазу, магнитофонды пайдалану, т.б. қамтамасыз етеді. Кескіндік және графикалық көрнекіліктер абстрактылы ойлауды дамытуды мақсат етеді. Мұндай көрнекіліктер болмысты символ түрінде сипаттайды. Мысалы жоспарлар, карталар, схемалар, диаграммалар, т.б. Суреттерді

анимациялау, түр-түсін өзгерту, оған дыбыстар қосу мүмкіндігі көрнекілік принципті жүзеге асырылуы болып табылады.

Көрнекілік принципінің жаңаны тануда, бейнені елестетуде, материалды ұзақ есте сақтауда тиімділігі жоғары. Цифрлық технологияларда оқушылар графикалық бейнелерді түрлендіріп, ондағы объектілерді өзгерте алады, ал оқу киносы мен теледидарда мұндай мүмкіндік жоқ.

Қ.Ә.Жұмағұлова: «Инновациялық әдебиеттерде көрнекіліктің заттық, бейнелік тілдік, шартты, көркем және динамикалық түрлері ең негізгілері болып саналады» дейді. Сонымен қатар, графикалық шартты бейнелер мен таңбалық модельдерге баса назар аударылады. Көрнекі құралдар шынайы іс-әрекеттерді алмастыру үдерісін бейнелеу және кодтау үшін, дерексіз тәуелділікті модельдеу мақсатында қолданылатындықтан, таңбалар мен символдарды таңбалық-кескіндік көрнекіліктер (ТСК) ретінде ерекше бір көрнекіліктің тобы ретінде бөліп қарастыруға тұрарлық. Сөйтіп, таңбалық - кескіндік көрнекілік дегеніміз - алмастыру, кодтау үдерісінің құрылымы мен қызметін көрсететін көрнекіліктің түрі, ол абстрактілі тәуелділікті оның түріне және нақтылы ерекшеліктеріне байланысты кескінді-шартты формалар арқылы модельдейді.

Таңбалық-кескіндік көрнекілікті оқыту барысында пайдалану үшін жалпы дидактикалық талаптарға сүйенеді. Ол талаптарға сәйкес құралдар: 1) оқушылардың жеке басының ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет; 2) оқыту тиімділігін арттыруы керек; 3) оқу материалын бірнеше қайтара түсіндіру немесе көрсетілу талабы сақталуы қажет; 4) оқушылардың оқу әрекеттерін мотивациялау; 5) оқушылардың өзіндік белсенділіктерін көрсетулері үшін еркіндік беру; 6) оқу материалдары реалды оқу мәліметтерінен тұруы қажет.

Бізді ұғымды қалай терең меңгерумен бір мезгілде, оның ойлауда қалай көрінетіндігі қызықтырады, бұл кезде біз «тікелей қабылдау» терминін пайдаланатын боламыз.

Қабылдау - бұл заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі кезінде олардың адам санасында көрініс беруі. Қабылдау күрделі танымдық әрекет болып табылады. Барлық ақпараттар біздің басымызға сезім мүшелері: дәм сезумен, терілік сезілумен, иіс сезумен, есту және көрумен келіп кіреді. Сыртқы әлем жайлы мәліметтердің ауқымды бөлігін адам көру арқылы алады, ол бізді қоршаған әлемнен үлкен ақпараттар бөлігін миға тасымалдайды.

Сондықтан да мектепте көбінесе оқу үдерісінде көру арқылы қабылдануға ерекше маңыз беріледі. Бүкіл сезім мүшелері үздіксіз, мимен тығыз байланыстағы бірлікте жұмыс істейді.

Оқытудың сәттілігін қамтамасыз ететін жағдай оқушы жасаған ішкі әрекеттердің қаншалықты дәл болғандығында. Кері байланыс көмегімен

материалдың игерілуі мен есте қалуы қаншалықты берік жүргендігі туралы пікір айтуға болады.

Қабылдау - барлық жағынан заттарды немесе құбылыстарды танудың күрделі үдерісі, бұл ойлау сілтемесі. Қабылдаудан ойлануға «өту» үшін оқыту ойын белсендіруді жүзеге асыру керек.

Қабылдау сапасы қабылдаушы адамның қабылдауға дайындығына, оның өткен тәжірибесіне, қабылданатын материалдың, құбылыс немесе заттың мәніне, адамның қызығушылығы мен психологиялық ерекшеліктеріне тәуелді.

Қабылдау үдерісі көбінесе сөз арқылы жүзеге асады. Қабылдау – көрнекі оқыту компоненттерінің бірі. Оқытудың сөз бен көрнекіліктің қабысуы жайлы мәселе Песталоцци кезінен бастап ғалым-педагогтарды қызықтырды. Осы бағытта К.Д.Ушинский, Л.В.Занков жұмыстары үлкен роль атқарады. Л.В.Занков оқытудағы сөз бен көрнекіліктің қабысу формаларын зерттейді:

I – мұғалім сөз арқылы оқушылар жүзеге асыратын әрекеттерді бақылай алады;

II - мұғалім сөз арқылы оқушылардың көрнекті объектілер, байланыстар мен құбылыстарды пайымдауына алып келеді;

III - объектілер жайлы мәліметтерді оқушылар мұғалімнің ауызша ха-барламасынан алса, ал көрнекі құралдар ауызша хабарламалардың тірегі немесе нақтылануы қызметін атқарады;

IV - көрнекі объектілерді бақылауды оқушылардың жүзеге асыруынан бағыт ала отырып, мұғалім оқушылар тікелей қабылдай алмайтын құбылыстар арасындағы байланыстар жайлы хабар береді.

Көрнекі оқыту меңгерілетін моделдерді жасау үдерісі: білімнің ұйымдасқан жинағы; қабылдау объектісінің моделі; оқушылардың ішкі әрекеттерінің нәтижесі.

Сонымен, қабылдау объектісінің түйінді, тіректік сапаларының қалыптасуы көрнекі оқыту түрінде болады. Көрнекі оқыту жадтың нейрофизиологиялық механизмі мен қабылдау психологиясына сүйенетін қабылдау объектісінің моделденуі. Көрнекі оқыту оқытушының ішкі әрекетімен оқушының ішкі әрекетінің қабысып жүзеге асуы.

Оперативтік көрнекілікке мыналарды жатқызамыз:

- демонстрациялық: материалды мазмұндау кезінде суреттерді, сызуларды, сызбаларды, кестелерді, плакаттарды, графиктерді, моделдерді, магниттік және баспа құралдарын, фотосуреттерді, муляждарды пайдалану;

- оқытудың техникалық құралдары: диафильмдер, кинофильмдер, кодопозитивтер, киносәкіналар, бағдарламалық оқыту элементтері, жеке цифрлық технологиялар, интербелсенді тақта және т.б.

Көрнекіліктің осы түрін пайдалану жаңа материалды үйрену кезінде қабылдау қарқындылығын ұлғайтуға мүмкіндік беріп, оқушылардың зейінін белсендіреді, тұтастай алғанда оқылатын материал мен пәнге қызығушылықтың дамуына жол ашып, динамикалық үдерісті

көруге мүмкіндік береді, пәнаралық байланыстардың орнауына жол ашып, оқылатын сұрақтардың практикалық қолданылу облысын кеңейтеді. Көрнекіліктің бұл түрі мектеп практикасында кеңінен қолданысы әдістемелік әдебиеттерде жақсы қарастырылған. Сондай-ақ, әрбір сынып үшін пәндер бойынша кестелердің стандартты жинақтары да шығарылды. Мұғалім қолдан жасалған кестелер мен сызбаларды жиі пайдаланады. Графиктер мен сызулар тақтада, дипозитив пен кодоскопта орындалады. Соңғы жылдары баспа негізді дәптерлер (БНД) мен материалдар кеңінен таралуда.

Оқытылатын пән қабылдаушы материалдың жалпы фонынан бөлінуі тиіс. Түзу сызықтар қисықтарға қарағанда, ал горизонталь сызықтар вертикалдарға қарағанда оңай қабылданып, фигуралар симметриясы таным дәлдігін екі есе арттырады. Қабылдау ерекшеліктерін есепке ала отырып, демонстрациялық көрнекілікпен жұмыс істеу кезінде, кодопозитивтер мен диапозитивтер құрау кезінде мұғалім кез келген суреттің, сызба және сызудың нақты сызбаға ие болу керектігін білуі тиіс. Қабылдау кезеңі контрасттық түстерді, әртүрлі қаріптермен жуандығы әртүрлі сызықтарда пайдалану жақсы көмектеседі.

Контрасттық түстердің ең ыңғайлылары: қара-ақ пен қара-ашық сары. Бірнеше кестені бірден ілуге болмайды. Кабинеттегі стенділер мен экспонаттар бір-бірінен бос кеңістікпен бөлектеніп, периодты түрге алмасуы тиіс. Электр тоқты пайдалану кезінде бір сабақта 4-10 проекцияларды немесе суреттарды пайдалануға болатындығын, проекцияларды деменострациялау ұзақтығы 10-45 секунд екендігін, ал кинофильмдерде 35 минут болатындығын, сабақта техникалық оқыту құралдарын пайдалану 20-25 минуттан аспайтындығын, статикалыққа қарағанда динамикалық көрнекіліктің пайдалы екендігін, оның оқылатын құбылыс мәнін жақсы түсінуге мүмкіндік беретіндігін есте ұстауы керек.

Формалданған көрнекілік - құрылымдық сыртқы әрекеттерге негізделген оқу жұмысындағы моделдің қалыптасу, «сыртқы» құрылымның қалыптасу үдерісі.

Көрнекіліктің бұл түріне: жазу кезінде курсив пен абзацты пайдалануды, жекелеген формулаларды ерекшелеп көрсетуді, оларды қоршауды, маңызды сөздер мен сөйлемдерді бөліп көрсетуді, жатқызамыз.

Мектеп оқулықтарының авторлары, мұғалімдер көрнекіліктің осы түрін: курсивті, теорема мен анықтамаларды, тақырыпшаларды бөлектеп көрсету үшін материалдың маңызды бөлімдерін ерекше қалың қаріппен жазуды тұрақты түрде пайдаланады. Бастауыш бастауыш сынып сабағында оқулықтарында * белгісімен күрделілігі жоғары тапсырмалар, Δ-бағдарлама бойынша міндетті емес оқып-үйрену белгісі беріледі. Көрнекіліктің бұл түрі қазіргі кезде кеңінен пайдаланылады. Бастауыш бастауыш сынып сабағында оқулығында, мысалы, мыналарды кездестіреміз: оқытудың міндетті нәтижелерінің деңгейіне сай келетін жаттығулар ? белгісін, үй жұмыстары үшін ұсынылатын жаттығу нөмірі ашық курсивпен терілген, * белгісінен едәуір күрделі жаттығулар

өрнектелген. Бірінші бетте оқулық тараулары мазмұндалған кесте келтірілген.

Сабақтарда негізгі материалды көрсету үшін тақта мен дәптерлерде біз түрлі-түрлі белгілерді пайдаланамыз. Қаламдар мен фломастерлерді пайдаланып, қоршауға аламыз. Бұл кезде мәтінді интербелсенді тақтаға орналастырудың маңызы зор.

Сол бөлік дәлелдеменің формалды логикалық тізбегі түрінде, ал он жақ оның тіректік пункттері көрнекі түрде белгілеумен бөліп алу түрінде болады.

Көрнекіліктің бұл түрі оқылатын материалдың оңай есте қалуына жол ашады.

Құрылымдық көрнекілік - құрылымдық сыртқы әрекеттерге негізделген оқу әрекетінің моделін қалыптастыру үдерісі. Құрылымдық көрнекіліктерге: тұрақты ассоциацияларда сүйенетін модел құруды, логикалық формада теоремалар жазуды, ақпартты үздіксіз сақтаудың жүйелерін құруды, цифрлық технологиялар, микрокалькуляторлар үшін бақылаушы бағдарламалар құруды жатқызамыз.

Фондық көрнекілік – қабылдау мен меңгеруді қамтамасыз ететін, мотивациялық сипатқа ие білімнің ұйымдасқан жинағының арнайы ерекшеліктерін моделдеу үдерісі. Фондық сипаттама моделді қалыптастыру кезіндегі ұзақ, бірсәттік емес әрекеттермен сипатталады. Біз қандай да бір сигналды, енгізген кезде, сигнал күрделілігіне тәуелділікте мидың жүйке ұлпасының қызмет атқаруының динамикалық режимі қалыптасады. Бұл режим жартылай шамада кіру сигналында көрініс беруі мүмкін. Сигналды қайта ұсыну немесе оны ұсыну уақытын ұлғайту кезінде едәуір тұрақты режим қалыптасады. Оқыту – бұл уақытша режимдер бірізділігінің қалыптасуы.

«Фон-ассоциацияның» пайдалану мысалына оқыту үдерісінде тарихи материалды пайдалану жатады. Тарихи фон жасау материалды қабылдауды жеңілдетеді. Бұл «фон-ассоциация» логикалық түрде өзара байланысты тарихи материалды оқыту үдерісінде келтіруге болатын сабақ тақырыптарымен тарихи материалдың азғана бөлігін мазмұндау үдерісінде жасалуы мүмкін. Әртүрлі тақырыптарды оқыту кезінде қажетті фонды жасауды, күрделі түсініктерді меңгеруді факультативтік сабақтарда жүзеге асыруға болады.

Бас ми қыртыстарының қабық асты орталықтарына батыл әрекет етуде қысқа уақыт ішінде едәуір тереңірек белгілі бір машық пен дағдыны қалыптастыруға болады. «Көңіл-күй фонын» жасау тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін. Сабақта музыкалық шығармаларды пайдалану оқушының өзіндік жұмысының қарқынын жоғарылатуға, оқылатын материалды едәуір сапалы түрде (қол еңбегі сабақтарында, әдебиетте, сурет сабағында, бастауыш бастауыш сынып сабағындағы өзіндік жұмыстар уақытысында, дене тәрбиесі сабақтарында) алуға мүмкіндік береді.

Дегенмен мұнда фон сабақта қойылған мақсатпен оқушының ішкі әрекеті сәйкестігі үшін белгілі бір талаптарға жауап беруі тиіс. Көңіл-күй

фонин оқу еңбегінде оң нәтижелер алу үшін мұғалім алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізу керек: оқу құралдарын, сабақ сюжетін енгізу жолын ойластыруы тиіс.

Материалды, пәнді оқыту әдістемесін мұғалімнің қаншалықты жақсы меңгергені, оның оқушыларға қатысы, мұғалімнің көптеген тұлғалық қасиеттері, өз еңбегі мен оқушы еңбегіне қызғушылық қатынасы сабақ фон мен сезініп, оқушының материалды қабылдауы, оны игеруі жеңіл жүзеге асады.

Мақсаттық міндет, мотивация, оқушының ішкі әрекетіне мұғалімнің сырттай алаңдауы - фондық көрнекіліктің құраушы компоненттері. Көрнекіліктің осы түрінің ерекше мәні қазіргі кезде дифференциалды оқыту жағдайында орын алуда. Бірқатар мектептерде бейіндік оқыту сыныптары жасақталып, әртүрлі оқу орындары (гимназия, лицей, колледж, жеке мектеп) пайда болуда. Мектепті бітіруші оқушының біліміне қойылатын талаптар әртүрлі, бірақ оқытудың міндетті нәтижелеріндегіден төмен болмауы тиіс. Дифференциалды оқытудың жаңа мектептік бағдарламаларын жасау кезінде көрнекілік оқытуға үлкен роль бөлінуі тиіс. Бір оқушылар үшін «тірек» қызметін пайымдау логикасы, мазмұндау тілі атқарса, ал екіншілері үшін - сабақ формасының, мазмұндау тілінің әдемілігі мен әсерлілігі орындайды. Бейіндік дифференциация жағдайында фондық көрнекілікті пайдалану мысалына ертегі-сабақтар, спектакль-сабақтар, бастауыш бастауыш сынып сабағындалық съездер мен конференциялар, дәріс сабақтар, қиял элементтері бар сабақтар, импровизация мен ойындар жатады.

Дистрибутивтік көрнекілік оқу әрекеті үдерісінде қалыптасқан моделді оқыту кезіндегі құрылымдық сыртқы әрекеттермен сипатталады. Көрнекіліктің бұл түріне материалды орналастыру құрлымын, базалық анықтамаларды бөлуді, тіректік материалмен дәлелдемелер әдістерінің жіктемесін жатқызамыз.

Көрнекіліктің осы түрін пайдалану оқытылатын материалда басымдық беріп, қабылдау мен игеру үшін оны едәуір қол жетілуі етеді, логикалық ойлауға, талдауға, негізгілерді бөліп, оқылатын түсініктер арасындағы байланыстарды орнатуға, ақпараттың үлкен көлемінде бағдарлануын үйретеді.

Бастауыш сынып сабағындалық білімді игеру оқу әрекетінде әртүрлі таңбалы құралдар жүйесіне сүйенеді.

Танымдық сфераның дамуы мен қалыптасуына жататын таңбалы-кескіндік құралдармен әрекеттің түрлерін психологиялық зерттеу өз бастауын Ж.Пиаже мен А.Валон жұмыстарынан алады. Ж.Пиаже оперативтік инварианттылық салыстырмалы түрде дидактикалық ұсыныстар берген жоқ. П.Я.Гальпериннің ақыл-ой әрекетін сатылы қалыптастыру теориясынан алынған мәліметтер мен Н.Г.Салмина нәтижелері мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік береді: операциялық даму символикалыққа әсер еткенімен, оны анықтай алмайды. Білімге сүйену икемділігі, жалпылау тек операциялық даму деңгейіне ғана емес, сонымен бірге білім

калыптасуының құрылымы және әдістерімен анықталатын пәндік-спецификалық білімге де байланысты болады.

Белгі - таңба мәселесінің қойылуының бастауы, таңбалы-кескіндік құралдарға сүйену Л.С.Выготский есімімен байланысады.

Инновациялық және психологиялық әдебиеттердегі таңбалы-кескіндік құралдарға сүйену тәсілін сипаттайтын ең кеңінен тараған термин - моделдеу.

Сондай-ақ, 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керектігі назарға алынған. Облыс әкімдігінде өткен жиында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев цифрлы жүйені халыққа өзін түсініп ал демей, түсіндіруіміз қажеттігін ескертті.

Қазіргі кезеңдегі психологиялық, инновациялық әдебиеттер ғылыми-технологиялық үрдістің жетістіктері мен білім беру саласына “жаңа компьютерлік технологияларды” енгізумен бірге келген “технология” деген ұғым жиі кездеседі. Ғылымда арнаулы технологиялық бағыт пайда болды. Бұл бағыт XX ғасырдың 1960-шы жылдарында АҚШ және Англияда пайда болды және қазіргі уақытта практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне тарады.

Барлық жасалған және қазіргі күнде адамның қолданып жүрген технологияларды екі түрге бөлуге болады: өндірістік және әлеуметтік, өндірістік технологияларға үлгі ретінде табиғат шикізатын қайта өңдеу технологиясы болады. Бұл жағдайда технология деп бастапқы материалды өнім “шығуында” белгілі бір алдын ала берілген қажеттерді бөліп алу мақсатымен қайта өңдеу процесі деп атайды.

Инновациялық іс – әрекет саласына “технология” деген сөздікті енгізу “индустриалдық” технология (Ф.Б. Гильбрейт, Ф.У. Тейлор және т.б.) деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Бұл бағытты бірқатар бұрынғы кеңестік үкіметтің аймағында ғалымдар (В.П.Беспалько, П.И. Пидкасистый және т.б.) қолдайды. Білім беру саласындағы инновациялық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, мұғалім мен оқушылардың оқу іс – әрекетін (Т.А. Ильина) ұйымдастыруды іздестіруде. Осымен қатар инновациялық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Бірақ, егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша технологиялар ұстаз іс – әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жаслынады. Ғылыми әдебиеттердегі бар терминдер технологияны жасаушылардың дара жеке мәселелерге (проблемаларға) білім меңгеруге бағытталған оқу моделі жағына өлшем жасалған.

Назар аударған: (оқыту технологиясы, ойын технологиясы, тест жасау информативтік – оқыту технологиясы, қашықтанқ оқыту технологиясы, рейтингілік оқыту технологиясы және т.б.) (Г.К. Селевко).

Шындығында инновациялық технологияны жасаушылардың назары (терминдік түсініктемелеріне қарағанда) инновациялық еңбектің жеке құбылыстар саласына бағытталған. Білім беру технологияларының басым көпшілігі негізінен оқушылардың белгілі бір білім жиынтығын меңгеруге бағытталған. Концепция жасаушылардың “ұстаздар – оқушылар” жүйесінің ерекшеліктерімен ұстаз еңбегінің технологиясының өзгешіліктері арасындағы өзара байланыстардың түрленген түрлерін көрсетудің басылмауы олардың ең осал жері. Егер кәсіби іс–әрекетке жеке өзгерістер енгізілсе еңбек саласында түбегейлі өзгерістерге жету және оның нәтижелеріне аса ықпал жасау мүмкін емес. Бұл тағы да “технология” ұғымының мазмұны туралы айтуға мәжбүр етеді.

Бар және жасалынатын жаңа инновациялық технологияны бағалаудың негізінде: концептуальдық; Ұстаздық қатысы бар заттық саласының мазмұнын түсіну ұстаздың қатысы бар; ұстаз іс – әрекетінің соңғы парадигмасының нақтылығы; жалпы технология және оның ішінде жеке және инновациялық технологияның қайда жасалынатынымен және қолданылатындығының саласының ұғымына сипаттама болып отыр.

“Технология” деген термин гректің түп тамыры *techné* – өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* – ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды, ол өндірістік үрдістері жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы, мысалы металдардың технологиясы, химиялық технология, құрылыс жұмыстарының технологиясы және т.б. Бұл осы термин өнімді өндіру үрдісі барысында жүзеге асырылып шікізатты материалдарды немесе жартылай фабриканттарды өңдеудің жасаудың, жағдайларын қасиеттерін, формаларын өзгерту әдістерінің жиынтығы ретінде міндеті – практикада өндіріс үрдістерінің ең тиімділерін анықтау мен қолдану мақсатында физикалық, химиялық, механикалық және тағы басқа заңдылықтарды анықтау. Міне осыдан бірқатар өте маңызды айқын анықтамалар туады:

– технологияны жасау үшін нақтылы еңбек затының қасиеттерін байланыстарымен қатынастарының жолын сипаттайтын заңдылықтарын білу керек;

- еңбек затын өңдеу тәсілдерін білу;
- еңбек затының жағдайын анықтай білу (диагностика);
- еңбек затының жағдайын өзгерту тәртібін (әрекет тізбегін) жасау.

Негізінен ең алдымен көрсетілген технологияның белгілері инновациялық еңбектің технологиясы дегеніміз не екенін анықтау береді.

“Білім беру” ұғымына берілген анықтамалар инновациялық технологиялар егер олар білім берудің мақсаттарына – біртұтас инновациялық үрдістегі тұтас тұлғаның қалаптасуына қызмет еткен жағдайда анықталатындығын көрсетеді. Демек инновациялық технология

егер ол “педагогтар – оқушылар” жүйесінің ерекшелігіне оның жағдайының өзгеруі біртұтас инновациялық үрдіс болатындығына негізделе отырып жасалған.

Қазіргі уақытта “инновациялық технология” ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Көп тараған анықтама В.П. Беспалько ұсынған: ол инновациялық технология оқу мен тәрбие үрдістерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық технология қол жеткен жетістіктерді сатылы өлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіншілігін жеткілікті дәрежеде сақтайтын мақсаттары мен тапсырылған оларға сәйкес ғылыми жобалардың болуын қалайды. Бірақ бұл анықтамадағы көрсетілген бір–бірімен тәуелсіз және дербес өмір сүруін оқыту және тәрбие үрдістері болады деген оймен келісу қиын. Тұлға дегеніміз тұтастай тұратын құрылым, және ол біртұтас инновациялық үрдіспен байланысты. (Ильин В.С.), демек инновациялық технологияда осы инновациялық үрдістің басты белгісіне сәйкес болуы керек.

Инновациялық технологияда берілген басқа да анықтама бар, ол: оқыту үрдісін жүзеге асырудың мазмұндық техникада (В.П. Беспалько), инновациялық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі), оқыту үрдісін ұйымдастырумен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен инновациялық іс–әрекетінің моделі (В.М.Монахов), барлық сабақ беру үрдісін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі техникалық және адам және олардың өзара әрекеттерін ескеру (ЮНЕСКО), мазмұнын қорытындылау (Г.К.Селевко). В.Н.Бордовская мен А.А.Реанның көрсетуінше білім беру технологиялары дегеніміз бұл білім беру үрдісіндегі ұстаздар мен оқушылардың жүйелілік іс–әрекеттеріне, ол мақсат мазмұн әдістерді ұйымдастырудың белгілі бір нақтылы принциптері мен өзара байланыстылығына сай нақталы идея негізінде жасалынады.

Г.М. Құсайыновтың есебінше инновациялық технология әдеттегі түсініктерден басқа – ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру үрдісі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту үрдісі, ол білім берудің мазмұнымен оқу жоспарларымен бағдарламаларында ескерілген іс – әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады.

Оқытудың дәстүрлі технологиясы. Оқытудың дәстүрлі технологиясы деп ең алдымен XVII ғасырда дидактика принциптерінде қалыптасқан, Я.А. Коменский негізделген және қазіргі дейін дүниежүзі мектептерінде басым көпшілігі қолданылатын оқытуды сынып – сабақтық ұйымдастыру деп түсінеді. Сынып – сабақ жүйесі инновациялық үрдістің одан әрі жетіліп ұйымдастырылған дайындау қажеттілігіне байланысты пайда болған, себебі сол ғасырдың ортасында оқуға келушілердің санының

көбейе түсуіне байланысты шамамен бір жастағы балаларды оқу топтарына жинақтала бастады.

Соңғы жүз жылдықта сынып – сабақ жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған бірнеше зерттеулер жүргізілген. Олар оқу жұмысының ұйымдастырудың мынадай формаларын іздестірумен байланысты болады. Ол сабақтың кемшіліктеріне, айталық оның орта оқушыға бағытталуын, оқудағы алға басушылық қорытындыларының мазмұнының біркелкілігі мен орташа шамасы, құрылымының өзгермейтіндігі: үйге берген тапсырманы сұрау, жаңа сабақты баяндау, үйге тапсырма беру. Дәстүрлі сабақтың кемшілігінің нәтижесі, ол оқушылардың танымдық белсенділігіне дамуымен және оның дербестігіне тежеу болатындығында.

Дәстүрлі сынып – сабақ технологияларының аса көрнекті белгілері ол: біржастағы оқушылардың тұрақты құрамы мен дайындық деңгейлері; кластың бірыңғай жылдық оқу жоспары мен бағдарламасымен жұмыс істеу; сабақ оқудың негізгі бірлігі; әрбір сабақ бір оқу пәнәне тақырыпқа арналған, себебі сынып оқушылары ортақ бір материалмен жұмыс істейді; сабақтардың үнемі тұрақты алмасуы кесте (расписание) мұғалімнің басқарушылық ролі және с.с.

Сонымен, оқушы, оқу күні, сабақтар кестесі, оқу каникулдары, үзілістер – бұл сынып сабақ жүйесінің белгілері.

Дәстүрлі оқыту технологияларының концептуалдық негізін Я.А. Коменский жасаған педагогика принциптері: ғылымилық, бірізділік, жүйелілік, беріктілік, белсенділіктегі сапалылық, көрнекілік теорияның практикамен байланыстылығы, жас аралық пен өзіндік ерекшеліктерді ескеру.

Оқыту дегеніміз ересек үлкен ұрпақтардан емес өсіп келе жатқан ұрпақтарға білім, білік және дағдыларды, әлеуметтік тәжірибені алып беруін айтамыз. Бұл тұтас үрдістің құрамына мақсат, мазмұн, әдістер мен құралдар кіреді.

Оқытудың мақсаттары бірқатар жағдайларға байланысты тиісті бір құрамдас бөліктен кіргізетін ойнақы өзгерткіш категория болады. Мақсаттың ерекшелігіне сай дәстүрлі оқыту дегеніміз тұлғаны белгіленген қасеттермен, тәрбиелеу болып табылады. Мақсаттың мазмұнына байланысты дәстүрлі оқыту тұлғаны дамытуға (жан – жақты дамыту тек қана мәлімдеме ғана) емес көбіне білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған. Қазіргі кездегі жалпы мектепте мақсат біршама өзгерген айталық идеологияландыру шығарылып тасталған, жан – жақты үндестірілген даму ұраны алып тасталған, адамгершілік тәрбиесінің құрамы да өзгерістерге ұшыраған, бірақ мақсатты жоспарланған қасиеттер сапарлар (оқыту стандарттары) жиынтығы ретінде қарастыру парадигмасы бұрынғы сияқты қалып отыр.

Білім берудің дәстүрлі жалпы мектептің мазмұны бұрынғы кеңес үкіметі жылдарында қалыптасқан, ол елді индустриализациялау міндеттері мен дамыған капиталистік елдердің техникалық деңгейіне қиыншылықпен,

жалпы ғылыми–техникалық прогрестің ролімен және ол осы күнге шейін технократиялылығымен анықталады.

Дәстүрлі технология ең алдымен авторитарлық педагогиканың талаптарына оқушының ішкі өмірімен өте нашар білім болып табылады, ал ол әртүрлі сауалдар мен мұқтаждардан тұрады, онда тұлғаның өзіне тән қабілеттерін көрсету үшін жағдайларымен творчестволық көріністері болмайды. Оқыту үрдісінің авторитарлығы іс–әрекетті регламентациялаудан көрінеді: оқыуды атқару тәртібінің ықтиярсыз істелінетіндігі (“мектеп талаптарды даралайды”); бақылауды бір орталықтандыру; орташа оқытушыға бағыттанушылық (“мектеп талаптарды өшіруде”). Онда оқушы позициясы ықпал етуге оқыту объектісіне бағынған, оқушы “тиісті” оқушы әлі толықанды. Тұлға емес, ухсыз “винт” ретінде көрінеді. Ал мұғалімнің позициясы – ол командир, жалғыз инициативті адам, төрешісі (“әрқашанда ол дұрыс айтады”) жас үлкен адам (ата–ана) оқытады; пәнмен балаға, “жазалаушы оқ” стилі.

Білімді меңгеру әдістері дайын білімдерді хабарлауға негізделеді. Оқыту белгілі бір үлгілермен, индуктивтік логикамен жеке даралықтан жалпылыққа механикалық есте сақтауға көзбен көргенді мазмұнын айқын беру, репродуктивтік еске түсіру елестеу.

Дәстүрлі оқыту технологияларының әдістерін екі келесі топтарға жатқызуға болады:

1. Иллюстративті–түсіндіру әдістері (лекция, баяндау, әңгімелесу, тәжірибелерді көрсету, еңбек опера–циялаы, экскурсиялар және т.б) мұғалім түсіндіреді және оқу маериялын көрнекті түрде көрсетеді.

2. Репродуктивтік әдіс: мұғалім білімді, іс–әрекет тәсілдерін, тапсырмаларды шешуді тәжірибелерді елестету үшін тапсырмалар құрастырады; оқып үйренуші оқу материалдарын белсенді еске түсіреді. (сұрақтарға жауап береді, есептер шығарады және с.с.), сонымен “білім көшірмелерін қалыптастырады”.

Сонымен дәстүрлі оқыту технологиясының артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады: ерекшеліктердің жүйелілігі; оқу материалын логикалық дұрыс бере білу ұйыдаструдың анық бере білу ұйымдастырудың анықтылығы; мұғалім тұлғасының оқушыларға тұрақты әсерлі эмоция сезімдік ықпал, жалпы оқу барысында қаржыны орынды жұмсау. Бұл технологияның нашар жақтары мыналар: біркелкілік, табандық құрылым, сабақ уақытын тиімсіз бөліп тарату, оқушылардың бір–бірімен қатынастардан изоляциялау, оқшаула, оқушыларда дербестіктің болмауы, енжарлық !немесе көзбоярлықтағы белсенділік); оқушылардың сөз іс–әрекетінің нашарлығы; оқушыларға орташа өшеммен қарау, индивидуальді оқытудың таза болмауы, нашар қайта байланыс. Бұндай сабақтарда материалдан тек қана хабардар болуын қамтамасыз етіледі, ол ең жоғарғы деңгейге жету үй тапсырмасын орындауға қолданылады.

Сабақ негізгі форма ретінде оқыту–тәрбиелеу үрдісін ұйымдастырудың басқа формаларымен толықтырылуы мүмкін. Олардың бір бөліктері сабақты паралелді дамытады; яғни сынып – сабақ жүйесі

шеңберінде (топсеруендер, кеңестер, үй жұмысы, оқу конференциялары, қосымша сабақтар.)

XX ғасырдың 1980–шы жылдары Ресейде жаңашыл–мұғалімдер топтары қалыптасты, олардың әрқайсысы Бастауыш мектепте баланы оқыту, тәрбиелеу және дамытуда өзіндік жаңалықтары болды, олар ең жоғарғы нәтижелер берді. Сонымен бірге, олардың жалпы ортақ белгілері болды. Бастауыш мектеп оқушысының оқу жұмысы тәсілдерін жеңілдету және жандандыру, танымдық іс–әрекетті (сүйеніш схемалар, сигналдар) үлкен блоктар арқылы материалдарды оқу және т.б. аса айрықша көрсететін жаңашыл педагогтардың, мұғалімдер позициясын бағытын авторитарлықтан демократиялыққа гумандыққа ауыстырға деген ұмтылушылықты айтуға болады, бұл жаңа инновациялық ынтымақтастық деген бағытқа орын береді.

Барлық осы технологиялардың көрнекті өкілдері ішінен Ш.А.Амоношвилиді –бастауыш мектеп оқушыларын эксперименталды оқыту жаңашалап атау керек. Ш.А.Амоношвили өзінің эксперименталдық мектебінде ынтымақтастық педагогикасын жеке тұлғалық бабын табу бағыты, тіл мен бастауыш сыныпны есепті оқытудың бір реттілік әдістемесі оның инновациялық іс–әрекетінің өзіндік қорытындысы, өзінің тракты “О начальной ступений образования, построенного на принципах гуманноличностной педагогики” деген еңбегінде баяндалған.

Академик М.П.Иванов–коммунарлық тәрбие әдістемесінің коллективтік істің әдістемесінің авторы қазіргі жағдайда А.С.Маренконың идеясын дамыта түседі. Жаңашыл–педагогтың тәжірибесіндегі басты әдістемелік колективтік еңбек ісінің ерекшелігі–ол тұлғаның субъективтік позициясы.

Е.Н.Ильин әдебиет сабағын өнер және адамгершілік–эстетикалық курс ретіндегі берудің жүргізілудің бірегейлі, соны концепциясын жасады, ол әрбір оқушыға адам болып қалыптасуына көмектесті. Ұстаз мақсатты басшылыққа ала отырып жасөспірімге өз күшін тексеруге оның өзіндегі ең жақсы тұлғалық қасиеттерін айтуға, гуманизмнен адамзаттық биіктеріне әкелуге көмектеседі. Е.Н.Ильиннің әдебиет сабақтарды–ол жай жұмыс емес кестедегі сағат емес.

СССР Халық мұғалімі В.Ф.Шаталов дәстүрлі сынып–сабақ тәсілімен оқытудың әліде болса ашылмай жатқан орасан зор қорын көрсетіп, оқытудың итенцифтендірудің технологиясын жасап практикаға кіргізеді.

В.Ф.Шаталовтың әдістемелік жүйесі әрбір оқушыны оқу іс–әрекетіндегі белсенділікке қатыстыруға, дербес ерікті танымдықты тәрбиелеуге, әрбір жеке оқушыда өзінің адамгершілігін сезімін өзінің күштері мен қабілеттеріне сенімсіздік нығайта түсуге мүмкіндік береді.

Жаңашыл–педагогтар И.П.Волков творчестволық дамытатын оқытудың технологиясын жасап жүзеге асырады, осыған сай тұлғаның творчестволық қабілеттері баланың оқудан тыс іс–әрекетін еркін таңдап алу негізінде бірізді қалыптасады.

Қ.О.Бітібаева (Усть–Каменгорск) практика жүзінде ынтымақтастық педагогиканың жүзеге асырады. Ол үшін ынтымақтастық педагогикаы ол адамгершіліа педагогикасы. Оның көптеген оқушылары өздерінің ұстазының ізін басып отыр. Оны сүйсіне олар әдебиетіз оны Қ.О.Бітібаеваның ойлауынша даналық сабағын аттап өте алмайды.

Қазіргі білім беру технологиялары санатындағы дамытатын жетілдіретін оқу технологияларын көрсеткен жөн. (Д.Б Эльконин –В.В. Давыдов,Л.В.Занков, Г.С. Альтшуллер және т.б.) Дамытатын оқыту деп жаңа түсіндіріп иллюстративтік тип тең орысша келе жатқан белсенді іс–әрекеттенген оқыту типі. Дамытатын оқыту дамудың заңдылықтарын ескеріп қолданады, индивид деңгейі мен ерекшелігіне бейімделеді, ұлғаның мұралық нышандарының дамуына дем береді, бағыттайды және тездетеді, баланы толық құнды іс–әрекеттің субъектісі ретінде бағалайды.

Жаңашыл педагог Н.А.Зайцев сауаттылыққа ерте оқыту және интенсивті оқыту технологиясының авторы болады, бұл технология өте жоғары нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін сауаттылыққа оқытудағы принципалды жаңа бағытқа негізделген.Н.А.Зайцевтің технологиясының мәні сонда, ол оқу үрдісін бала дамуының табиғаттың негізіне сүйене отырып, қатынас және іс–әрекет арқылы, болатының танымдық күшін жан –жақты үдетуге арқылы жасайды.

“Преемственность ” бағдарламасының авторы В.Н. Зайцев Бастауыш мектептегі жалпы оқу біліктерін дамыту технологиясын негіздеді. Бұл технологияның негізінде –дигностика және өзін–өзі диагностикалау, сабақтастық, білім дамуында жеткен деңгейді тұрақты қолдау жатыр.

Қазіргі замандағы білім беру технологиялары компьютерлік оқыту технологиясы жатады.

Компьютерлік оқыту формаларын қолданатын қазіргі деңгейдегі дамыған телекоммуникациялар, қашықтанқ технологиялар информациялық технологиялар алдағы жүзжылдықта оқыту үрдісінің даму негізін құрайды.

Оқыту технологиясы – жалпы беру бағдарына, оқытудың мен негізделген, жақсы нәтижелерге жету кепілдігін беретін оқыту құрастыру.

Білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың алатын орны, мектепте оқушылардың ауызекі сөйлесу әрекеттерін белсендіру мен қарқынды дамытудың, сапалы әрі тиімді жолы ретінде қазіргі заманғы оқыту технологияларын сабақта қолдану жолдары ғылыми-теориялық тұрғыдан баяндалған.

2. Мақсаты

-Сабақтарда тиімді технологияларды қолдану арқылы, оқушылардың іскерлік белсенділігін, дербестік әрекетін және танымдылық потенциалын нығайту үшін, жағдайлар жасау:

– Оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу:

– «Білім» заңына сәйкес басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жақсарту:

-Оқытудың қазіргі заманғы технологиясын жан-жақты меңгеру арқылы оқушының жеке тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ету:

3.Міндеттері

-Талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу жолдарын қарастыру,оларды өсіру,әр оқушының қабілетін танып білу:

Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы,оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу,бірлескен инновациялық әрекетті жобалаудың жан -жақты ойластырылған үлгісі - Академик В.М. Монахов.. Осы орайда мектептерде технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронтальды түрі көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады. Жаңа технологияның мақсаты бойынша “оқытуды ізгілендіру” қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты. “Білім беру технологиялары”, “инновациялық технология” термині мен қатар ”оқыту технологиялары” термині қолданылады. Оның біріншісі көлемді болып келеді. Өйткені, білім беру технологиясында оқушының үйренушінің тұлғалық сапасын дамыту және құрумен байланысты болатын тәрбиелік аспекті бар.

“Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады”, – деп С.Әбенбаев айта келіп, оның құрылымын төмендегідей етіп көрсетеді:

- оқытудың мақсаты;
- білім берудің мазмұны;
- инновациялық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- оқушы, оқытушы;
- әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі).

Сонымен қатар, С.Әбенбаев нақтылы инновациялық үрдісті талдап жүзеге асыруды “... оқыту технологиясын жобалау үрдісі деп атауға болады” деп айта келіп, оның құрылымын төмендегідей анықтайды:

- оқу жоспары және бағдарламасына сай оқытудың мазмұнын таңдау;
- оқытушы бағдарлай алатын оқытудың басымды мақсатын таңдау, яғни жобалау барысында білім алушыларда қандай кәсіптік және тұлғалық сапа қалыптасады, міне соны анықтау;
- мақсаттарға немесе басымды бір мақсатқа негізделіп оқыту технологиясын таңдау;
- оқыту технологиясын талдап жасау.

Инновациялық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқауы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиістігі анықталуда:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;
- қойылған мақсатқа жету үшін нақты инновациялық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;
- сәйкес келетін инновациялық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және инновациялық құрылымдарының сызықтық емес принципі;
- оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту үрдісінің бейімделу принципі;
- біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу (артық болу) принципі.

Инновациялық технологияның міндеттері:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;
- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Инновациялық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы – әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға “оқыту” мен “үйрену” үрдістерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру үрдісінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі

камтамасыз етіледі. “Инновациялық технология” оның ішінде “оқыту технологиясы” ұғымын анықтауда, басым көпшілік мамандар оларды үш маңызды жағдайлармен біріктіреді:

- іс-әрекетінің жиынтығы түріндегі қажет ететін үлгіні дәл анықтау негізінде оқытуды жоспарлау;

- оқытуды талап ететін әрекетті қалыптастыруды іріктеген қатаң тізбекті әрекеті түріндегі оқытудың барлық үрдісін “бағдарламалау”.

- алғашқы белгіленген эталонмен оқытудың нәтижесін салыстыру.

М.Чошанов оқыту технологиясы негізінен инновациялық үрдістегі «Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?» мәселесін шешуге бағытталатынын айтады. Оқыту технологиясы жөніндегі ой-пікірлерді саралай келе, біз оны: біріншіден, оқытудың мақсатқа сәйкес нәтижесіне қол жеткізудегі нақты қадамдарды және олардың үйлесімділігін зерделейтін ғылым саласы; екіншіден, оқытудың нақты жағдайда нәтижелі жүзеге асырылуын белгілейтін жобалау немесе модельдеу; нақты оқыту үрдісін нәтижелі етіп оқытудағы үрдіс деп білеміз.

Жалпы “технология” түсінігі қаншалықты қолданыста болғанымен, ол жөніндегі түсінік ұғыныңқы болмаған. Білім берудің қазіргі кездегі практикасында бұл ұғым стандартты емес ғылыми көріністерде ереже ретінде қолданылып, педагог жұмыстарының өндірілген әдіс-тәсілдерін, құралдарын білдіреді. В.П.Беспалько технологияны түсіну үшін ең алдымен инновациялық іс-әрекеттің өндірушілік белгісіне көңіл аудару қажеттігіне зейін аударады, әлеуметтік тұрғыдан бұл белгі, технологияның басқа белгілерінен оның жалпылық сипатымен байланыстылығын сипаттайды. Қазіргі білім беру технологияларын Г.К. Селевко технологияның сыныпификациялық параметрлері тұрғысынан: қолдану деңгейі, негізгі дамыту факторы, меңгеру тұжырымы, жеке тұлғаның құрылымына бағдарлау, мазмұн сипаты, басқару типі, ұйымдастыру формалары, балаға ықпал ету тәсілдері, әдістердің басымдылығы, жетілдіру бағыттары, оқушылар категориялары бойынша нақтылап көрсетеді.

Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Жұмыста педагог-ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған.

Сонымен инновациялық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту;
- деңгейлік саралап оқыту;
- міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік оқыту технологиясы;
- бағдарламалап оқыту технологиясы;
- оқытудың компьютерлік технологиясы;
- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы;

- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту.

Сондай-ақ Қазақстандық ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясының ерекшелігі:

- үнемі қайталау;
- ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану;
- жекебағдарлықарым-қатынас, ықпал;
- ізгілік;
- зорлықсыз, еркі мен оқыту;
- әр оқушының табысының жариялылығын түзетуге, өсуге, табысқажетугежағдайжасау;
- оқыту мен тәрбиелеудібіріктіру.

Сондай-ақ әрбір инновациялық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету.

Инновациялық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда.

Оқытудың қазіргізаманғы технологиялары

- саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері танымдылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

Деңгейлік саралау-оқушылардың бір сыныпта бір бағдарлама және бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі.

1. Оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай ,еркін өмір сүруге бағыттау.
2. Білімі мен білігне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге тәрбиелеу.
3. Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.,дамыту.
4. Аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Сонымен, қазіргі қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік терең өзгерістер білім беруді әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық рөл берілсе, ол қазір оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуі тиіс, оны оқытпайды, ол өздігінен оқу керек. Ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жағдайы әрбір жеке қызығуымен мүмкіндіктерін ашу болмақ.

Оқушылардың білім – білік дағдыларын жетілдіру үшін деңгейлеп саралап оқыту технологиясын өз тәжірибеме енгіземін. Саралаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарылту емес, ол мұғалім тарапынан оқушыларға берілетін көмек болуы тиіс. Негізінен тәжірибеде саралап оқытудың екі түрі кеңінен қолданылады:

- 1 . Деңгейлеп саралау
- 2 . Бағдарлық саралау

Модульді оқыту технологиясы

1. Инновация жолында модульдік технологияның алатын орны

2. Модульдік оқыту технологиясының құрылымы

3. Оқыту модулін әзірлеуге ұсыныстар. Оқу модулін даярлау технологиясы модульдік технологиясы бойынша оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруда аймақтық компонентті пайдалана отырып, әр тақырыпты тірек-сызба арқылы түсіндіремін. Тірек-сызба мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді, әрі оқушыларды осы тірек-сызба арқылы өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге көмектеседі, яғни сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Мысалы: 4 сыныпта «Біздің қала. Біздің ауыл» деген лексикалық тақырыпта тірек-сызба.

Қашықтықтан (қашықтан) оқыту.

1. Қашықтан оқыту түсінігі, мақсаты, міндеттері

2. Дидактикалық қасиеттері мен функциялары. Қашықтан оқыту аспектісінде компьютерлік коммуникация

3. Қашықтан білім беру жүйесінің құрылымдық ерекшелігі

4. Қашықтан оқытудың негізгі моделдері

Қашықтықтан білім беру технологиясының іске асырылуы

Қашықтықтан оқыту технологиясына өту қоғамның ақпараттық дамуына байланысты креативті тенденция болып табылады.

Қашықтықтан оқу арқылы білімгерлер уақыттарын шектей алады. Қашықтықтан оқыту- бұл, ең алдымен, қандай да бір оқу орнына белгіленген уақытта бармай-ақ, курстың бағдарламасын қажетті тәртіпте орындау.

ҚО қазіргі заман әлемінде Интернет, e-mail (электрондық почта), телефон және факс байланысы, бейнеконференция және қарапайым почта арқылы дәстүрлі оқу материалдарына алмастыру көмегімен дамиды.

Бұл технология білімгерлермен оқытушылардың арасындағы байланысты, мың километр қашықтықта бөлетін және күнделікті қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді.

Төменде көрсетілген адамдар Қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана алады:

– техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және жоғары білім базасындағы қысқартылған білім бағдарламасы бойынша;

– барлық білім беру деңгейлерінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, I және II топтығы мүгедектер болып табылатын тұлғалар үшін;

– «Болашақ» стипендиаттарын қоспағанда, жоғары білім деңгейінде білім алушылардың алмасу бағдарламасы бойынша мемлекет аумағынан тысқары шыққан білім алушылар;

– жоғары білім деңгейінде сырттай оқу түрі бойынша жедел әскери қызметке шақырылғандар.

– жоғары білім деңгейінде ұзақ мерзімді (4 айдан астам) шетелдік іссапардағы тұлғалар;

Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша оқыту үрдісін ұйымдастыру

1. Кредиттік технология мәні, негізгі түсініктер

2. Кредиттік технология бойынша оқыту үрдісін ұйымдастыру

Оқыту үрдісінің объектісінің басты ұстанымы

ғылыми ақпаратты беру, оны игерту, естесактау, практикалық қолданысын айқындау, бақылау.

Оқушылар танымдық белсенділік пен білімді қабылдау, практикада пайдалану

Кредиттік

Білімді игерудің алгоритмін айқындау, оқушының білімге деген қызығушылығын қолдау,

білімді ғылыми жаңалықтармен толықтыру, қолданбалы мәнін ашу, бақылау

Білімді игеру бағдарламасын құрады, кәсіби білім бағдары, қолданысы айқындалады, әлемдік тәжірибе ескеріледі.

Жоғарыдағы ақпараттар, оқыту үрдісінің екі жақтылы үрдісс екендігін, онда субъект-объект, объект-субъект, субъект-субъект қарым-қатынас жүйесінің нақты орнын аңғартады.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

– дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады.

– қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

– оқытушы білмейтін танымдылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

– ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

– иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

– ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала -субъект», «бала-

объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Ал, жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады .

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың бастауыш сыныпқа жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін инновациялық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақ педагог-психологтардың жаңа инновациялық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық инновациялық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Танымдылық өлшемдеріне танымдылық ептілікті, танымдылық белсенділікті болашақ маманның танымдылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты танымдылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері са алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа инновациялық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық инновациялық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу – қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек. Экономикадағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз. Сондықтан біз тек Қазақстанның ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті жаңа мамандарды дайындай білуіміз керек. Қазіргі заман сабағы мұғалімсіз болмайды. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болайық.

Білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен танымдылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді. Қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың инновациялық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде. Білім сапасын көтеру мақсатында түрлі жаңалықтарды мектеп өміріне енгізіп жүрміз. Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп, оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс – тәжірибелер жасаудамыз.

Қазіргі кезде оған жететін жаңа инновациялық технологиялар да баршылық. Соның бірі – критериалды бағалау жолы. Біз бұл бағалау жолын сын тұрғысынан технологиясы арқылы жүзеге асыра аламыз.

Бастауыш мектеп оқушылары үшін ең жоғарғы бедел иесі – мұғалім. Оқушылар әр пәннен алатын білімдерін мұғалім арқылы қабылдайды. Оқу мен оқытушы ол үшін бөліп жарғысыз нәрсе. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тұрақтанған қалпы бар сала-бастауыш мектеп.

Инновациялық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер көзі. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі

бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам инновациялық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Себебі, мұнда мұғалім 20 пайыз, оқушы 80 пайыз сөйлеп, өз білімін жетілдіреді, өз ойын еркін айтады. Бастауыш сатыда “Бастауыш сынып” пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіштер тәсілдері ретінде деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. Оқушының дайындық деңгейін саралау оқушының жеке танымдық мүмкіндігін ескерудің басты тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Тапсырмаларды білімді қабылдауға бағдарланған іс-әрекеттік модель ретінде қарастыруға болады. Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша тексеру, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде қарастыруға болады.

Қазіргі ғаламдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісінде өзекті ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылуда. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Мектептің бастауыш буынында оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс-әрекетпен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үрдіс – іс-әрекеттегі оқытуды ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі – оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Ол өз пікірін бір-біріне топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс. Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың жана үрдіссуальдық біліктілігіне, ақпаратты алдын-ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті танымдылықпен дамытуға көңіл бөлінеді.

Бастауыш бастауыш сынып сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің

сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары (анализ, синтез, салыстыру, сұрыптау) және танымдылық іс-әрекеті қалыптасады. Мұның нәтижесін сабақ соңындағы «Ашық журналдан» көруге болады.

Оқушылар қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық, нақты және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілуде. Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймыз.

Жалпы технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақтылығы және білімі қажет. Бастауыш мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы. Орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»-деп білім беру жүйесін одан ары дамыту көзделген. Бұл міндеттерді шешуде, әрбір орта мектептің бастауыш сатысында білім беруде оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологияларға сай ұйымдастыру әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Жеке тұлғаны дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етеді. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, сонда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамсыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Бастауыш мектепте қазіргі жаңа инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі оқушылардың білімін арттыруда, іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің иновациялық іс-әрекетінің ғылыми-инновациялық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа инновациялық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен танымдылық, инновациялық

әрекетін ұйымдастыруда қазіргі инновациялық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, инновациялық технология деген ұғымды түсіну керек.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы инновациялық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар иновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады;
5. өзін - өзі тексеруге дағдыланады;
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады;

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, танымдылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін, жаңа инновациялық инновациялық технологияны игерген, психологиялық-инновациялық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдердің бірі - сыни тұрғысынан ойлау. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, танымдылық жұмыс жасау. Бұл әдістің тиімділігі сабақ барысында оқушылар топтық жұмыс барысында тез шешім қабылдауға, логикалық ойлауға, тақырып аясында өз ойларын дамытуға дағдыланыды. Мысалы мен өзімнің тәжірибемнен айтар болсам, 2 сынып әдебиеттік оқу пәнінен Т.Молдағалиевтің «Он алтыншы желтоқсан» тақырыбында өткен сабақ барысында оқушыларым топтық жұмыс жасағанда, аталған технологияның инсерт , болжау, миға шабуыл әдістерін сәтті пайдалана білді.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру арқылы оқушының танымдық қабілетін

дамыту, саналы деңгейге көтеру. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың

Мектепте оқытудың үшөлшемдік әдістемелік жүйесі инновациялық технологиясын өз іс-тәжірибемізге енгізуді 3-ші сыныптың Дүниетану пәні бойынша «Модуль» құрудан бастадық.

Модуль дегеніміз бұл үлкен, ауқымды тақырып немесе бірнеше параграфтан тұратын тарау. Бұл жоспарлаудың ерекшелігі, әрбір тарау үш қорытынды сабақпен аяқталады.

Сонымен қатар, бастауыш мектепте ақпараттандыру мәселесін зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, Бастауыш мектепте ақпараттандырудың міндеттерін шешуде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қабылданудың төмендегі бағыттарына сүйену керек.

- 1) оқу үрдісінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану
- 2) Бастауыш мектептерде электрондық оқулықтарды қолданып оқыту.
- 3) кәсіби - инновациялық іс-әрекетті қамтамасыз ету.
- 4) оқу –тәрбие үрдісін басқару

Бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологиялар төмендегі бағытта қолданыла алады:

- балалар мен педагогтарды зерттеу пәні, соған сәйкес Бастауыш мектептегі мазмұны арнаулы компьютерде өз бетімен жұмыс істеуді жетік меңгертуге құрылуы тиіс.

- мұғалімнің сабақ жоспарын, конспект жазу, көрнекі – әдістемелік құрал дайындау, оқушылардың өткен материалды меңгеруін тексеру.

- танымдылық елестету, жағдайға байланысты тез шешім қабылдау, қоршаған ортаны тану қабілеттерін дамытып, қалыптастыру үшін бастауыш мектеп оқушылары үшін интеллектуалды дамыту туралы,

- ақпаратты алу және құрбыларымен, әріптестерімен Интернет арқылы қарым-қатынас жасау көзі;

2. Сауатты түрде іріктелген компьютерлік программалардағы ойындық және оқу тапсырмаларының вариативтілігі оқушының жұмыс істеріне игі әсерін тигізеді;

3. Компьютерлік программада, электронды оқулықта берілген ойындық, оқу тапсырмалары проблемалық ситуация оқушылардың көңіл-күйіне, ынтасына әсер етумен қатар олардың танымдылық және интеллектуалдық белсенділігіне кешенді түрде ықпал етеді

4. Оқушылардың жаңа материалды, жаңа техниканы меңгеру деңгейін және олардың жеке қабілеттерін, қабылдау темпін, қызығушылықтарын, ынталарын есепке ала отырып, ұйымдастыру барысында оқытудың жеке әдістері мен формаларын қолдануға мүмкіндік береді. Өйткені қазіргі ақпараттық технологиялар ұжымдық іс-әрекетіне құрылған оқу тәрбие үрдісінде жеке оқыту түрін ұйымдастыруға бағытталған.

Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді...

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді. Ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»-деп білім беру жүйесін одан ары дамыту көзделген. Бұл міндеттерді шешуде, әрбір орта мектептің бастауыш сатысында білім беруде оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологияларға сай ұйымдастыру әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Жеке тұлғаны дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «білім беру технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етеді. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, сонда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамсыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Бастауыш мектепте қазіргі жаңа инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі оқушылардың білімін арттыруда, іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің иновациялық іс-әрекетінің ғылыми-инновациялық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа инновациялық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен танымдылық, инновациялық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі инновациялық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, инновациялық технология деген ұғымды түсіну керек.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы инновациялық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар иновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ

барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Инновациялық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады;
5. өзін - өзі тексеруге дағдыланады;
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады;

Бастауыш мектептің мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық технологияларды ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы

қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы инновациялық технологияларды меңгеру. Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы танымдылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Атап айтқанда:

- Қоғамдық біліммен бара-бар инновациялық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән берілуде;
- Ақпараттық дәстүрлі әдістер қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;
- Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалімнің күнделікті ізденісі мен шығармашылығы, еңбегі қажет-ақ. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық технологияларды меңгеруі маңызды рөл атқарады. Инновациялық үрдісті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерінің зерттеу маңыздылығы М.В. Кларин, М.М. Поташиник, П.И. Пидкасистый, Т.И. Шамова, Н.Р. Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырған. Инновациялық іс-әрекеттің түрлі аспектілерін, білім берудің мазмұнын

дамыту, жаңалықты енгізу мәселелерін Ю.К. Бабанский, В.А. Сластенин, А.В.Лоренсов, В.П. Кваша, В.Я. Ляудис, Қ.Қ. Қабдықайыров, С.Н. Лактионова, Ш.Т. Таубаева, М.М. Жанпейісова, Ж.А. Қараев және т.б.

қарастырған.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастыруға бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Осы орайда білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема - әлеуметтік және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану. Педагогика ғылымында оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері белгілі болғанымен, ол әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдану жағы жеткіліксіз зерттелінген, сондықтан зерттеу жұмысымыздың тақырыбын

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Мемлекеттік білім стандарт деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа инновациялық технологияларды ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы инновациялық технологияларды меңгеру. Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы танымдылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Атап айтқанда:

- Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;
- Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- Оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына көшу.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі экономика, ғылым және мәдениеттің өзін-өзі дамытуға өз бетімен білім алуға ізденуге іштей қажеттілігін туғызу. Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарта жол ашты. "Инновация" ұғымы педагогиканың сөздік қорына ежелден енген екен. Ол кейбір ғалымдардың еңбектеріне "жаңа" "жаңалық енгізу" деп көрсетіледі екен. Кейбіреулері оны "өзгеріс" деген терминмен анықтайды. Бұл түсініктер кең мағынадағы терминдермен білім беру жүйесіндегі кез келген өзгерісті сипаттайды. Инновация термині

қазірде білім берудің теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны "білім беру жүйесінде жаңалық енгізу" деп айтсақ, "Введение принципиального в образовательную систему" ұғымның мағынасын тарылтқан болар едік. Инновация ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениет танушылардың зерттеулерінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін, екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған. Инновация (латын сөзі in - в, novis- жаңа) жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді екен. С.И.Ожегов сөздігі бойынша: инновацияны бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық (4; 34). "Инновация" ұғымын әр елде әртүрлі түсінген, кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған, ал Араб, Жапон елдерінде инновация ұғымын сөздіктерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-инновациялық, техникалық, саяси әдебиеттерді, баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шет елдерде, социалистік елдерде, Қазақстан мемлекетінде "инновация" ұғымына берілген анықтамаларды қарастыралық. "Ғылымның қайнар көзі" - Ресейде "инновация" ұғымына өте үлкен күдікпен қараған: XIX-XX ғ. басындағы бірде-бір білім реформаларында бұл термин кезікпейді. Негізінде реформа жүзеге асқан, бірақ "инновация" термині еш жерде аталмайды. Инновация деген ұғымның өзін қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, инновация ұғымының әр елдегі, әр түрлі уақытта берілген анықтамалары: "Инновация" ұғымына берілген ең ескі емес анықтама, бұл салада американдықтар мен еуропалық көлемді зерттеулер иесі Э.М.Роджерстің анықтамасы болып есептеледі. Э.М.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: "Инновация - нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея". Ал А.И.Кочетов "инновация" ұғымына төмендегідей анықтама береді: "Көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және инновациялық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы". Алайда Р.Масырова мен Т.Линчевская мұндай анықтамамен келіспейтіндігін білдіреді. Олардың тұжырымдамасында, "Егер баратын деңгей" алдын-ала көрсетілген болса, ол қандай инновация" делінген. В.Кваша мен В.Латинаның пікірлері бойынша "инновация" - бұл жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі болып табылады.

Тәжірибелер көрсетіп жүргендей, кез келген инновация - мөлшерлі іс-әрекеттің шегіне ұмтылуы және одан шығуы. Педагогика ғылымының тарихын саралап талдау көптеген инновациялық инновациялардың ерте уақыттарда да болғанын көрсетеді. Мысалы, Сократ мектебі - "Қуаныш үйі", К.Д.Ушинский мен Л.Н.Толстойдың ғылыми идеялары және т.б.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, инновациялық құбылысты үздіксіз жаңартуға жетелейді. "Жаңару" (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: "Жаңару - белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақыттан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея" (Масырова Р., Линчевская Т. Инновационные школы в Казахстане. РБК, Алматы). Қазақстан мемлекетінде "инновация" ұғымын пайдалану соңғы бес жылдыққа жатады. Ең алғаш "инновация" ұғымы қазақ тілінде анықталған ғалым үрдіс Немеребай Нұрахметов. Ол былай дейді: "Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі". Инновациялық негізін құраушы ұғымдардың - "инновация", "нововедение", "новшество", "новое", т.б. қазақша аудармаларын жасаған, Ы.Алтынсарин атындағы білім проблемаларын ғылыми-зерттеу институты әдіскері К.Құдайбергенова болып табылады. Өз еңбектерінде "инновацияны" – нақты қойылған мақсатқа сай салынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған:

"ИННОВАЦИЯ"-жаңарту.

"НОВОВЕДЕНИЕ" - енген жаңалық.

"НОВОЕ"-жаңа.

"НОВШЕСТВО" - жаңалық.

"ИННОВАЦИОННЫЙ ҮРДІСС" - жаңарту үрдісі.

Инновациялық энциклопедияларда төмендегідей анықтамалар берілген:

"инновация" сөзі латын тілінен енген - новый, яғни аударғанда

"обновление - жаңарту", "новинка - жаңалық", "изменение - өзгеріс" деген мағына береді. Инновация дегеніміз білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған.

Жоғарыдағы мағлұматтарды бір жүйеге келтірсек, төмендегідей қорытынды шығаруға болады: Инновация ұғымын ғалымдар әртүрлі түсінеді екен.

1) жаңалық, жаңаны енгізу, жаңарту үрдісі.

2) өзгеріс.

3) құрал, әдіс

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір, білікті маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде инновациялық технология ұғымы біздің инновациялық лексиконымызға беріп еніп келеді. Дегенмен, оның мән-мағынасы туралы

пікірлер алуан түрлі. Түсіндірме сөздікте: Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы делінген, Б.Т. Лихачев инновациялық технологияны оқу үрдісіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін инновациялық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық үрдісті нақты инновациялық нәтижеге жетелейтін бірліктердің (өлшемдердің) белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және инновациялық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта оқушы мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы. Инновациялық үрдіс технологиясы дегеніміз мақсат – мүддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұн, форма, әдіс-амалдарының, дидактикалық талаптарының психологиялық-инновациялық нұсқауларының жиынтығы (12, 13). Оқыту технологиясы мектепте оқу үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық-инновациялық іс-әрекеттердің жүйесі кешені ретінде пайдаланылады. Ол оқушылардың тәртібіне, оқуға, ынтасына, оқу – іс-әрекетіне игі мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашыл қызметі болып табылатын инновациялық іс-тәжірибесінің нәтижелілігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие үрдісінің басты күре тамырының ролін атқарады. Былайша айтқанда, инновациялық технология – оқу- тәрбие үрдісінің танымдылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (компоненті). Инновациялық технология оқу-тәрбие үрдісімен, мұғалім мен оқушының іс- әрекетімен тығыз байланысты.

Инновациялық технологияның құрылымы:

1. Концептуалдық (тұжырымдық) негізі.
2. Оқу-тәрбие үрдісінің мазмұндық бөлімі:
 - Оқытудың, тәрбиелеудің нақты және жалпы мақсаты;
 - Оқу материалының, тәрбие жұмысының мазмұны.
3. • Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
 - Оқушының оқу әрекеті мен тәрбиелік жұмыстардың әдістері мен түрлері
 - Оқытушының оқу-тәрбие үрдісін басқарудағы іс-әрекеті;
 - Оқу-тәрбие үрдісінің диагностикасы.

Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту-тәрбиелеу технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа инновациялық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттары мен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Білім бастауы – бастауыш мектепте берілетіні анық. Бастауыш мектеп –

бұл оқушының тұлға мен сананың дамуы қуатты жүретін кезеңі.

Сондықтан да

бастауыш – білім берудің алғашқы басқышы.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті балалардың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, қабілеттерін ашып, дамыту, оқуға деген ықыласын, іскерлігін қалыптастыру. Өзі сабақ беретін бастауыш мектепта, ең алдымен оқушыларының қай бағытта өмірге икемділігін анықтап алып, балалардың сол қасиеттерін дамытуға мүмкіндік жасалады.

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу, жан-жақты дамыту әрбір ұстаздың міндеті. Қазір кейбір мұғалімдер сабақтың жаңа түрін пайдаланса да, мақсат – оқулықтағы материалдық мазмұнын шәкірт бойына сіңіру деп ғана ұғынады.

Инновациялық технологияларды төмендегідей топтарға жинақтауға болады:

1. Инновациялық қарым-қатынасты демократиялық және ізгілік негізінде құру инновациялық технологиясы:

- Ынтымақтастық педагогикасы;
- Ізгілікті-тұлғалы оқыту-тәрбиелеу технологиясы;
- Адамгершілікті қалыптастыруға негізделген оқыту-тәрбиелеу жүйесі.

2. Оқушы әрекетін жандандыру және жетілдіру негізінде оқыту технологиясы.

- Ойын-сабақ технологиясы;
- Проблемалық оқыту;
- Коммуникативтік оқыту жүйесі

3. Оқу үрдісін ұйымдастыру және басқару тиімділігіне негізделген оқыту технологиясы.

- Бағдарламалап (программалап оқыту)
- Дифференциалдап оқыту және тәрбиелеу.
- Даралап оқыту
- Ұжымдық және топтық оқыту тәсілдері.
- Компьютерлік технология.

4. Әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта өңдеу негізіне қарай құрылған оқыту, тәрбиелеу технологиясы:

- Ірілендірілген дидактикалық бірліктер (П.М. Эрдниев).
- Мәдениет диалогы (В.С. Библер, С.Ю. Курганов).
- Ақыл-ой әрекетін сатылап дамыту теориясын жүзеге асыру технологиясы (М.Б. Волович).

5. Ұлттық педагогика әдістерін пайдалануға негізделген оқыту-тәрбиелеу технологиясы:

- Сауаттылыққа тәрбиелеу (кушнир технологиясы).
- М.Монтессори технологиясы.

6. Альтернативті оқыту технологиясы:

- Вальдорф педагогикасы (Р. Штейнер).
- Еркін еңбек технологиясы (С. Френе).

Инновациялық инновация – инновациялық жүйедегі жаңашылдық.

Инновациялық жүйе құрылымын кй ғалымдар (И.П. Подласый, В.П. Беспалько) Оқушылар (тәрбие мақсаты – тәрбие мазмұны – тәрбие үрдісі (мұғалімдер (тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формалары түрінде қарастырады. (тәрбиелей отырып оқыту жағдайында)

Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттыратын негізгі тәсіл – оқушыларға осы деңгейлік тапсырмалар беру. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараев оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін 4 түрге бөледі:

- 1) Репродуктивтік деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады. Сондықтан оқушы бұл деңгейдегі тапсырмаларды орындауда аса ойлануды қажет етпей, тез жауап бере алуы тиіс.
- 2) Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.
- 3) Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп қосымша әдебиеттерді қолдана отырып, жауап береді Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.
- 4) Танымдылық деңгей. Оқушы таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты балалар танымдылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі қажет.

Бүгінгі таңда, бастауыш мектепте жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Бастауыш мектепте білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, бастауыш мектеп педагогының жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі - «Интербелсенді оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Бастауыш мектепте интербелсенді әдістерде басты назарды “процеске”, яғни үйрену процесінің өзіне, білім алушылардың “қалай” және “қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интербелсенді сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Бастауыш мектепте интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып

ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады.

Интербелсенді әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Қытайдың бір нақыл сөзінде: "Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін" делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білім алушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі білім алушылардың белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың бастамасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқу үрдісінің барысында оқушылар мыналармен қарым – қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
2. Оқушылармен (жұптасып жұмыс істеу барысында)
4. Шағын топтармен (3-4 оқушымен);
5. Оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
6. Техника түрлерімен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде).

Бастауыш мектепте интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс әрекетінде. Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің

нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде.

Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б.

Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, компьютерлер бейне фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады.

Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

- * оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- * әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- * әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- * оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- * оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- * кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- * оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- * өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- * мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

«Білім туралы» заңында: «Қазіргі мектептердің, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы; қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», – деп атап көрсетілуі мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне жаңа бағыт сілтейді.

Өткен ғасырдың басында отандық педагогтар білім оқушының шығармашылық потенциалына қаншалықты әсер ететіні туралы мәселелерді бірнеше рет көтерді. Я.Зеленкевичтің, В.В.Розановтың жұмыстарында оқытуды даралау мен дифференциациялау қағидаларының негізінде білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру керектігін айтып өткен.

Яғни, сабақтың инновациялық жүйесі қалыптасуы керек. Инновация латынның “novis” – жаңалық; “in” енгізу деген ұғымды білдіреді, яғни “жаңару”, “жаңамын”, “өзгеру”, мағынасын береді. Үлкен

энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым “жаңаша білім беру” деп түсіндіріледі, яғни инновация – жаңалықты іздеу, жарату, енгізу және оны іс жүзінде қолдану үрдісі.

Келешекке көз жіберіп қарайтын болсақ, “инновация” ұғымы біздің қоғамға еніп, қолданып та келеді. Олай дейтінім, біз қазір кемелденген, өркендеген қоғамда өмір сүріп отырмыз. Мұның себебі әлемнің әр түкпіріндегі жаңалық атаулы әп-сәтте таралып, оны әр халық өзінің тұрмыс жағдайына, ақыл-ойларына қарай дамытып; іс жүзінде қолданып келеді. Міне бұл да инновация. Бірақ бұл жердегі инновация мен қазіргі айтылып жүрген инновацияның арасында алшақтық бар. Себебі, бұрынырақ қалыптасқан инновациялық әдіс дәстүрлі әдіске айналып, ол жаңалық болып адамды қызықтырудан қалған. Инновация ол жаңашыл әрдайым, үздіксіз жаңарып отыратын әдіс. Ол әрдайым өзгеріп отыруы шарт. Істеген әрбір жұмысымыз инновацияға толы болса, онда ол шығармашылық болар еді.

Инновацияның қоғамға сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де енуі үшін, оның технологиясын құру керек.

«Технология» ұғымы бірінші рет өткен ғасырдың 40-шы жылдары шет елдерде қолданысқа түсіп, педагогикалық үрдісте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды.

Технология – өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай даяр заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы.

Технология – ол белгілі бір жоғарғы мақсатқа жету жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жиынтығы және жұмыс істеу реті. Яғни, технология терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, еңбек пен тәртіптің, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін алгоритм.

Ж.Қараевтың пайымдауынша, технология дегеніміз – әдістемелік жүйемен сәйкесті дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер оның құрамды бөлігі.

Бастауыш мектепте қолданылатын педагогикалық технологиялар

Педагогикалық технология – оқу әдістері мен тәрбиелік құралдардан таңдалып алынған психологиялық-педагогикалық жиынтық. Ол, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің жолын көрсететін құрал.

Педагогикалық технологияның дамуына үлес қосқан шетел оқымыстылары (Ж.Ж.Руссо, Я.Корчак, Г.Роджерс, Э.Берн т.б.), орыс оқымыстылары (К.Д.Ушинский, Н.П.Пирогов, Л.Н.Толстой т.б.), совет ғалымдары (Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, В.П.Беспалько, П.С.Селевко, С.С.Кашлев, В.М.Монахов, В.М.Волков, М.В.Кларин, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Ш.А.Амонашвили,

В.П.Шаталов т.б.), Қазақстандық ғалымдар Ж.А.Қараев, Г.М.Құсайынов, М.М.Жанпейісова, Т.Галиев, Н.Н.Нұрахметов, Г.К.Нұрғалиева, Ә.Ә.Жүнісбек, К.К.Қабдықайыров Ж.Қобдинова т.б. соның ішінде модульдік оқыту технологиясымен айналысқан ғалымдар Г.С.Күдебаева, С.С.Құнанбаева, К.Ж.Жаксылықова, Л.Екшембаева, М.М.Жанпейісова т.б. теориялық және практикалық жағынан дәлелдеп берді.

Ал, біз ұсынып отырған жаңа технологияның мақсаты: – инновациялық жүйе негізінде дарынды балалар мектеп оқушыларын өзін-өзі тәрбиелей алатын жеке тұлға ретінде қалыптастырып, шығармашылық белсенділігін дамыту;

– компьютерлік технологияның жоғары мүмкіндіктерін дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытуда пайдалану;

– бүгінгі қоғамның ең қажетті компоненті – кәсіби маманданған, компьютерлік технологиямен қажетті деңгейде жұмыс істей алатын, ақпараттық мәдениеті қалыптасқан, жан-жақты дамыған жеке тұлға дайындау.

Біз ұсынып отырған педагогикалық технологияны қолданып, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға болады. Яғни, оқушылардың шығармашылық белсенділігі дамып, өзін тәрбиелей алатын, білімі мен білігі жетілген жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік туады.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту деңгейлерінің өзгерісін, олардың «ішкі» мүмкіндіктерін «сыртқы» факторлар арқылы бейнелеу деп те қарастыруға болады.

Оқу үрдісінде өзіндік жұмысты оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытатындай етіп ұйымдастыру үшін төмендегідей талаптар қойылады:

– оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған жұмыстарды көбейту;

– оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындауда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануына бағыт-бағдар беру;

– оқыту пәндерінен шығармашылық белсенділікті дамытатын мазмұнды-операциялық білім беруді енгізу;

– мұғалімнің бақылаушы, бағалау-реттеуші қызметіне компьютерлік технологияның заманауи мүмкіндіктерін байланыстыру.

Шығармашылық белсенділік оқушылардың іс-әрекетінің сапасы ретінде, белсенді ізденіп жұмыс істейтін жаңашыл жеке тұлғаны қалыптастырады.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігінің даму деңгейі мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіне тікелей байланысты. Толығырақ айтқанда, мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқыту үдерісіндегі мұғалім мен оқушылар арасындағы ізгілікті қарым-қатынас пен оңтайлы әдіс-

тәсілдері қолданып оқыту оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытудың негізі болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытуда, субъект ретіндегі білім игеру қызметін дұрыс анықтаудың мәні үлкен. Осыған орай, оқушылардың қабылдауы, зейіні, ойлауы, ой қорыту әрекеттері мен шығармашылық белсенділігінің байланысын білу керек. Себебі, шығармашылық іс-әрекеттің өзі оқу материалын қабылдау, меңгеру және оны талдаудан басталады.

Шығармашылық іс-әрекет нәтижелері дарынды оқушының белсенділігінің, ізденімпаздығының, біліктілігінің жетілуіне, жеке тұлға болып қалыптасуына, яғни, психологиялық оқу әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және оның мазмұны мен формасына қарай көзқарастары қалыптасып, жетілетіндігі анықталды.

Сондықтан, **шығармашылық белсенділікті дамыту** – оқушыларға білімді құндылық бағдары ретінде игертумен, олардың ізденімпаздығы мен зерттеушілігін, білімін жаңа жағдайда шығармашылықпен пайдаланатын жеке тұлғаны дамытатын педагогикалық үрдіс.

Дарынды оқушының шығармашылық жұмыстарды орындауы, одан танымдылықті, ізденімпаздықты талап ететіндіктен, оны төмендегідей кезеңдермен орындағаны дұрыс: – жұмыстың мақсатын айқындап, міндеттерін белгілеу; – жұмыстың жоспарын құрып, орындау жолдарын қарастыру; – жұмысты шығармашылықпен істеуге әрекет ету.

Бүгінгі бастауыш білім беру жаңа технологиялармен оқытатындықтан, әлемдік деңгейдегі білім берудің жаңаша үдерістері туғызған реформалар, мектепке көбірек назар аударуды қажет етіп отыр. Сондықтан, бастауыш мектепте білімге қойылатын талаптар да, мазмұны да өзгереді. Осыған байланысты, білім беру ісінің бағыты, педагогикалық технологияларды талдауға, электрондық оқулықтарды сабақта пайдалануға, заманауи компьютерлік технологияларды дарынды оқушылардың өздігінен білімін, біліктерін жетілдіруде қолдануға бағыттауы керек. Яғни, білім беру саласы жаңа қарумен қаруланып, компьютерлік және ғарыштық байланыс құралдарын пайдалануы бүгінгі күн талабы.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту технологиясы төмендегідей қызметтер негізінде жүзеге асады:

- жоспарлау қызметі оқыту үдерісіндегі шығармашылық іс-әрекеттің көлемін, мақсат-міндеттерін, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын, нақты бағыттарын және түрлерін анықтаумен;

- ұйымдастыру қызметі ұтымды іс-әрекеттер көмегімен кім, қашан, қалай, қандай әдіс-тәсілдерді қолданып білім берді деген сұрақтарға жауап алумен және оларды іс-жүзінде қолданумен;

- бақылау қызметі мұғалімдер мен ата-аналар, тәрбиешілер ұжымына мақсатқа жетуге, бақылауға жағдай жасауды түсіндіреді.

Дарынды оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту қоғам өмірінің қажетіне қарай жеке тұлға қалыптастыруда маңызды мәселе. Себебі, инновациялық даму дәуіріндегі ғылымның бүкіл саласында білім

мазмұны тереңдеп, көлемі кең қарқынмен жоғарылаған ғылыми-техникалық өрістеу дәуірі дарынды оқушылардың шығармашылық белсенділігін талап етуде. Сол себептен, оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуды арнайы ұйымдастыру оқыту үдерісін жетілдірудің шарттарының бірі ретінде қарастыруымыз болады.

Дарынды оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуда білім берудің ең бір тиімді әдістерінің бірі – вариативтік әдіс болып табылады. Бұл әдіс барлық білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымына білім берудің кез-келген әдіс-тәсілін өз қалауларынан тандап, ғылымда дәлелденіп, қолданыс тапқан авторлардың еңбектерін пайдалануына мүмкіндік береді. Оларға Ш.А.Амонашвили, Е.Н.Ильин, Б.П.Никитин, С.Н.Лысенкова, В.П.Шаталовтың еңбектерін жатқызуға болады.

Білімді дифференциациялап оқыту әдісі де өте тиімді. “Дифференциация” латын тілінен аударғанда, “бүтінді әр түрлі бөліктерге”, “түрге”, “сатыларға бөлу” деген ұғымды береді. Егер осы дифференциациялап оқыту әдісінің технологиясын құратын болсақ ол мынандай бөліктерден тұрады: – жас ерекшелігіне қарай; – жынысына қарай; – қызығушылық аймағына; – ойлау қабілетіне; – денсаулығына қарай.

Білім берудің бір тәсілін қолданудан бұрын, сыныптың технологиялық климатына, білім деңгейіне, ізденісіне, ынтасына, талпынысына үлкен мән беріп, мейірімді, өзара түсінікке негізделген орта қалыптастыру керек. Жеке адамдардың ерекшеліктеріне қарай стратегиялық жоспар жасау қажет. Шығармашылық іс-қимылға көбірек назар аударып, таңдалып алынған әдіске инновация енгізу арқылы, оның технологиясын жасау қажет. Әр түрлі оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінен түйгеніміз, дарынды оқушылардың оқу мүмкіншіліктеріне үлкен сенім артып, оқытуға деген мұғалімнің үлкен талпынысы, шеберлігі болуын айтып өткеніміз артық болмас. Осындай ұстаздар қатарына В.Давыдов, Б.Блум, В.Беспалько, В.Шаталов, Ж.Қараев, Е.Бидайбеков, А.Әбілқасымова, А.А.Қалыбекова, Д.Рахымбек, Ә.Жолдасбеков, М.Жанпейісова, М.Жадрина, А.Әмірбекұлы және т.б. атауға болады.

Оқыту пәндерінен инновациялық білім беруде блоктап білім беру әдісін пайдалануға болады. Бұл жерде берілген тарау үлкен блоктармен ашылады. Әр мұғалім өзі сабақ жүргізетін сыныптың жағдайына қарап жасап алады:

Мақсаты: Оқу мазмұнын жүйелеп отырып, оқушының белсенділігін арттыру.

Міндеті: – мазмұнды жүйелеуде, блоктық әдіс-тәсілді пайдалану; – блоктарға бөлінген сабақ мазмұнын анықтау; – сабақтардың логикалық-құрылымдық структурасын анықтау; – шығармашылық белсенділікті дамытудағы тиімді әдістерді талдау.

Мазмұны: – сабақтың негізгі ұғымын, мағынасын тереңірек ашу; жаттығулар орындау; – өмірмен және ғылыммен байланысы, – ғалымдардың өмірі туралы еңбектерді шолу.

Технологиясы: – тарауды мазмұнына, оқушының меңгеру шамасына, уақытқа байланысты жеке-жеке блокқа бөлу керек; – тақырыптың жүйелілігін аша отырып, бірлесе отырып талдау(теориялық жолмен талдау); – теориялық білімді тексеру (теориялық бақылау жұмысы өзара сұрақ-жауап); – практикалық білімді тексеру (карточка, тест); – сыныптан тыс оқулықпен жұмыс (ғылыми еңбек); – қорытынды блок (топтық, жекеше, жалпы бақылау жұмысы).

Психолог-педагог ғалымдар мен дидактардың зерттеулері негізінде, бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін компьютерлік технологияның инновациялық мүмкіндіктерін пайдаланып дамытудың сызбасы (төмендегі сурет).

Жоғары дарынды оқушы басқа дарынды оқушылардан осы технологияны қолданғанда бөлініп қалмайды. Өйткені сынып алдын-ала топшаларға бөлінеді. Әр топшаның басында басшы-нұсқаушы, қадағалаушы, жоғары дарынды оқушы(лидер) тұрады. Топшаларға жеке тапсырмалар алдын-ала беріледі.

Блоктың жоспарында не істеу керектігі, қандай ғылыми әдебиеттер пайдаланып дайындалуға болатындығы ескертілетіндіктен, дарынды оқушылар әрқашан сабақта дайын әрі белсенді болады.



Сурет. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытуда топшалап оқытудың сызбасы.

Теорияны түсіндіріп, тәжірибелік талдау жасағанда, дарынды оқушыларға жеке жұмыстар, қосымша эксперименттік есептер, қызықты физикалық кросвордтар, логикалық есептер мен сұрақтар беріледі. Бұған, дарынды оқушылардың барлық сатысы қамтылады. Олардың ізденісіне, ғылыммен айналысуына уақыт бөлінеді, пәнге деген қызығушылығы артады.

Мәселен, үйірме т.б. сабақтарды инновациялық технологиясын құрып өтуге болады: Бұл жерде үйірме сабақтар-білімді тәжірибемен ұштастыратын бірден-бір білім көзі. Сыныптан тыс атқарылатын жұмыстар мектептің алдына қойылған үш мақсатының негізгі құралы. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылар арасында коллективизмнің, жолдастықтың өзара көмектің жібін жалғай отырып, олардың мінез-құлықтарына да әсерін тигізеді. Академик П.Л.Капица айтқандай «Оқушы тәжірибені өзі жасағанда түсінеді. Тіпті жақсы түсініп ізденгені, оның приборды өзі жасағаны, мұндайды әр уақытта қарап отыру керек». Тақырыптың инновациясының технологиясының алуан түрлілігі оның дүниетанымдық және практикалық маңызы оқушының пәнге ынтасын арттырары анық. Сондықтан, қызықты әдіс-тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, дарынды оқушылардың сана-сезіміне пәннің қажеттілігін ұялата білсек, соның әсерінен дарынды оқушылар өзі ізденіп, өмірге енгізе білсе, олардың қоғамдағы бетке ұстар дарынды азаматтар болары даусыз.

Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған жаңа технологиялық құралдарын қолдану, біріншіден оқытушының жаңаша білім беруді жүргізушілік рөлін анықтап берсе, екінші жағынан оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігінің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуда. Демек, қоғам ойлау қабілеті жоғары, белгілі бір мәселені өздігінен шеше алатын шығармашылық тұлға дайындауды талап етіп отыр. Дарынды оқушыларға технологиясы дамып, индустриясы өркендеген елдердің қол жеткізген табыстары оқу-білімнің нәтижесі екенін, жаңа ғасырда оқу-тәрбиенің маңызын жете түсіндіру қажет. Өмірде халыққа басшылық етіп, әр салада жаңалық ашып, таңдаулы шығармалар мен еңбектер ұсынған дарын иелерінің өмір тарихы, оларды халық әрқашан жоғары бағаланғаны туралы білдіріп отыру керек.

Дарынды оқушылардың білімділігін дамыту үшін, олардың ойлау қабілетін арттыруға мұғалім әр сабақта үлкенді-кішілі мәселелер қойып, оларды шеше білуге үйретуі, мынандай негізгі мәселеге ерекше мән беруді қажетсінеді: – қызығушылығына; – іскерлігіне; – коррекциялауға. Яғни: – оқушылар алдына қойылған мақсаттың қажеттілігін білу керек; – мақсатқа жету алгоритмін білу керек; – оны тәжірибемен байланыстыруға жетелеу; – оқушылардың іс-қимылдарының жұмысын бақылап, бағыт-бағдар беріп, қатесі болса, жөндеп отыру керек.

Бастауыш мектепте математиканы оқытудың интербелсенді әдістері

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің диалогтық формасына негізделген таным тәсілі. Оның барысында білім алушылардың бірлескен әрекет дағдылары қалыптасады.

Бастауыш мектепте интербелсенді оқыту – білім беру үдерісінің соңғы мақсаты мен негізгі мақсаты мен негізгі мазмұнын сақтайды. Интербелсенді оқыту бірқатар міндеттерді шешеді: - коммуникативті біліктер мен дағдыларды дамытады, оқушылар арасында эмоционалдық дағдыларды дамытады, олардың арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі; - ақпараттық міндеттерді шешеді, себебі оқушыларды бірлескен әрекетті онсыз жүзеге асыруға болмайтын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді; - жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсаттар қою және т.б.), яғни білім беру міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді; - командада жұмыс істеуге, басқаның пікіріне құлақ түруге үйрететін болғандықтан, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді. Интербелсенді оқыту тағы бір маңызды міндетті орындайды. Ол жүйке жүйесінің жүктемесін азайтуға, зейінді басқа нәрсеге аударуға, әрекет формаларын ауыстыруға және т.б. мүмкіндік береді. Интербелсенді оқыту технологиялары мыналар:

1. Жүппен жұмыс.
2. Ауыспалы үштіктер.
3. Өткеншек.
4. Шағын топтардағы жұмыс.
5. Аквариум.
6. Аяқталмаған сөйлем.
7. Миға шабуыл.
8. Шешімдер ағашы.
9. Рольдік (іскерлік) ойындар
10. Пікірталас.
11. Дебаттар.

Бастауыш мектепте оқытудың интербелсенді әдістерін 4 топқа бөлуге болады: - топтық оқыту; - фронтальдық оқыту; - ойын барысында оқыту; - пікірталас барысында оқыту. Топтық оқу әрекеті - оқытуды шағын топтарда ұйымдастыру формасы. Мұндай оқыту оқушылар үшін өз құрбыларымен ынтымақтастық жасауға, әр адамның қарым-қатынасқа табиғи ұмтылысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Топтық оқытуға жүппен жұмыс, шағын топтағы жұмыс, аквариум жатады. Фронтальдық интербелсенді әдістерге бүкіл сыныптың бір мезгілдегі бірлескен жұмысын қамтитын әдістерді жатқызуға болады: «Микрофон», «Аяқталмаған сөйлемдер», «Миға шабуыл», «Оқи отырып, үйренемін». Ойын барысында оқыту әдістеріне рольдік ойындар, драматизациялау жатады. Пікірталасқа оқыту әдісі оқыту үдерісінде оқушылардың

танымдық әрекетінің маңызды тәсілі, өйткені пікірталас – даулы мәселені көпшілік алдында кеңінен талқылау. Бұндай әдістерге «Ток-шоу», «Пресс» әдісі, «Бағытыңды таңда» әдістері жатады. Интербелсенді әдістерді тиімді пайдалану үшін мұғалім өз жұмысын жан-жақты жоспарлауы тиіс: - бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, олардың интербелсенді әдістемелермен жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін тәсілдерді пайдалану; - оқушылар үшін тақырыпты игерудің «кілті» болатын интербелсенді жаттығуларды іріктеу; - әрбір оқушының жұмыс қарқынын және оның қабілеттерін есепке алу; - бір сабақта интербелсенді әдістердің бір-екеуін қолдану.

Бастауыш мектепте интербелсенді оқытудың әдістері мен тәсілдері қолданылған сабақ сегіз кезеңнен тұрады: 1.Мотивация. Бұл кезеңді ұйымдастыру барысында бір сабақтан екінші сабаққа өткен кезде мотивация тәсілдерін өзгерту қажет. 2.Мақсат қою. Оқушыларға мақсаттарды хабарлау әрекетті мақсатты бағытталған етуге мүмкіндік береді.Мұғалім оқушыларға сабақтың мақсатын қояды үйретеді. 3.Жаңа ақпарат беру. Бұл кезең оқушылар нені білетінін, ненің таныс емес және түсініксіз екенін таңдап алуға мүмкіндік береді.Бұл кезеңді миға шабуылдан бастау ұсынылады: «Бұл сөз Сізде қандай ассоциация тудырады?», «Бұл сөзбен қандай ұғымдар байланысты?». Интербелсенді жаттығулар. Интербелсенді жаттығулар ретінде шағын топтардағы жұмыс ұсынылады. Әрбір топ қысқа және неғұрлым ақпаратты түрде сөйлеуі тиіс.

1. Жаңа өнім. Оқушылар игерген ақпараттың көлемін есепке ала отырып, олардың өз қорытындылығын жасауына және көзқарасын білдіруіне мүмкіндік жасалады. 2. Рефлексия кезеңінде оқушылар жасаған әрекеттің қорытындыларын шығару көзделеді. Бұл кезең оқушыларға жаңа игерілген білімдерді бөліп көрсетуге және қандай жағдайда қолдануға болатынын анықтауға мүмкіндік береді.Рефлексия кезінде төмендегі сұрақтарды қоюға болады: - Не қатты ұнады? - Нені үйрендіңдер? - Келешекте бұл білімдер қандай пайдаға асады? - Бүгінгі сабақ бойынша қандай қорытынды жасауға болады? Қойылған сұрақтар оқушыларға сабақта болған нәрсенің ең бастысын, жаңасын бөліп көрсетуге, бұл білімдердің қайда, қалай және қандай мақсатта қолданылуы мүмкін екенін түсінуге көмектеседі. 1.

Бағалау. Бұл интербелсенді режимде жұмыс істейтін мұғалім үшін күрделі мәселе болып табылады. Бағалау оқушылардың келесі сабақтағы жұмысын ынталандыруы тиіс. Бағалауда мынадай қатынасты қолдануға болады: топтың әрбір мүшесі әрқайсысын бағалайды, яғни әр жолдасына бағалау парағына баға қояды. Мұғалім парақтарды жинап алып, орташа баллды есептеп шығарады. Оқушылар жұмысын өзіндік бағалауды да қолдануға болады. 2.

Ұй тапсырмасы. Оқытудың интербелсенді әдістерін пайдаланып, өтілген сабақтардан кейін игерілген материалды шығармашылықпен қайта қайта қарауға мүмкіндік жасайтын тапсырмалар беріледі: шығарма жазу, қарастырылып отырған мәселе бойынша өз көзқарасын білдіру және т.б.

Бастауыш мектепте интербелсенді сабақта мұғалім оқушылар әрекетін сабақ мақсаттарына жетуге бағыттап отырады. Диалогқа қатысу тыңдай білуді ғана емес, ести білуді де, сөйлей білуді ғана емес, түсінікті бола білуді де талап етеді. Интербелсенді әдістер оқушылардың өз күштерін, өз қабілетін сезінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың өзіндік бағалауы, өзіндік сенімі артады. Өзара сыйластықты, айналасындағы адамдардың пікірлері мен мінезқұлықтарына төзімділікті тәрбиелеу маңызды. Интербелсенді оқытуды жұптық жұмыстан бастаған жөн. Жұптық жұмыс - ынтымақтастық пен өзара көмек үшін таптырмас форма. Жұпта оқушылар бірін- бірі тексере алады, жаңа материалды бекіте, өтілген материалды қайталай алады. Қазақ тілі сабақтарында төмендегі тапсырмалардың түрлерін пайдалануға болады: Ауызша жұмыс. 1.

«Интервью-таныстық» ойынын 3-сыныптағы алғашқы сабақтардың бірінде өткізген дұрыс. Әр оқушы өзінің парта бойынша көршісімен әңгімелеседі, содан соң ол жайлы бүкіл сыныпқа айтып береді (немен айналысқанды жақсы көреді, нені оқығанды жақсы көреді). Ойын сыныптың портретін жасауға, оқушылардың коммуникативтік біліктерінің қалыптасқандық деңгейінің бастапқы диагностикасын өткізуге көмектеседі. 2.

Ережені өзара тексеруді жүзеге асыру (ауызша сұрау). Оқушы парта бойынша көршісіне ережені айтып береді, мысал келтіреді, оларды түсіндіреді. Содан соң оқушылар рөлдерін алмастырады, бірін-бірі бағалайды. Мұғалім кез келген жұптан сұрай алады. Жазбаша жұмыс 1. «Көршіге арналған сөздік диктант». Үйде балалар өткен ережеге сәйкес сөздік диктант құрастырады (жекелеген карточкаға). Жоғарғы жағына «Құрастырған...» деп жазады. Содан соң оқушылар сабақта карточка алмасады, тапсырманы орындайды, төменге «Орындаған...» деп жазады. Күні бұрын мұғалім қанша сөз болуы керек екенін айтады. 2. Балаларға үйде орындау үшін шығармашылық сипаттағы тапсырма беріледі (эссе, шығарма, ертегі жазу). 3. Сабақтың басында немесе аяғында сөздік диктанттарды, үйге берілген жаттығуларды өзара тексеруді ұйымдастыруға болады. Сабақтың алғашқы бес минутында дәптерде жіберілген қателердің ізімен өзара диктант өткізген дұрыс. Балаларға жұппен жұмыс істеген қатты ұнайтынын атап өткен жөн. Сонымен, интербелсенді оқытуды пайдалану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рольдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесе шешуді көздейді.

Ойын - бала әрекетінің бір түрі, адамзат мәдениетінің қазынасы. Ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалаған. Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын – түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады.

Психологтар мен педагогтер ежелден-ақ ойын мәселесіне өз назарын аударғанымен, тек XIX ғасырдың аяғында ғана арнайы зерттеу пәніне енгізілді.

Ойын мазмұнын, оның дамуын логикалық және мерзімдік, уақыт тұрғысынан бейнелейтін тікелей және жаңа ережелердің болуы.

Ойындық әрекет бағдарламасын зерттеген ғалымдар пікірінше ойын педагогикалық мәдениет феномені ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

Әлеуметтендіру қызметі.

Өйткені, ойын – баланы күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған мәдениет байлығын игерту құралы.

Ұлтаралық қатынас құралы қызметі.

Себебі, ойын – балаға жалпы адамзаттық құндылықтарды, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін игеруге мүмкіндік туғызады. Өйткені ойын - әрі ұлттық әрі интернационалдық, сонымен бірге жалпы азаматтықта.

Ойында бала «адамзат тәжірибесі аясында» өзін-өзі көрсету қызметін көрсетеді. Өйткені, ойын бір жағынан баланың практикада өмірлік нақты қиындықтарды жою жобасын тексеруге және құруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тәжірибесінің олқы тұстарын айқындауға мүмкіндік береді.

Ойынның қатысымдық қызметін – балаға шынайы күрделі адамдық қатысым аясына енуге мүмкіндік беретін дерегі айқын көрсетеді.

Ойынның диагностикалық қызметі- педагогқа баланың әр қырынан: интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық және т.б. көрінуін диагностикалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойын – баланың өз күшін нақты сезінетін, өзін-өзі бағалау, еркін әрекеттегі мүмкіндіктерін танитын өзін-өзі көрсету аймағы болып табылады.

Ойынның емдік қызметі – баланың қарым-қатынаста, оқуда, мінез-құлқында туындайтын әр түрлі қиындықтарды жеңу құралы ретінде қолданылуымен түсініледі. Ойынның мұндай қызметін Д.Б.Эльконин аса жоғары бағалайды.

Ойынның түзеу қызметі деп – баланың тұлғалық құрылымының көрсеткішіне жағымды өзгерістер, толықтырулар енгізу түсініледі. Ойын әрекетінде бұл үрдіс басқа кездегіден гөрі неғұрлым жұмсақ өтеді.

Ойынның дамытушылық қызметі, оның ең маңызды қызметтерінің бірі.

Сонымен бірге, ойын – баланың қызығушылықтан дамуға ұласатын, қызығушылығының ұйымдастырылған мәдени стратегиялық-кеңістігі.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби өзінің "Бақыт жолында" атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқылы ғана ойы бақыт жолына жетелеуге болатындығына тоқтасақ, ұлы Абай өзінің қырық үшінші қара сөзінде баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, өзінің із-түссіз жоғалып, жойылып кететінін айтады. Ағартушы ұстаз Ы. Алтынсарин өзінің көптеген еңбектерінде таным әрекетінің негізі-оқу, білім деп тұжырымдайды.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратында - ойын әрекеті болып саналады..

Орыс педагогы В. А. Сухомлинский: "Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл - ойдың қалыптасуы мүмкін де емес" десе, ғалым Е. А. Покровский өзінің

балалардың ойындарына арналған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді.

Сабақта ойынды дұрыс қолдану үшін ұстазға ойындардың мазмұны мен өткізілу әдістемесін жете білу, әр бір тақырыпқа байланысты оқу жылының басында оқу жоспарына енгізу, ойынның тәрбиелік және танымдық мақсатын аша білу, ойын арқылы баланы танымына әсер етіп, даму барысына үнемі зерттеу жүргізу талаптары қойылады.

1. Іскерлік ойын

Іскерлік ойындарды педагогтың кәсіби шеберлігін дамытуда, құзырлылығын анықтауда пайдалану арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болатынын күнделікті тәжірибенің өзі дәлелдеуде. Іскерлік ойындардың өзі бірнеше топқа бөлінеді. Олар: иммитациялық, операциялық, рөлдерді орындау, іскерлік театр, психо және социодрамалар.

Психодраманың туып, дамуына ерекше үлес қосқан Джекобу Леви Морена болды. Классикалық психодрама – топтық жұмыстың өте айқын, ең эмоционалды бай бағыттарының бірі. Ол жүргізушіден жоғары кәсіби біліктілік пен зор шығармашылық қабілеттерді талап етеді. Өйткені ол бір мезетте режиссер, терапевт және сарапшы рөлін атқарады. Бұл әдістің мәні жүргізуші режиссер басқаруымен топ мүшелерінің арнайы ұйымдастырылған кеңістікте арнайы тәсілдер көмегімен спектакль қоюында.

Дәстүрлі театрландырылған қойылымдардан оның ерекшелігі- қатысушыларға бейтаныс жағдай емес, керісінше олардың өздерінің өмірлік тәжірибесі, жеке проблемалары немесе өзіндік әлеуметтік рөлдердің ойналуында болып табылады. Сондықтан сахналандырылатын қойылымның авторы қатысушылардың өздері болады. Оларға режиссер мен топтың басқа мүшелері көмектеседі. Мұнда суырып салмалық пен аяқ астынан туған, шын жүректен шыққан ойлар мен пайымдауларға ерекше мән беріледі, ал қойылымның сәтті шығуына кедергі келтіруі де ғажап емес. Әдетте, топта кәсіби актер режиссердің көмекшісі болуы міндетті емес. Психодрамалық сессияларды топтастырудың негізгі кезеңдері төмендегілер болып есептеледі.

-сергіту сәті (драмалық фазасы)

-психодрамалық әрекет фазасы (қойылымның жүзеге асуы)

-кіріктіру фазасы, қатысушылар өз пікірлері мен әсерлерімен алмасады.

Психодрамалық әрекеттер кульминациялық нүктесіне жеткенде, топтың эмоционалдық қуаты шарықтау шегіне жетіп, «катарсис» - жан дүниесінің тазаруы жүзеге асады. Эмоционалдық қабылдау сәтінде жағдайды басқаша бағалау, қабылдау жүзеге асқандықтан, тұлға аралық қақтығыстарды жағымды шешуге ықпал етеді. Психодрамалық әрекетке

режиссер, протагонист (қойылым негізіне тәжірибесі алынып отырған адам), оның әріптестері және аудитория (рөлі жоқ көрермендер) қатысады.

Психодрамаға қатысушылар әрекетке түсу барысында ішкі қайшылықтар мен маза бермейтін ойларынан арылып, емдік терапия жүреді. Сонымен қатар көрермендер де терең эмоционалдық қоюалжуды бастан кешіретіндіктен, топ мүшелерінің өзара сезіммен бөлісуі жүзеге асады. Рөлдік ойын барысында қатысушылар өз тәжірибесін басынан қайта кешіп қана қоймайды, оны талдап, мінез-құлықтың жаңа моделін сынап көреді.

Психодрамаларда сезімге қатысты мәселелер қарастырылса, әлеуметтік драмаларда өзара қатынас деңгейіндегі мәселелер қарастырылады.

Интерактивті әдістер – қарым-қатынас пен біріккен әрекетті танудың жолдары мен тәсілдеріне меңзейді, белсенді диалог негізінде құрылады. Қатысушылар бірігіп жұмыс жасауға үйренеді; өз ойларын ортаға салып, пікірталасқа түседі; өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерді анықтап, өзін-өзі бақылай, бағалай білуге машықтанады. Олардың қатарында өзіміз тәжірибеде қолданып жүрген мынадай әдістерді атап өтуге болады: «ми шабуылы», «дөңгелек стол» рольдік және іскерлік ойындар, медитация, дискуссия, тренингтік жаттығулар және т.б. Білімгерлерді кең ойлауға, шабыттандыруға негізделген тренингтік жаттығулар жеке тұлға белсенділігін және топтық даму деңгейін көтеруге бағыталған әлеуметтік – психологиялық оқыту және білімгерлерді тәжірибелік бағытта психологиялық дайындауда мүмкіндік беретін оқыту әдістерінің ең тиімдісі ретінде сабақтарда кеңінен қолданылып жүр.

Мәселен рольдік ойын элементтерін пайдалана отырып, Абайдың он жетінші қара сөзін талдағанымызда білімгерлер «қайрат», «ақыл», «жүрек» рольдеріне ене отырып, пікірталасқа түсіп, ғылымға жүгінеді. Мұнда әрбір «роль» өзінің дұрыстығын, ақиқаттығын, адамзат үшін қажеттілігін, адалдығын дәлелдеп өзін жақсы тұстан көрсеткілері келеді. Сонда ғылым жүректің әрі билеуші, әрі әмірші екендігін айғақтап, үшеуінің де бір кісіде табылса, одан асқан бақыттың жоқ екендігін айтады. Мұндай талқылаулар білім құндылығы туралы түсінікті тереңдетіп, дамытады.

Сабақтарда осы сияқты пікірталастар қызықты да тартысты өтіп жүр. Оның бірден-бір себебі: оқытушы – білімгер, білімгер – білімгер арасында жағымды қарым-қатынастың орнауы. Жағымды қарым-қатынас - өзін-өзі және өзгені тану, білу, дамытуда ерекшеленіп, эгоцентризмнен, өзіндік ұстанымнан альтруизмге, өзгеге, басқаға бағыталған ұстанымға көшуде көрініс береді. Ол қатысушылардың өзара түсіністігін тереңдетіп, бірінің жан дүниесін бірі ұғынуға, жағдай жасайды.

Жағымды қарым-қатынасты іске асыру үшін қажетті өмірлік шарттар және қатысушылардың ішкі дайындығы үлкен роль атқарады. Интерактивті оқытуды ұйымдастыруда, біздің байқағанымыз, жағымды қарым-қатынас орната білетін білімгерлердің психикалық денсаулығы, мінездерінің біртұтастығы, салмақтылығы көзге түсердей. Осы тұста

негізгі міндеттердің бірі – қарым-қатынасты реттеп отыру, қатынас мәдениетіне баулу.

Келесі кезекте психодрама жеке тұлғаның «өмір театрындағы» шығармашылық «Менін» дамытуға негізделіп ұйымдастырылды. Қатысушыларға тек өз ролін ғана емес, басқа да адамдардың роліне еніп шығармашылық тапқырлығын көрсете алатындығы, ойын адам өмірінің ажырамас бөлігі, оның әдеттен озбағаны, шектен шықпағаны абзал екендігі ескертілді.

Топты екі жұпқа бөле отырып «Менің құрбым», «Жетім бала» атты психодраманы рольдер арқылы көрсетуді ұсындық. Мұнда ойыншылар ішкі және сыртқы дамуға, тіл табысуға кері әсер беретін мәселелерге көңіл аударып, баса көрсетті.

Білімгерлерге психогимнастика, соның ішінде вербальді емес қарым-қатынасқа негізделген ойын жаттығуларын орындамас бұрын, бір-бірімізбен сөйлемей-ақ ұғыну арқылы тіл табысуға болатындығы, егер бізге мұндай ұғыну табылса онда тілдік қатынасқа түсу де жеңіл, әрі еркін сипат алатындығы түсіндірілді. Осы орайда ұйымдастырылған «арқамен – арқаға», «отырып және тұрып», «көзбен ұғыну» жаттығулары жағымды эмоциялық күй тудырып, ойыншыларды серігітті. Бұл жаттығулар «өзін-өзі тану» пәнінің үш «алыбы»: «қайырымды сөздер», «көзбен-көзге», «жанасу» бойынша құрылды.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге қатысты оқытудың әдістері төмендегідей болмақшы: проблемалық-іскерлік ойын; рефлексивті-рольдік ойын; педагогикалық шеберханалар; панорамалық сабақ; лекция; семинар; практикалық сабақтар; педагогикалық оқулар; педагогикалық ринг; педагогикалық идеялар, аукцион; сынақ мерзімін өткізу; бейнетаспаға түсірілген сабақтар көру; ашық сабақтарға кіру, талдау; педагогикалық тренинг.

2. Дидактикалық ойын

Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларға белгілі бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс - әрекет. (1) Ендеше, бұл ойындар оқытуға арналған.

Бала ерте жастан – ақ қоршаған ортамен танысады. Ол адамдармен, жануарлармен, әртүрлі заттармен қарым – қатынасқа түсіп, олардың ерекшеліктері мен қасиет – сапалары туралы мағлұматтар алады. Бірақ, бала тек өзінің тәжірибесіне сүйеніп оқыса, оның білімі нақты болмайтыны сөзсіз. Сондықтан білімді пысықтау, бекіту үшін дидактикалық ойындар пайдаланылады.

Дидактикалық ойындардың басқа ойындардан ерекшелігі, оның негізгі мақсаты – баланы оқыту, олардың ойлау қабілеттерін жаттықтыру және дамыту, игі қасиеттерді тәрбиелеу.

Дидактикалық ойындардың мазмұны – қандай да болмасын ақыл – ой міндеттерін жүзеге асыру. Ережені орындау ойды, қиялды, есті дамытуға

ықпал етеді. Дидактикалық ойын арқылы дүниені тану басқаша түрге ие болады, ол күнделікті оқуға ұқсамайды, мұнда қиял – ғажайып та, жауапты өз бетінше іздеу де, белгілі болмыс пен құбылысқа жаңаша көзқарас та, білімді толықтыру мен кеңейту де, жекеленген құбылыстар арасында өзара байланысты, ұқсастықты және айырмашылықты тағайындау да бар. Ал ең бастысы, оқушыларды еш қинамай, өздерінің қалауы бойынша дидактикалық ойын арқылы оқу материалын әртүрлі тұрғыдан бірнеше рет қайталауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге дидактикалық ойын өзара жарыстыру мүмкіндігін туғызып, оқушыларға білімдерін әртүрлі жағдайда қолдануға негіз береді.

Дидактикалық ойын өзінің қызметі мен атына сай орындалуы үшін, оның арнайы құрылымы болуы шарт.

Оның құрылымы төмендегідей:

Міндеті.

Әрекет.

Ереже.

Нәтиже, ойынның аяқталуы.

Егер оның әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық:

1. Міндеті - әрбір дидактикалық ойынның белгілі міндеті болады, ол дидактикалық мақсаттан келіп туындайды. Ойынның (мақсаттан келіп) міндеті, оның оқу мазмұнын құрайды. Ойын мазмұны балалардың қызығушылығын оятады, олардың танымдық іс - әрекетін белсендіреді және жаңа білім, іскерлік, дағдымен байытады.

2. Әрекет – ойынның негізгі бөлігі. Әрекетсіз ойынның мақсатын жүзеге асыру мүмкін емес. Әрбір дидактикалық ойынның міндеті әрбір оқушының мінез – құлқын анықтап, ұйымдастырып, бір тұтас ұжымға біріктіретін әрекет арқылы іске асады. Ол балалардың қызығушылығын тудырып, олардың ойынға деген эмоцияналдық қатынасын анықтайды. Дидактикалық ойында әрекет нақты анықталған және айқын түрде белгіленген. Ол әртүрлі болуы мүмкін, бұл жағдайда төмендегідей негізгі шарттарға сәйкес келуі тиіс:

а) ойын міндетіне бағыну керек, сол арқылы ойын мақсаты жүзеге асырылуы шарт;

ә) ойынның аяғына дейін тартымды, әрі қызықты болуы шарт.

3. Ереже – дидактикалық ойынның қажетті бөлігі болып табылады және ерекше орн алады, сондықтан кейде дидактикалық ойындарды «ережеге құрылған ойындар» деп те атайды. Ереже ойын міндетіне бағынады. Олар іс - әрекетті ойынның міндетін жүзеге асыруға бағыттай ұйымдастыруды көздейді. Сондықтан дидактикалық ойында іс - әрекет ережемен тығыз байланысты. Ережелер бала ойын үстінде не істеу керек және қалай істеу керек екендігін анықтайды. Ережесіз іс - әрекет жайбарақат дамып, дидактикалық міндеттің жүзеге асуына ықпал ете алмайды, сөйтіп өзінің негізгі сипатынан айырылады. Дидактикалық ойынның ережесі іс - әрекетті ұйымдастырып қана қоймайды, сонымен бірге оның тартымдылығын арттырады.

4. Ойын нәтижесі – бұл міндетті шешу мен ережені орындау. Нәтиже мен ойынның аяқталуын екі тұрғыдан бағалау қажет: баланың көзқарасы тұрғысынан және мұғалімнің немесе тәрбиешінің көзқарасы тұрғысынан.

Егер ойын нәтижесін баланың көзқарасы тұрғысынан бағаласа, онда мұғалім ойынның балаға моральдық және рухани ләззат беру жағын есепке алады. Дидактикалық ойынның міндетін шешу баладан белгілі бір күш – жігерді талап етіп, олардың ойлау іс - әрекетіне талаптар қояды. Балалар ойын барысында ұшқырлық, алғырлық, тапқырлық танытады. Мұның барлығы балаларды моральдық тұрғыдан қанағаттандырып, олардың өз күштеріне сенімін арттырады, оларды қуаныш сезімге бөлейді.

Мұғалім мен тәрбиешіге дидактикалық ойындарды талдау кезінде міндеттің орындалғанын, әрекеттің жүзеге асырылғандығын, ойынның белгілі бір нәтижеге әкелгендігін қадағалаудың маңызы зор.

Адам өскен сайын ойын өзінің мәнін, жетекші ролін жоғалта бастайды. Бірақ ол кейбір адамдарда өмірлік іске айналады (шығармашылық, техникалық және басқа да мамандықтар). Ойын тарихы, оның еңбектен пайда болғанын көрсетеді, ендеше ол адамдар үшін еңбектің түрі болып қала береді. Сондықтан дидактикалық ойын – бастауыш сынып оқушыларын оқытудың ақыл – ой белсенділігін тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу процесінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін дидактикалық ойындарды пайдаланудың орны ерекше.

Тиімді пайдаланған дидактикалық ойындар мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, оны берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені ойын мектепке келген оқушылардың әрекетін белсендіріп, оларды тәрбиелеп, дамытудың аса маңызды құралы болады. Ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып, тәрбиеші балаларды ойнауға, яғни А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда, «Жақсы ойын» жасауға үйретеді. Мұндай ойынның өзіне тән сапасы бар, ол – мазмұнының тәрбиелік – танымдық құрылымы, бейнелейтін түсініктерінің толықтығы мен дұрыстығы, белсенділігі мен ұйымшылдығы, ойынның ережелерге бағынуы.

Дидактикалық ойындардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Бір жағынан – ойында ойындық әрекет негізге алынған, оның көмегімен жеке тұлғаның белгілі бір сапалары: зейін, байқағыштық, ес, ойлау, ізденімпаздық, белсенділік қалыптасады. Екінші жағынан – ойын сабақта белгілі бір дидактикалық міндетті, жаңа материалды оқып – үйрену, өткенді қайталау, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, білімді іс жүзінде пайдалану міндеттерін шешуді көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс - әрекеті процесінде аса дайындықты қажетсінбейтін дидактикалық ойындарды пайдалану керек және олар оқытатын, үйрететін сипатқа ие болуы тиіс. Дидактикалық

ойындарды ұйымдастырғанда, оның сабақтың мақсатына жетуге көмектесетін жағын ескеру маңызды. Оларды сабақтың әрбір кезеңіне сәйкес дұрыс пайдалану да өте тиімді. Сабақтың басында ойын баланың қызығушылығын оятады, оны ұйымдастырады, сабақтың ортасында ойын тақырыпты меңгертуге бағытталады, сабақтың аяғында ойын ізденіс сипатына ие болады. Бірақ ойын сабақтың қандай кезеңінде ұйымдастырылса да, қызықты, түсінікті болуы, оқушыларды іс - әрекеттің әр түріне баули алуы тиіс.

Әдіскер – ғалым Ж.В.Арутюнян бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытуда ойынды қолдану әдістемесін жасады. Ол «оқытуда ойынды қолдану әдістемесін компоненттердің белгілі бір жүйесінің жиынтығы», деп түсінеді. Оның негізгі компоненті ретінде ойынның мақсатын алады. Оған байланысты жүйенің басқа компоненттері қарастырылады: мазмұны, ұйымдастыру формасы, ойын түрлері, ойын құралдары, сонымен бірге олардың өзара байланысы.

Ойынның нақты мақсаты

Мазмұны

Құралдары

Ұйымдастыру формасы

Түрлері

Бұл жүйені бастауыш мектепте оқыту процесінде басшылыққа алуда мұғалімге әдістемелік талаптар қойылады.

Мұғалімге қойылатын бірінші талап – ойынның нақты мақсаттарын түсіну және білу болып табылады, ойынның негізгі мақсаттары төмендегідей:

Бастауыш сынып оқушыларына әрбір пән бойынша меңгеруге тиісті білім мөлшерін саналы түрде игеріп, оқушылардың іске икемділігін қалыптастыру;

Бала қабілетінің қырларын жан – жақты дамыту;

Ой - өрісін, дүниетанымын кеңейту;

Еңбек, дене тәрбиесін жетілдіру, оның өмірге көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын арттыру;

Есте сақтау қабілетін дамыту.

Екінші талап – ойынның мазмұнын анықтау. Мұнда қажетті шарт – ойынның көмегімен жүзеге асырылатын деректі оқушының жас ерекшеліктеріне, бағдарламалық талаптарға, нақты мақсатқа сәйкес дәл білу болып табылады.

Ойынның мазмұны тек пәндік мақсаттар ғана емес, оқу әрекетінің іскерліктерін қалыптастыруға бейнелік және логикалық ойлауды дамыту мақсаттарын да жүзеге асыруды қамтамасыз етуі қажет. Ойынның мазмұнына қойылатын негізгі талаптардың бірі ойынды және оның түрлерін ұйымдастырудың мүмкін формаларын есепке алу болып табылады.

Дидактикалық ойынды ұйымдастыру формаларына қойылатын талаптар: (ұжымдық, топтық және даралық таңдау) ең алдымен

оқушылардың ойлауының даму деңгейін, коммуникативтік іскерліктерді (оқу, жазу), қарым – қатынас іскерлігін қалыптастыру деңгейін нақты есепке алу негізінде анықталады 6 – 7 жасар балаларға тән көрнекті - әрекеттік және көрнекті – бейнелік ойлаудың даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, біз топтық немесе дара ойындарды пайдалану тиімді деп есептейміз. Мұндай жағдайда мұғалім әрбір оқушы арқылы ойынның мақсатын жүзеге асыруды қамтамасыз ете алады. Ол үшін ойынға қатынасушыларды қажетті құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету маңызды. Бұл тапсырмалар жазылған карточкалар, сюжетті суреттер, жинақтар, тағы басқа сондай болуы мүмкін. Ойынды ұйымдастыру формасына, оның түріне байланысты болу керек

Ойынның құралдарына қойылатын талаптар: ойынның мақсаты, мазмұны және формасы арқылы анықталады. Бұл жағдайда ойынға қатысты әрбір зат (ойыншықтар, материалдар т.с.с) оқушыларға жақсы таныс болуы керек.

Дидактикалық ойындарды таңдап алу, оларды дұрыс өткізу мен ұйымдастыру – оның табысты болуының шешуші шарттары. Ойынды оқу әрекетіне енгізу, біріншіден сабақта қолайлы жағдайдың болуы, екіншіден мұғалімнің шеберлігін, үшіншіден оқушылардың психологиялық көңіл – күйінің болуын талап етеді.

Дидактикалық ойындардың тиімділігі, олардың сабақтың кезеңіндегі орны мен міндетін және мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасының мұғалімнің жетік игеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдардың жиынтығын алдын – ала дайындап алуға, ойын процесіне оқушыларды белсенді ұйымдастыруға байланысты.

Дидактикалық ойындардың қайсысын болмасын өткізу барысында оқушылар түрлі іс - әрекеттерді орындайды. Дегенмен олардың қандай да бір іс - әрекеттің басым орындалуына орай топтастыруға болады. Демек, ойын барысында орындалатын негізгі іс - әрекеттерді анықтап, оның түрлерін іс - әрекетке орай алмастырып отыруға тура келеді. Кейбір дидактикалық ойындарда оқушылардың орындаушылықпен (қайта берілген үлгіге еліктей отырып), біршамасында еске түсіруімен, (қайта жаңғыртумен) байланысты, қайсы бірінде тексеру мен бақылау, өзгерту, түрлендіру, әртүрлі мүмкін варианттарды іздестіру сияқты іс - әрекеттер орындалады. Ойын элементтерін пайдалану нәтижелі болу үшін осы сияқты іс - әрекеттерді алмастыра отырып дидактикалық ойындардың өзгермелі болуын да жүзеге асыруымыз керек.

3. Рөлдік-мазмұндық ойын

Қоғам дамуының осы сатысында ойынның жаңа түрі — рольдік ойын пайда болады. Бұл ойын арқылы балалар өздерінің негізгі әлеуметтік қажеттілігін - үлкендермен бірге өмір сүруге ұмтылысын қанағаттандырады, өйткені бұл қажеттілік олардың еңбегіне қатысудың негізінде қанағаттандырылуы мүмкін емес. Өзімен-өзі жүрген балалар өзара бірігіп, қоғамдасып, үлкендердің әлеуметтік қатынасы мен еңбек іс-

әрекеттерінің негізгі белгілерін қайталайтын ойын ұйымдастырып, өздері үлкендердің ролін орындауды алады. Сөйтіп, өндіріс пен өндірістік қатынастардың күрделіленуіне байланысты баланың қоғамдағы ерекше орнына олардың үлкендермен ортақ өмірінің ерекше формасы ретінде біреудің ролін ойнау пайда болады. Рольдік ойында заттың іс-әрекеттерді жаңғырту екінші кезекке ығысады да, қоғамдық қатынастар мен еңбек функциясын жаңғырту бірінші кезекке шығады. Сол арқылы баланың үлкендермен байланыс жасауы мен ортақ өмірінің қоғам мүшесі ретіндегі негізі қажеттілігі қанағаттандырылады.

Рольдік ойынның алғышарттары ерте балалық шақ бойына заттық іс-әрекетте пайда болады. Олар заттың ерекше тегінің— ойыншықтардың іс-әрекеттерін игеруден тұрады. Ерте балалық шақтың өзінде-ақ балалар үлкендермен бірлесе қимыл жасап, ойыншықтарды ұстап-тұрудың кейбір әдістерін үйренеді, ал кейінірек оны өздігінен атқаратын болады. Мұндай іс-әрекеттерді, әдетте, ойын деп атайды, бірақ дәл мына жағдайда осылайша тек шартты түрде ғана айтылуы мүмкін.

Сәбилік шақтағы балалар ойындарында кең жайылған рольдер болмаса да рольдері бар ойындардың біртіндеп қалыптасуына алғышарттардың барын байқауға болады. Ойында заттардың баламасының пайда болуына байланысты балалар белгілі бір кісінің (мамасының, тәрбиешісінің, күтушісінің, дәрігердің, шаштараздың) іс-әрекеттерін бейнелей бастайды.

Рольдік ойын элементтері сәбилік шақта пайда болып, дами бастайтындығын біз айтып өткенбіз. Рольді ойындарда балалар үлкендермен бірге болуға тырысып, ерекше ойын түрінде ересектердің өзара қарым-қатынастары мен еңбектегі қызметін еске түсіреді.

Рольдік ойындар белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруге ынтызарлықты оята отырып орындаушылық қабілетке де жетектейді. Рольдік ойынның мәні ойын барысында дәріс алушының тілдік қатынас жасауға деген талабын ашуда. Қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойды да туғызады. Осындай ойындық жағдайда ғана қарым-қатынастық ерекше маңызға ие болады. Рольдік ойындар ғана үйренушінің сөздік қорын молайта түсіп, өз бетінше тілді үйренуге үлкен септігін тигізеді.

Рольдік ойындар, негізінен, тұрмыстық, қоғамдық-саяси, ғылыми, кәсіптік қарым-қатынасты ойдағыдай жүзеге асыруды көздейді.

Айналасындағыларға қатысты міндеттер — баланың өз басына алған рольді орындау қажет екендігін сезгендігі. Өзге балалар одан өзіне алған ролін дұрыс орындауды күтеді және талап етеді. Мысалы, сатып алушының ролінде бала өзінің алғандары үшін ақша төлемей кетуге болмайтындығын түсінеді. Дәрігердің ролі оны шыдамды болуға және ауруға талап қоя білу және тағы басқаға да міндеттейді. Міндеттерді орындай отырып, бала ойынға қатысушылардың ролін орындайтын басқалардың да праволарына ие болады. Мәселен, сатып алушының роліндегі бала өзіне ойыншықтар сәресінде бар кез келген товарды жіберуді талап етуге және басқа сатып алушыларға жасалатындай

қатынасты талап етуге правосы бар. Дәрігер-өзіне құрмет пен сенімділік қарым-қатынасты, өзі берген нұсқауларды емдеушілердің орындауларын талап етуге правосы бар. Сюжетті ойынның мәні рольді орындаушының өзіне қойылған міндеттерді орындауы мен ойынға қатысушы өзгелерге де қатысты праволарды іске асыру болып табылады.

Рольді ойын қиялдың дамуында анықтаушы орын алады. Ойын әрекетінде бала бір затты екінші затпен алмастыруға, өзіне түрліше рольдерді алуға үйренеді. Қиялды дамытудың негізіне осы қабілет жатады, Мектепке дейінгі ересек балалардың ойындарында балама заттардың болуы міндетті емес. Балалар затты ойша түсінуге және олармен амал істеуге және өз қиялында жаңа жағдайларды жасауға үйренеді. Мұндай жағдайда ойын баланың ішкі дүниесінде өтеді. Нәзік саусақтарымен жағын сүйеп, ойға шомған кішкентай қыздың қуыршаққа қарап отырған фотографиясын алты жасар Катюша көріп тұр. Қуыршақ іс тігетін ойыншық машинаның жанына отырғызылған. Катюшаның айтқаны: «Кішкентай қыз өзінің қуыршағы іс тігіп отыр деп ойлайды». Кішкене Катя өзінің түсіндіруі бойынша тек оның өзіне тән ойын тәсілін тапты. Баланың жеке басының дамуына ойынның өз ықпалы бар.

Ойын арқылы бала ересек адамдардың мінез-құлқы және қарым-қатынасымен танысады, ал бұлардың бәрі оның өз мінез-құлқының үлгісі болады, өз құрдастарымен қарым-қатынас жасауға қажетті қасиет болып саналатын араласа білудің негізгі дағдыларына ие болады. Ойын баланы еліктіре және оның өзіне алған роліндегі ережелерді орындауға итермелей отырып, сезімнің және мінез-құлықтың ерікті жігерді реттеудің дамуына себепші болады.

Баланың іс әрекетінің жемісті түрлері саналатын сурет салу мен құрастыру мектепке дейінгі балалық шақтың түрлі кезеңдерінде ойынмен тығыз байланысты. Мәселен, сурет сала отырып бала қандайда бір сюжетті ойнайды. Балалар өзара қырқысып жатқан, бірін-бірі қуып бара жатқан аңдардың, қонаққа бара жатқан және қонақтықтан қайтып келе жатқан адамдардың, соққан желден құлап түсіп жатқан алманың т.б. суреттерін салады. Текшелерден бірдеңені құрастыру ойын барысында ұштасады. Шофер ролін алған бала блоктарды құрылысқа апарады, сосын осы блоктарды машинадан түсіретін жүк түсіруші болады, ақырында ол үй тұрғызушы құрылысшы-жұмысшыға айналады. Бірлесіп ойнағанда бұл міндеттерді бірнеше бала өзара бөліседі. Сурет салуға, құрастырушылыққа деген ынталары басында тек ойын мақсатына сәйкес сурет салуға, құрастыруға бағытталған процесс ретінде болады. Тек мектепке дейінгі естияр да ересек жастағы балаларда ынта іс-әрекеттің нәтижесіне (мысалы, суретке) ауысады да іс ойын ықпалынан азат етіледі.

Ойын іс-әрекеті ішінде оқу ісі де қалыптаса бастайды, кейінірек ол бала іс-әрекетінің басты түріне айналады. Оқу ісін ересек адам енгізеді, бірақ ол тікелей ойыннан пайда болмайды. Бірақ мектеп жасына дейінгі бала ойнай жүріп оқи бастайды. Ол оқуға белгілі бір ережелері бар рольді ойынның ерекше түрі ретінде қарайды. Әйтсе де осы ережелерді орындап

жүріп, қарапайым оқу әрекетін меңгеріп жүргенін баланың өзі де аңғармайды. Үлкендердің оқуға көзқарасы ойынға көзқарастан бүтіндей өзгеше. Үлкендер баланың оқуға көзқарасын ақырындап байқаусыз қалыптастырады. Балада оқуға деген тілек пен бастапқы іскерліктері қалыптасады.

3. Сюжеттік ойын

Балалар өздерінің рольді ойындарында айналасындағы шындықтың көп жақтылығын көрсетеді. Олар үй тұрмысынан, үлкендердің еңбектегі іс-әрекеті мен олардың еңбектегі қарым-қатынастарынан көріністер көрсетіп, замана оқиғаларын (космостық ұшулар, арктикалық экспедициялар) және басқаларды бейнелейді. Балалар ойындарында көрсетілетін шындық рольді ойындардың сюжеті болады. Балалар араласатын өмір ауқымы неғұрлым кең болса, ойын сюжеті де соғұрлым кең де сан алуан келеді. Сондықтан да, мектепке дейінгі кішкентайлардың ойын сюжеттері шағын, ал мектепке дейінгі ересектердің ойын сюжеттері өте сан алуан. Бес-алты жастағы балалар қонақтар, қызы мен анасы, балабақша ойындарын ғана емес, колхоз әмірі, көпір салу, космос кораблін ұшыру сияқты ойындарды да ойнайды.

Ойын сюжетінің әр алуандылығы артқан сайын ойын уақытының ұзақтығы да артады. Мәселен, үш-төрт жастағы балалар ойынының ұзақтығы бар болғаны 10-15 минут болса, төрт-бес жаста балалар ойынының ұзақтығы 40-45 минутқа, мектепке дейінгі ересектерінің ойыны бірнеше сағатқа, кейде тіпті бірнеше күнге созыла береді.

Балалар ойынының кейбір сюжеттері мектепке дейінгі кішкентайларда да, ересектерінде де қызы мен анасы, балабақша ойындары кездеседі. Бірақ ойын сюжеттері мектепке дейінгі жастағы балалардың бәріне ортақ болғанымен ойындардың ойналу сипаты түрліше: бір тақырып төңірегін өзінде мектепке дейінгі ересектер ойыны кішкентайлар ойынына қарағанда анағұрлым алуан түрлі. Әрбір жасқа ортақ сюжет төңірегінде болмысты түрлі жақтарынан көрсете білу тән. Мәселен, челюскиншілер болып ойнауда балалар дамуының түрлі сатыларын байқауға болады. Сәбилер үшін бұл ойынның ең түйінді жері—мұзжарғышпен жүзу. Жас сатысы жоғары болғанда бірінші орынға полярлық эпопеяға қатысушылардың сыртқы әлеуметтік қарым-қатынастары мен әлеуметтік сатысы (кімнің жолы үлкен), капитанның, машинистің, радистің тағы басқаларының мінез-құлық ережелері шығады. Ақырында, моральдық, асқақ сезім түріндегі ішкі әлеуметтік қарым-қатынастардың бәрі өзекті мәселеге айналады. Ұқсас ойындарды балалар кез келген жаста ойнай береді, бірақ түрліше ойнайды.

Сонымен, сюжетке нұсқау ойынды толықтай сипаттамайды. Сюжетпен қатар рольді ойынның мазмұнын да ажырату қажет. Ересектер іс-әрекетінен бала нені негізгі сәт деп бөліп көрсетсе, ойынның мазмұны сол болып табылады. Әр түрлі жастағы балалар тобы ортақ сюжетті ойынға түрліше мазмұн береді. Айталық, кішкентайлар ересектердің қандай да бір істерін еске түсіре отырып, тек белгілі бір заттармен белгілі

бір қимылды әлденеше рет қайталайды. Заттар арқылы үлкен адамдардың шынайы істерін қайталап көрсету мектепке дейінгі кішкентайлар ойынының негізгі мазмұны болып табылады. Мысалы, сәбилер түскі тамақ ішу ойынын ойнағанда қандай да бір қимылды бірнеше рет қайталай отырып, нан тіледі, ботқа пісіреді, ыдыс-аяқ жуады. Әйтсе де балалар тілінген нанды үстел басындағы қуыршақтардың алдына қоймайды, пісірілген ботқаны тәрелкеге салмайды, таза тұрған ыдыстар жуылады. Мұнда ойын мазмұны тек қана заттар арқылы жүргізілетін қимылдармен көрсетіледі.

Мектепке дейінгі кіші жастағы бала, рольді ойындағы сияқты ойын сюжетін жоспарламайды, ол қолына іліккен затқа байланысты өздігінен пайда болады. Мысалы, баланың қолында түтік болса, ол дәрігер, ал термометр болса, онда ол медсестра болады. Балалар арасындағы негізгі талас іс-әрекет жасайтын заттарды иемденуден пайда болады. Сондықтан да бір машинаны бір мезгілде екі шофер жүргізіп келе жатады, ауруды бірнеше дәрігер қарайды, түскі тамақты бірнеше ана пісіреді. Міне, сондықтан да рольдер бір заттан екінші затқа ауысуға байланысты жиі ауысып отырады.

Сонымен бірге мектепке дейінгі кіші жастағы балалар арасында ойынның мазмұны ретінде көбіне адамдар арасындағы қарым-қатынас көрінеді.

Ойын кезінде адамдар арасындағы қарым-қатынасты толығынан бере білу баланы белгілі ережелерге бағынуға үйретеді. Ойын арқылы балалар үлкендердің қоғамдық өмірімен таныса отырып, адамдардың қоғамдық функциясы мен олардың арасындағы қарым-қатынас ережелерін түсінуге де араласады.

Мектепке дейінгі ересектердің рольді ойынының мазмұны өзі қалаған рольден туындайтын ережелерге бағыну болып табылады. Бұл жастағы балалар ережелерді орындауға төтенше міншіл келеді. Ойында қоғамдық мінез-құлық ережелерін орындай отырып «не болатынына?» назар аударады. Сондықтан олар ненің болатындығы, ненің болмайтындығы жөнінде пікір таластырып: «Аналар бұлай істемейді», «Дәрігер ауруларды осылай қарай ма?» - және т. б. дейді.

Сонымен, рольді ойын сюжеті мен мазмұнының дамуы айналасындағы үлкендердің өмірін баланың барған сайын тереңірек ұғына түскендігін бейнелейді.

Ойын жайындағы балалардың шынайы өзара қарым-қатынастары олар тек өздері келіскенде ғана пайда болады, бірақ байқаусыз түрде ойын барысында да өтуі мүмкін. Ойын жөнінде пайда болатын шынайы өзара қарым-қатынастар, біраз кейінірек, ойын сюжетімен анықталатын өзара қарым-қатынастарға да ауысады. Бұл жағдайда сюжетті қарым-қатынастар формаға айналады да одан шынайы қарым-қатынастар байқалады.

Балалар арасындағы шынайы өзара қарым-қатынас сюжетті байланыстарды мүмкін болатын логикасына сәйкес келуі мүмкін. Мысалы,

самолет және жол жүрісі тәртібін реттеушісі ойынын бастаушы осы ойынды ұсына отырып, өзі жол жүрісі тәртібін реттеуші болады. Бұл жағдайда ойын бастаушы өзіне тиісті роль бойынша басқа балаларға жетекші болу мүмкіндігіне ие болады.

Балалар арасындағы шынайы қарым-қатынас сюжетті байланыстың логикасына сәйкес келмеуі де мүмкін. Мысалы, ойын бастаушы өзіне бағыныңқы рольдің бірін (ол бүкіл эскадрилья самолетінің бірін бейнелейді) алады да, жол жүрісі тәртібін реттеушінің ролін алған балаға бағынады.

Егер бастаушы өзіне бағыныңқы рольді алса, бірақ ойынға нақтылы түрде жетекшілік етіп отырса, онда ойындағы өзара қарым-қатынастар шынайы қарым-қатынастар болып күрделенуі мүмкін.

Жайылған сюжетті түпкі ойын жасау бірлескен іс-әрекетті жоспарлау шеберлігін дамытумен бала өзімен бірге ойнаушылар арасында тез орнын табудың қажеттігін, олармен байланыс орнатуды, ойнаушылардың тілегін түсіне білуді, өз тілегі мен мүмкіндіктерін салыстыра білудің қажеттігін ұғына бастайды. Мұнда әр бала ойынның жалпы жағдайы мен осы топтағы балалардың құрамына сәйкес өзін-өзі соларға икемдеуге үйренеді. Ойынға кіріскенде балалар өздерінің жеке бастарының ерекшеліктерін көрсете бастайды. Біреуі талап етіп айқай салады: «Мен бастық боламын! Мен!». Балалардың бірэсы бұл тілекті үн-түнсіз қабылдайды. Бірақ арасында оның мұндай мәлімдемесіне келіспеушілердің табылуы ықтимал. Мұндайда дау-жанжал туады. Рольді бөлісуге қанағаттанбаған бала ойынға қатысудан бас тартуы мүмкін: «Сендермен ойнамаймын. Бітті!» Бірақ ол бірінші орынға ие болғысы келген баланы ығыстыруы да мүмкін: «Кәне бері келіндер! Бұйрықты мен беремін!»

Егер балалар өзара келіспесе, ойын бұзылады. Ойынға деген қызығу, оған қатысуға деген тілек балаларды өзара келісімге де келтіреді.

Е.С. Слеповичтің «Сюжеттік-ойын» әдістемесі.

Мақсаты: Баланың өз іс-әрекетін ұйымдастыра білуін анықтау.

Әдістеме арнайы іріктелген топта жүргізілген. Балаларды алдын-ала дайындалған бөлмеге алып барған. Онда келесі тақырыптарға сай ойыншықтар дайындалған: «Емхана», «Дүкен», «Отбасы», «Құрылыс». Әдістеме психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілген.

Е.С.Слепович және оның шәкірттері жүргізген әдістемеде анықталғандай, қарастырылып отырған топтағы балалар өздігінен ойын бастамайды. Олар кейде ойыншықтарды алып, оларды қарап заттық-ойындық іс-әрекеттер жасаған. Не істеп жатырсындар деген сұраққа,

олар: «машинаны жүргізіп жатырмын», «қуыршақты киіндіремін» деп жауап берген. Тағы бір жағдайларда балалар іс-әрекеттерді өздерінің қиялынан шығаратыны байқалған. Егер эксперимент жүргізуші ойын шартын ұсынбай жатып, ойынды бастауға итермелесе бұрынғы көрсеткіштер қайталанып отырды, яғни өздігінен ойын бастамады. Алайда, уақыт өте келе ойынды ұйымдастыруға деген талап арта түсті. Сонымен бірге топтың бір бөлігі ауыр түрдегі ПДТ балалар ойын бастауға ықыласы

болмай, бөлме ішінде жүгіріп жүрді немесе басқа іспен айналысты. Кейде үлкен адам ойынның нақты тақырыбын берсе де, балалардың тек жартысы ғана ұсынылған ойынның шарты бойынша ойынды бастаған. Сонымен қатар жан-жағына қарап қасындағы баланың немен айналысып жатқанымен жұмысы болмады. Қарастырылып отырған топтағы мектепке дейінгі балаларда ойыншықтарға деген көзқарасы өзгеше. Эмоционалды қатынасының төмендігі сүйікті ойыншығының болмауынан байқалады. Бұл жағдай зерттеу жүргізгеннен ғана емес, ата-аналарымен сұхбаттан кейін де мәлім болды. Олардың айтуы бойынша, балаларының белгілі, ұнататын ойыншығы жоқ.

Бұл әдістемені жүргізу барысында балалардың қоршаған орта туралы білімін, үлкендердің іс-әрекеті туралы білімін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты түсінуін, жинаған білімін ойын шартында қолдана білуін, өз ролін түсініп және басқалармен қатынас жасауын байқаған. Ойында сонымен қатар, балалардың өз әрекеттеріне және құрбыларының әрекеттеріне эмоционалды қатынасы байқалған.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ойыны жайында жалпы айтсақ: оларға бірқалыптылық, шығармашылықсыздық, жеткіліксіз эмоция тән. Қалыпты дамудағы балаларда 6 жаста сюжеттік ойын өзінің дамушыңына қол жеткізеді. Ал, қарастырылып отырған ПДТ балаларда ойыншылардың өз міндеттерін дұрыс бөлмеуімен, ойын ережелерінің сақталмауымен ерекшеленеді. Мұндай ерекшеліктер қалыпты дамудағы мектепке дейінгі жастағы балаларға тән.

Ойынды дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Сондықтан тәрбиешілер мен ата-аналар бұл ойындарды белгілі талапқа сәйкес ұйымдастырып отырулары қажет. Балалардың ойынына үлкендер тарапынан жетекшілік болмайынша, олардың әрекеттік мазмұны өзінің негізгі мақсатына жете қоймайды. Мәселен, бала әкесіне еліктеп, түрлі заттарды шегелеуді үлкен дәреже кореді. Баланың осы тілегін қолдау керек. Осындай ойын арқылы бала еңбек дағдысына үйрене бастайды. Бұл өзінше «ойын» болып сақталғанымен, баланың барлық күш-жігерін, зейінін өзіне аударып отыр. Балалар ойынына үнемі дұрыс басшылық етіп отыру - ой-өрісінің, өмір тәжірибесінің жан-жақты қалыптасуына байланысты жүргізілетін жұмыстардың басты бір бөлегі.

Мектепке түскеннен кейін бала ойынының мазмұны кеңейе бастайды. Мәселен мектепке дейін тұрмыстық ойындарды (семья, магазинге бару т. б.) көбірек ойнайтын болса, енді қоғамдық-саяси мәні бар, еңбек процесінің сан алуан жақтарын көрсететін сюжеттік ойындарды ойнауға ауысады. Мәселен, бірінші сыныптағылар қуыршақтарына, үйдегі кішкентай балаларға сабақ үйрете бастайды, олардың бірі — мұғалімнің, қалғандары оқушының ролін атқарады. Ойында мектеп өмірінің бейнелеуі екінші сынып балаларында біртіндеп кеми бастайды, оның орнын творчестволық ойындар басады. Адамдардың жай қимыл-қозғалысын көрсетуден гөрі бала олардың бір-бірімен қатынасын, сезімдері мен көңіл-

күйлерін көрсетуге талаптанады. Енді оқыған кітаптары, көрген кинолары, үлкендерден естіген өңгімелері баланың ойын мазмұнына кіреді.

5. Жаттығулар мен спорттық ойындар

Бұл кезеңнің ерекшеленетін себебі: Бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды, сабақтардан тез шаршайды, бұрынғыдай қимылдай бермейтін болады. Өйткені бұған дейін балалар үнемі қозғалыста болады, ойнайды, жүгіреді, ертеден ұйқыға жатқанға дейін 6 сағаттан аса қозғалыста болады. Ал мектеп табалдырығын аттағаннан кейін жүріс-тұрысы, қозғалысы таза ауада болатын уақыты әлде қайда азаяды, тіпті ұйқысы да бұзылады. Бұл олардың ден саулығының қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Зерттеулер көрсеткендей мектеп оқушыларының 80 пайызының организмінде ақау болатыны - осының дәлелі. Әрине аптасына 3-ақ рет болатын дене шынықтыру сабағы организмнің күнделікті қозғалыс қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Мектеп табалдырығын аттаған 1 – сынып оқушысы мектеппен қалай танысса дене шынықтыру сабағымен де солай танысуы керек . Ал мектептегі жалпы дене шынықтыру, сауықтыру жұмыстарының басқа пәндермен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Оқушылар спорт залға, алаңға арнайы спорттық киіммен ғана шығуы тиіс десек, бұл – оларға қойылатын алғашқы талап. Бастауыш сыныптарда оқушыларға дене шынықтыру пәні бойынша теориялық білім мен практикалық дағдылар меңгеріледі. Сауықтыру шаралары ағзадағы физиологиялық өзгерістерді жақсартумен денені шынықтыруды көздейді. Бұған таң ертеңгі бой жазу жаттығулары, сабақ үстінде өткізілетін сергіту сәттері, үзіліс күні жасалатын жаттығулар мен ойналатын ойындар, сабақтан тыс уақыттағы ойындар мен жаттығулар жатады. Таң ертеңгі бой жазу жаттығулары оқушылар дене шынықтыру сабығында орындап, үйреніп, оларды үйде өз беттерімен қайталап жаттығады. Бұған оқулықтағы жалпы дамыту жаттығуларымен мұғалімнің өз қалауы бойынша іріктеп алынған жаттығуларды пайдаланады. Бой жазу жаттығулары музыка ырғағымен неше түрлі спорт құралдарын қолданып өткізсе оның құндылығы арта түседі. Қазір мектептердің көбінде үзіліс кезінде таза ауаға шығып бой жазып сергуіне мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан оқушылар үзілісте азда болса ойнап, жаттығулар орындау арқылы, өздеріне керекті қимыл қозғалыстар жасау мақсаты үшін оқулықта шағын ғана орынды қажет ететін ойындар көрсетілген.

Сабақтан тыс кездері жасалатын жаттығуларды мұғалім көбінесе әрбір дене шынықтыру сабағы сайын үйге тапсырма ретінде беріп отырады, және тапсырмалардың дұрыс орындалуын қадағалап, тексеріп отыру керек. Таң ертеңгі бой жазу жаттығулары мазмұнына қарай 4 топқа бөлінеді:

Алғашқы жаттығуларды ұйымдастыру

Керіліп – созылу жаттығулары

Тыныс алу мүшелері мен организмнің қан айналымына әсер ететін жаттығулар

Аяқ қолдың бір мезетте қозғалуына, денені дұрыс ұстауға арналған жаттығулар.

Таң ертеңгі бой жазу жаттығуларының ойдағыдай өтуі, оның ұйымдастырылуына байланысты. Бастауыш сыныптарда өтетін спорт сағатының мақсаты – оқушыларды дағдылы қозғалыс түрлеріне (жүру, жүгіру, секіру, т.б.) спорттық жарыстарға қатысуға дайындау. Таң ертеңгі бой жазу жаттығуларын үйде орындауға бақылау жасау және т.б. Бала алғашқы кезде далаға шыққан бетте жаттығулар орындайтын жерге жеткенше тез жүгіріп барып, одан соң жүгіруді бастап, бара-бара жылдамдықты үдете беруі қажет. Ең әуелі жүгіруден бастаудың мәні қан айналу процесімен ішкі мүшелерді тиісті жүктемелерге дайындайды. 5 – 10 минут жүгіріп, одан кейін керіліп-созылу жаттығуларын орындайды. Кеудені кере дем алу, иық, кеуде және белді қозғау жаттығуларын орындап бірте-бірте күрделендіре береді. Бастауыш сыныптарды дене тәрбиесі сабағында оқушылардың дене жағынан даму процестері баса ескерілуі қажет. Сабақтың мақсатына қарай арнайы іріктеліп алынған жаттығулар мен ойындарды, оқушылар орындай алатындай болуы керек. Баланың өз құрбыларының арасында жүргенде көпшіл бола білу мінез-құлқын қалыптастыратын бірден-бір құрал ойын екені даусыз. Әрбір баланың мінез-құлқы ойын үстінде қалыптасады. Яғни біреуі әділ ойнайды, екінші біреуі алдайды, үшіншісінің жаттығуды орындауға шамасы келмейді, енді бірі жігерсіздік танытады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері ойын тәрбие құралының негізі ретінде пайдалану керек. Адамның жеке басының қасиеттері дененің қалыптасуымен байланысты. Денені жүйелі түрде шынықтыру мен ден саулықты нығайту. Адамның ойын өсіріп, шығармашылық қабілетін арттырады. Организм шамасы келетін жаттығуды және дұрыс ұйымдастырылған жұмысты орындағанда ғана дамып, нығайып жетіледі.

Қазіргі мектептерде бір ауысымда оқитын оқушыларға күніне бір сағат; ден саулық сағаты; өткізіліп жүр. Денсаулық сағаты 2 немесе 3 сабақтан кейін барлық оқушылардың қатысуымен 45 минут бойы өткізіледі. «Денсаулық сағаты» жергілікті жағдайға және оқушылардың санына байланысты оқу күнінің басқа бір уақытында өткізуге де болады.

Бұл үлгі 6 сабақ кестесі бойынша беріліп отыр. «Денсаулық сағатын» үшінші сабақтан кейін қойғанда да осы уақыт кетеді. Бұрын бір ауысымда оқитын мектептерде 6 сабақ 14 сағат 25 минутта бітетін. Таңертеңгі бой жазу жаттығуларын орындау үшін, оқушылар мектепке 8 сағат 15 минутта келіп, 8 сағат 30 минутқа дейін таңертеңгі бой жазу жаттығуларын орындап, содан соң сабақ басталатын. Ал қазір оқушылар 8 сағат 15 минутта сабаққа отырады. Сонымен бұрынғы 30 минуттық, болмаса 20 минуттан екі рет өткізілетін ұзақ үзіліс уақыты денсаулық сағатына пайдаланылады.

Осылайша мектептегі бұрынғы қалыптасқан сабақ кестесі өзгермейді. Демек таңертеңгі бой жазу жаттығулары мен ұзақ үзіліс уақытынан күнде өткізіліп тұратын денсаулық сағаты шығады. Бұл сабақ тек далада

өткізіледі. Күнделікті «денсаулық сағатын» өткізу балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, денсаулығын нығайтады, денесінің шынығу деңгейін көтереді. Әсіресе ақыл-ойына, мидың қабылдау процесіне әсер етеді. Демек мидың белгілі бір уақытта тынығуына жағдай жасайды.

Гимнастикалық жаттығуларды үйретіп, меңгертудің мақсаты – баланың бұлшық еттерін, күш – қайратын өз уақытында жетілдіруге дайындау, иіліп-бүгілгіштігін дамытуға жағдай жасау. Сондай-ақ оқушы өз қимыл-қозғалысын соған сәйкес музыка ырғағымен үйлестіруге үйренеді. Көркем гимнастика мен акробатикалық жаттығулардың элементтерін орындауға дағдыланады.

Ал жеңіл атлетиканың жүгіру, секіру, лақтыру жаттығуларының техникасын жетілдіргенде нәтижесі жақсарады. Жеңіл атлетика жаттығуларын кеңінен қолдану оқушының шапшаңдылық, күштілік, төзімділік қасиеттерін, қимыл-қозғалыстарын дамытып жетілуіне, күш-қайратының молаюына ықпал етеді. Жалпы дамыту жаттығулары – мойын, иық, кеуде, арқа және аяқ бұлшық еттерін дамытуға пайдасын тигізеді.

Дене тәрбиесі мен адам психологиясы өзара тығыз байланысты. Балалар өмірінде оның ой әрекетінен тыс ешбір процесс болмайды. Адамның жан-дүниесіндегі әрбір түйсік, қозғалыс түрінде білінетіндігі және керісінше әрбір қимыл-қозғалыс көңілге тікелей байланысты екендігі ғылыми түрде дәлелденген. Сөйтіп ақыл-ойға қозғау салмайтын бірде-бір қимыл жоқ, ой қызметі қимыл түрінде көрініс табады.

Ойынға баланың дене мүшелері түгел қатысады, ойын оның барлық рухани әрекетіне қозғау салады, сөйтіп жеңіл және гимнастиканың, дене тәрбиесінің барлық түрлерінің міндетін атқарады. Осылайша бастауыш мектеп оқушыларының күнделікті тіршілігіндегі қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын дене шынықтыру – сауықтыру жұмыстары дұрыс жолға қойылғанда ғана біздер денісау ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Дене тәрбиесінің негізі – жеке тұлғаның өз қолында. Мысалы, әр күні дағдылы жаттығулар жасап, тазалықты қастерлеуді қалыптастырса, екіншіден, түрлі сауықтыру қимылдарын міндетті түрде (парыз) жасап, дене қимылдарын шынықтырса, онда ол денсаулығын, ой парасатын таза сақтай алады.

Дене тәрбиесі түрлі жаттығулар арқылы жеке тұлғаның бойындағы қимыл анализаторларын іске қосып, қимыл жүйесін, сымбатын, симметриялық салмағын қалыптастырады, оның ұстамдылығын, төзімділігін, еңбекке бейімділігін арттырады. Дене тәрбиесі сабақтар арқылы, спорттық жарыстар арқылы, түрлі дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары арқылы жүргізіледі.

Ойын

Міндеті

Мақсаты

Баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру

Бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттыруды құралы.

Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Ойын

Сабақтың соңында

Сабақтың ортасында

Сабақтың басында

Өткен сабақты еске түсіреді

Тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Көңіл күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтыласын арттырады

Баланың

бойында

Ойынның нәтижесі:

Шыдамдылық

Белсенділік

Ойлау

Тапқырлық

Ұйымдастырушылық қасиеттері қалыптасады

\\КОУЧИНГ ЖОСПАРЫ:

1. Белсенді үдерісті орындауды ұйымдастыру кезеңі. «Әр мұғалім – өзіндік тәлім бейнесі» жаттығуы. Түрлі фигуралар бойынша мозайкалық пазлдар топқа бөлу.

2. Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың маңызы. Бәсекеге қабілеттілікті дамыту жолдары.

3. Интербелсенді оқыту әдістері туралы түсінік. «Оқыту әдістері» шеруі

4. Қазіргі заман мұғалімінің келбеті (имиджі)

1. **«Әр мұғалім – өзіндік тәлім бейнесі» жаттығуы** бойынша мұғалімдер тез арада өзінің ерекшелігіне сай іс-қимыл не бір сөз арқылы өзінің мұғалімдік келбетін көрсетіп беруі қажет. Тез арада шешім қабылдауы мен шығармашылық ой-өрісі арқау болады. Мәселен, «Менің бейнем – күн! Білім сәулесін төгіп, барлық оқушыға бірдей қараймын.» «Менің бейнем кітапқа келеді. Өйткені, шығармашылығым мен ашылмаған қырларым көп», Мен өзімді еңбек құралына теңеймін. Себебі, өмірде барлығын өз еңбегім мен төзімділігім арқасында жеттім.» т.с.с.

Түрлі фигуралар бойынша мозайкалық пазлдар арқылы топтарға бөлу кезінде «дөңгелек пішінді – қарым-қатынасқа ашық, төртбұрыш – өз-өзіне сенімді, үшбұрыш — Кан-каликтің психологиясына сай озық ойлы,

бесбұрыш – шығармашыл, алтыбұрыш – көрқырлы» қасиеттері де ескеріліп, түсінік беріледі.

2. Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың маңызы.

Жаһандану заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ.

Миға шабуыл. Бәсекеге қабілетті деген тіркесті қалай түсінесіздер?

РР таныстырылымы бойынша ой-пікірлерін жинақтау.

Қай мағынасы оқыту үдерісінде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға **анықтама** бола алады?

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың **2020-2030 жылдарға** арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты да экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп көрсетілгені де мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Оқу мақсаты басымдылығының өзгеруі білім мен тәрбие мазмұнына елеулі түрде ықпал етіп, оны жаңартудың ең басты бағыттарын айқындауға және нақтылы міндеттер белгілеуге мүмкіндік береді. Жаңа мазмұнды оқытудың нәтижелілігі мұғалімнің шеберлігі мен ізденісіне көп байланысты. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру ұстаздың білімділігін, жан-жақтылығын және кәсіби шеберлігін талап етері сөзсіз.

Мұғалім білімін көтермей, кәсіби шеберлігін шындамай, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие береміз деу қазіргі заман талабына сай келмейді. Оның үдерісінен шығу – біздің міндетіміз. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың қабылдануы – білім саласын жаңарту туралы бастамалардың бірі. Оның мақсаты – алған білімді өмірде тиімді қолдана білуге үйрету. Нәтижесінде тәжірибелік бағыттылығын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы технологиялар мен ұстанымдар педагогтардың практикасына табысты енгізілуде. Белсенді оқыту формасында ортақ талқылау мен тәжірибелік тапсырмалар тереңірек игертуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыруға қол жеткізу міндеті іске асырылуда.

Бәсекеге қабілеттілікті дамыту жолдары. Топта жұптасып жұмыс жүргізеді.

Ой талқы. Болашақта бәсекеге қабілетті бола білетін тұлғаны, яғни оң бағытты «Мен» тұжырымдамасын қалай қалыптастыруға болады?

Қабілеттерді қалай дамытуға болады? mp4 бейнематериалы.

Ой-тоқтам. Рефлексия. Бірлескен іс-әрекетке, қарым-қатынасқа

негізделген оқыту әдістері арқылы дамытуға болады, яғни белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімді болып саналады.

3. Интербелсенді оқыту әдістері туралы түсінік. «Әткеншек» әдісімен 5топ талқылайды.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер и н т е р б е л с е н д і деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар. Интербелсенді – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интербелсенді оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталады» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен, интербелсенді оқыту қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді және оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруда тәжірибесі аз мұғалімдерге көптеген қиындықтар туғызады.

Интербелсенді оқыту үдерісін пайдалану — өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу үдерісінің қандай да бір қатысушысын немесе идеяны (яғни, жақсы оқитындарға ғана назар аудару сияқты) ерекшелеуді шектейді. Бұл моделге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.

Интербелсенді оқыту – бұл топтық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу әрекетіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үдерісін ұйымдастыру.

«Оқыту әдістері» шеруі. Аукцион. Топтар шығармашылық идеясымен бөліседі.

Бұл тапсырма Блум таксономиясына сай және «сәтті сабақтың бірінші қағидасына» сай мұғалімдердің не білетіндіктерін ортаға салумен үндеседі.

Шеруге «аукцион» әдісімен әр топ өз әдісін стикерге жазып, маңызын айтып, соған байланысты орналастырады.

Рефлексия. Глассер бойынша «оқу пирамидасына» сәйкес түсінік беріп, әр сұраққа жауап беру:

CASE-STADY. Оқытудағы белсенді әдістердің бірі «**case-stady**» тәсілімен бес топқа кейстер беріледі. Педагогикада оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады, сол үш түрі мен интербелсенді әдістерге және олардың маңызы мен нәтижелілігі туралы бес топ өзара талқылап, басқа топтарға түсіндіру тапсырылады:

1-топ: Енжар (пассивті) – оқушы оқытудың «объектісі» ролін атқарады (тыңдау және көру). Осы әдістің жақсы және нашар тұстарын басқа топтарға түсіндіреді

Енжар әдіс – мұғалім мен оқушының өзара әрекет формасы. Енжар әдісте мұғалім белсенді рольде болып, оқушылар енжар тыңдаушы роліне енеді. Енжар әдісті ұстанғанда оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс сұрақ-жауап, өз бетінше жұмыс, тест тапсырмаларын орындату т.б. формалар түрінде өткізіледі.

Қазіргі жаңа технологиялар тұрғысынан қарастырғанда енжар әдіс ең тиімсіз әдістеме ретінде қарастырылады. Дегенмен де енжар әдістің де өзіндік тиімді тұстары бар. Яғни шектеулі уақыт аралығында оқушыға көптеген мәліметті, ақпаратты жеткізу. Бұл көп жағдайларда дәріс сабақтарында кеңінен қолданылады.

Жалпы енжар әдіс төмендегі сызба негізінде іске асырылады.

оқушы

мұғалім

оқушы

оқушы

2-топ: Белсенді (активті) оқушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс);

Белсенді әдіс – сабақ барысында мұғалім мен оқушының белсенді өзара әрекет формасы негізінде анықталып, оқушы тыңдаушы емес, белсенді қатысушы роліне еніп, мұғаліммен бірдей деңгейде сабаққа ат салысады.

3-топ: **Интербелсенді** әдістер тұлғаның ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаздық пен шығармашылыққа негізделген тапсырмалар.

Белсенді әдіс пен интербелсенді әдіс арасында айырмашылық бар. Интербелсенді әдіс белсенді әдіске қарағанда ауқымы кеңдеу, бұл әдіс тек қана мұғалім мен оқушы арасында белсенділікке құрылмай, оқушы мен оқушы арасындағы өзара пікірталасқа, ой бөлісуге, өзара бірлесіп негізгі мәселелерді шешуге бағытталған. Интербелсенді әдіске негізделген сабақта оқушылар сабақ мақсатын шешуге бағыт беріп отыру, ал оның белсенді орындаушылары оқушылар. Интербелсенді әдісті төмендегі сызбаға негіздеуге болады.

4-топ: Әдіс-тәсілдерді талқылап, басқа топтарға түсіндіру. Интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интербелсенді әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабы себебі қазіргі қоғам талабына сай, тұлғаның ой-өрісін дамыту, біліктері мен шеберліктерін қалыптастыру, оны өз тәжірибесінде, жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой дербестігін кеңейту, заман сұранысына сай ізденімпаз, шығармашыл тұлғасын қалыптастыру қажет. Жалпы, жаңарған оқыту құрылымы мен ұйымдастырылуы оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттеріне, рухани дамуына, олардың өмірлік жоспарларының жүзеге асырылуына бағытталған, көпвариантты және икемді болуы қажет. Интербелсенді оқыту әдістеріне жұптық және топтық жұмыс түрлері: ротация, тыңдайтын үштік, екеуі үйде, үшеуі қонақта, аяқталмаған сөйлем, есептеу ағашы, өз атынан сот, азаматтық тыңдау, іскерлік ойын, өз позицияңды ұстан, жигсо, екі жақты күнделік, дискуссия, дебаттар т.с.с, сондай-ақ, құрылғылар ойлап табу мен жобалар әзірлеу. Интербелсенді оқыту әдістерінің аса көп мөлшері белгілі. Әр ұстаз өз бетінше сыныппен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, шағын топтарда жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданылады.(әдістер жинағы беріледі)

5-топ: берілген кейстер (слайдтар) бойынша жұмыс жүргізеді. Соңында «Сабақ барысында берілген тақырыптарды меңгерту кезінде сіз қандай әдісті қолданып, қалай өткізер едіңіз?» деген сұрақтарға өздері мысалдар ойлап тауып, жағдаятты бірлесіп шешуі көзделеді.

Бұл тапсырмаларды орындату кезінде оқу пирамидасына сәйкес өзара білім беру мен құрдастар тобының өзара түсіндіруі білімді 90% игертуге мүмкін екендігі басшылыққа алынды.

Рефлексия. Әдістер бөлімін меңгерту мақсатында «**Мұнара жасау**» тапсырмасы беріледі. Әр топ газет беттері мен түрлі-түсті қағаздарды, желім, скотч, флипчартты қолданып, бірлесіп мұнара жасап шығарады. Мұнараның биіктігі не қабырғаларының мықты болуының себебін сабақтың мақсат-міндеттеріне сай әдіс-тәсілдерді тиімді қолданумен сабақтастырып, сыни ойлаулары арқасында байланыстырып, түсіндіріп шығуы тиіс.

Бұдан шығар қорытынды: Сабақты түрлендіріп, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру мұғалім шеберлігіне тікелей байланысты. Мұғалімнің көзқарасы мен деонтологиялық ұстанымы, оның құндылығына қарай **өз стилі** болады.

4. Қазіргі заман мұғалімінің келбеті.

«Айналмалы бекет» әдісімен бес топ яғни бес бекетке сұрақ-тапсырмалар беріледі. 2минут бөліне отырып, әр бекетке барып, тапсырманы орындап шығады.

1 бекет: Мұғалім имиджі дегенді қалай түсінесіздер?

2 бекет: Мұғалім жұмысындағы 4қиыншылық

3 бекет: Мұғалім бойында болатын қасиеттер

4 бекет: Мұғалім ісіндегі көрегенділік

5 бекет: Болашақтағы мұғалім

Слайд-шоу. «Мұғалім имиджіне неліктен көңіл бөлу қажет?»

«Бәрі сенің қолыңда» бейнекөрсетілімі.

Қорытынды сөз: Интербелсенді оқыту үдерісін ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі белсенді емес, бірақ кадр артындағы рөлі ерекше зор. Ол сабаққа өте мұқият және шығармашылықпен дайындалуы керек, тәжірибелік тұрғыдан пайдалы тапсырмалар құрастырып, класта қалыптасатын ынтымақтастық орта туралы ойлануы тиіс.

Оқушы тұлғасын қалай жетілдіріп, қалыптастыру да, қай бағытта дамыту да – мұғалім еншісінде. Демек, мұғалім келбеті мен құндылығы қалай болмақ, солай болашақ ұрпақ тәрбиеленіп шығады.

«Жаңаша жаңғыртып оқыту жүйесінде» үйренуші бұрынғы дәстүрді ұғымдардағыдай әрекетсіз, енжар тұлға емес, ол оқыту процесіне бастан аяқ қатыстырылатын, танымдық іс-әрекетін толық іске қосқан белсенді тұлға.

Пікірсайыс сабағы барысында оқытушының рөлі өте маңызды. Себебі, оқытушы бұл сабақта негізгі рөлді атқарады. Оқытушы мынандай ережелерді басшылыққа алады: сабақта жайлы, достық қарымқатынас орнату, сынамау, сөзін бөлмеу, ауыстырмау, олардың белсенділігін ынталандыру, қызықтыру, сабақтың өн бойында олардың сөйлеу әрекеттерін қуаттап, жоғары бағалау.

Қорытынды пікірді оқытушы жасайды. Олар пікірталастың демократиялық сипатта болуы тек сондай ұстаныммен байланысты екендігін ұғуы қажет. Ұстаз пікірталаста шәкірттерін өз позицияларын нақты айқындап, оларды тыңдаушыларға жеткізіп, дәлелдей білуіне үйренуге шақырады.

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті әзірленген. Оларды пайдалану барысында республикамызда адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы-жоғары құндылық болып саналатын Қазақстан Республикасының негізгі заңы – Қазақстан Республикасы Конституциясын басшылыққа алу керек.

Бұл білім берудегі жаңартудың негізгі принциптерін: білім берудің “ізгілік парадигмасын” іске асыруға бағытталған білімді ізгілендіру мен демократияландыру принциптерін анықтайды. Ол “білгір адам” парадигмасын ауыстыратын “өмірге дайындалған адам”, “іскер адам” парадигмасы болып табылады.

Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарттарының бірі – білім берушінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген әрбір мұғалім өз сабағында жақсы нәтижені көре алады.

Оқыту үдерісінде дамыта оқыту, деңгейлік саралап оқыту, бағдарламалап оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, ынтымақтастық педагогикасы, өздігінен дамыту технологиясы және т.б. оқыту технологияларын пайдаланып, жетістіктерін күтуде.

Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, оны тәжірибеде қолданып, төртіншіден, дамытып нәтижесін байқайды.

Оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланудың тағы бір ерекшелігі – мұғалім мен білім алушының күрделі, тығыз байланысын оңтайлы шешуге көмектесе отырып, сенімділікпен жұмыс жасауға, өзара батыл пікірлесуге, оқуға деген ынтасын арттырады, қысқасы сапалы білім берудің оң жолдарын қамтиды. Сондықтан да ендігі жерде педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет, ол мемлекеттік стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан жаңа технологияны пайдалану мұғалім мен оқушының қарым-қатынас жайын аса шеберлік, білімділік, демократиялық бағытта уақыт талабына сай таңдауды қалайды. Парадигмалардың осылай ауысуы – білім берудің барлық мазмұнын терең ойластыруға ықпал етті. Мұғалім дайын ақиқат, түйін, ой қорытындысын балалардың “миына құйғанмен”, ойлау мен сөйлеу негіздеріне жақындауға да мүмкіндік бермей, шығармашылық, арман, қиял қанатын байлап қояды. Көптеген жағдайда баланың ой еңбегі өзі де ойлап үлгермеген, санасына ерекше әсер етпеген байланыстарды жаттап алуына әкеледі. Соның нәтижесінде құбылыстың мәнін ойлау және бақылау қабілеті дамымай, жаттауға негізделген есте сақтау дамиды.

Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырмау үшін, оны ойлауға үйрету керек. Сабақта, жалпы мектепте оқушыларға жайлы және ыңғайлы болу керек, сонда ғана оқудан жақсы нәтиже шығады. Ол тұлға ретінде жан-жақты дамитын болады. Қазіргі заманғы мектеп бала үшін қызмет етуі керек, ол білім алып қана қоймай, оны өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау мен сезіну қабілеті бар адам дайындау керек. Мақсат – мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі алып, табуға үйренуі, оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез-келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алу керек. Оқушының өз бетімен оқулықпен жұмыс істеп, білім алу дағдысын қалыптастыру үшін қажетті талаптардың бірі – оқулық соған бейімделіп жазылуы керек. Кеңінен қарастыратын болсақ, оқулық деген не? Ол – педагогикалық жүйенің бір ғана құрамдық бөлігі. Ал, педагогикалық жүйе дегеніміз не? Педагогикалық жүйе дегеніміз: мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, оқытудың ұйымдастыру түрі, құралы және осылар арқылы нәтидеге жетелейтін оқушы мен оқытушының арасындағы оқыту үдерісі. Мұндағы педагогикалық жүйенің алғашқы бес компоненті әдістемелік жүйені құрайды: мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, түрі, құралы. Дидактикалық үрдіс ойдағыдай жүзеге асу үшін оқушыларды белгілі дәрежеде оқуға қызықтырып, ынталандыру қажет. Оған мұғалім өзінің шеберлігі арқылы және міндетті түрде қызықты, тартымды, өз бетімен білім алуға қолайлы құрастырылған мазмұн арқылы қол жеткізе алады. Сондықтан, қазіргі заманның орта білім берудегі бірден бір талабы: оқулықтың мазмұнын жаңаша теру керек – мазмұндалуы жағынан да,

құрылымы жағынан да жетілдірілген түрде. Бұл жағдайда оқулық мазмұнына кем дегенде төмендегідей төрт шарт қойылады:

-бүкіл орта білім беру мектебінің мазмұны (бағдарламасы), әр пән бойынша тарау мен тақырыптардың мазмұны:

-алғашқы синтез (кіріспе) – анализ (талдау) – соңғы синтез (қорытынды) құрылымына сай келу керек;

-ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескерумен қатар ғылымының әлем деңгейіндегі жетістіктерін қамту керек;

-компьютердің оқытушылық мүмкіндіктерін ескеру (компьютермен орындалатын тапсырмаларды ұйымдастыру);

-тақырыптың мазмұны деңгейлік тапсырмалар арқылы – қарапайымнан күрделіге, саннан сапаға ауысу принциптері бойынша – берілуі керек.

Айтылғандар әдістемелік жүйенің бір ғана компонентін (мазмұнын)

жетілтіруге қойылатын талаптар. Білім берудің жоғарыдағы қойылғандай және мақсатына жаңаша терілген мазмұнына сәйкес әдіс тәсілдер, түрі,

кұралдары, оқушы мен оқытушының іс-әрекеттері, нәтижені бағалау

жүйесі – осының барлығы (Педагогикалық жүйенің сегіз компоненттері)

жаңаша көзқарасты талап етеді. Мұнда жаңа тақырыпты меңгеру үш кезең арқылы ұйымдастырылған: әр кезеңнің мақсаты “шағын мақсат”, оның

нәтижесі “аралық нәтиже” - деп қарастырылады. Тақырыпты меңгеру оқу бағдарламасына, мазмұнының көлеміне сәйкес бір немесе бірнеше сағатқа

жоспарлануы мүмкін. Соңғы жағдайда да үш кезеңдік тәртіп сақталады: әр келесі сабақта тақырыптың кезектегі кезеңі жалғастырылып өтіледі.

Кез келген даму үдерісі аралық нәтижелер алып отыру арқылы жүзеге

асады және әр аралық нәтиже ілгеріде алынған аралық нәтижеден жоғары болуы шарт.

Жалпы мақсат (мысалы, жаңа тақырып бойынша) → 1-ші шағын мақсат →

оның нәтижесі (1-ші аралық нәтиже) → 2-ші шағын мақсат → оның

нәтижесі (2-ші аралық нәтиже) → 3-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (3-

ші аралық нәтиже) → 4-ші шағын мақсат → оның нәтижесі (4-ші аралық

нәтиже) = Түбегейлі нәтиже (мысалы, олимпиадалық тапсырмаларды орындау).

Бұл жерде В.П.Беспальконың кез келген мазмұнды меңгеру үшін оған төрт деңгейлерінің шағын мақсаттары арқылы жетуге болатындығы көрсетілген.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға

және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарды

компонентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың

қазіргі жаңа технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына

сай жетілдіруі қажет. Осылай оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін

көтеруге болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген

Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізгі Ж.

Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымын белгілі бір идеаларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зертеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сын тұрғысынан ойлау –сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жқмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Ұйрену процесі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Ұйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы керек:

-Сын тұрғысынан ойлауды тудыру уақыт керек.

-Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.

-Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.

-ұйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдану.

Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау.

Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.

Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

“Ақыл-ой Одиссеясы” мектеп бағдарламасы 1978 жылы Американың Нью-Джерси штатында басталды. Ал оның негізін қалаған Самуэль Миклис деген американ азаматы.

Америка Құрама штаттарының 28 мектебінен келген команда мүшелері әртүрлі шығармашылық тапсырмалар шешуден жарысқа түседі. Осылайша бағдарлама өмірге келеді. Содан бері мемлекеттегі барлық штаттағы мектептер тәжірибиесіне еніп, әлемге тарап кетті. Қазір бұл бағдарламамен Австралия, Канада, Қытай, Жапония, Албания, Мексика және ТМД мемлекеттері мектептер жылдап өсуде. “Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасының негізгі мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптан тыс ойлауға үйрету.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский “шығармашылық” деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені зерттеген психологтардың бірі Я.А.Пономорев оны “даму” ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол баланың

психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Адамның шығармашылыққа деген жанданысы, оның өз жекелігін, өз қабілеттерін іске асыруға деген жолын ашады.

“Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасының теориялық негізі ретінде жоғарыда аталған әлемдік деңгейдегі ғалымдардың тұжырымдарымен бірге Д.Гилфорд, Е.Торренс, А.Осборн сияқты шығармашылық теориясын жасаған ғалымдар еңбегі алынады.

Бағдарламаның құрылымы.

Бағдарлама екі бөлімнен тұрады.

Лезде шешілетін тапсырмалар үлгілері:

6 қарындаштың көмегімен 4 тең төрт үшбұрыш құрастыр. Шарты: үшбұрыштың бұрыштары қарындаштардың аяқтарының қосылуынан түзілу керек.

100 кесек сабыннан не жасауға, қалай пайдалануға болады.

“Достық” тортын жаса. 8 компоненттен тұрсын.

Статуя: бір статуяны бейнелеп, түсіндір.

Көшедегі бір үйді қара да оның интерьерін суретте(бөлмелері нешеу, жиһазы, т.б.)

8 шиден скульптура жаса.

Құрамында саны бар сөзді ата (Бесбай, үшбұлақ, ондық, бестік, төртбақ, жетіру, жетікүн, Жетібай, Екібастұз, Жетісу.)

Теннис добының 2 жартысын қалай пайдалануға болады.

Қызыл, жұмсақ, жасанды, дөңгелек, ұзын заттарды ата.

Секіретін, жүзетін, ұшатын, жорғалайтын жануарларды ата.

Жәшіктер мен қораптардың түрлерін ата.

Қолшатырдың қолдану түрлерін айт.

Құлпылардың түрлерін ата

Опіргіштерді қалай пайдалануға болады.

Тротуарды пайдалану түрлерін ата.

Кнопка мен қағазды салыстыр.

Бөтелкелердің түрлерін ата.

Тек саусақтың көмегімен әртүрлі дыбыстар шығар.

Ұйқасқа өлең құра.

20 теңгемен сөйлес.

Ағаштың, мұхиттың, достардың т,б, пайдасын ата.

Мұндай тапсырмаларды олардың идеясын түсінген әр мұғалім өзі-ақ ойлап таба алу мүмкіндігі бар.

Оқушылар бұл тасырмаларды шешу арқылы лезде шешім қабылдауға, идеялармен бөлісуге, оның дұрыстығын дәлелдеуге үйренеді.

ұзақ мерзімді тапсырмалар. Орталықтан бағдарламамен айналысуға ниет білдіріп, мүшелікке енген мектептер үшін арнай жіберіледі. Әр жылы 5 түрлі проблемалық мәселеге арналған тақырыптар, және оларды шешуге қойылатын талаптар, ескерілер ережелер кітапшасы беріледі. Олар экологиялық, экономикалық, техникалық, өнерпаздық білімі мен тәрбиесіне арналады.

7 адамнан тұратын команда мүшелері таңдап алған тақырыптарына орай 8 минуттық көрініс әзірлеп, сюжеттегі проблеманы шығармашылықпен шешудің жолын көрсетулері керек.

“Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасын арнайы сабақ ретінде сыныптан тыс жұмыс түрлерінде, сондай-ақ оның элементтерін сабақтарда да қолдануға болады.

Бастауышта оқылатын кез келген пәннің мазмұнына сәйкес шығармашылыққа интелектіні дамытуға берілетін тапсырмаларды тиімді қолдану бүгінгі мектеп бағдарламасының да өзекті мәселелерінің бірі. Тек қандай тапсырманы сабақтың қай сәтінде қолдану керектігін мұғалім өзі шешеді.

Бағдарламалардағы кейбір тапсырмалар қиялдауға берілген. Оларға 8-10 минут уақыт беріледі. Негізгі идея кәдімгі қарапайым заттарды әдеттен тыс жағдайда пайдалана білу.

Тапсырма: - ішіндегі желініп біткен ыдысты тастай салмай, тағы қалай пайдалануға болады?

Жауаптар: - су ішетін ыдыс ретінде, шетін кертіп шүмек жасап, су құйғыш ретінде.

Жіңішкелеп ауызғы жағын кесіп тастап, қарындаш тағы басқа заттарды салатын ыдыс ретінде.

Бірнеше тесіктер тесіп, су шашқыш ретінде т.б.

Бұл сабақтар Г.Альтшуллер жасаған “Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы” (ТРИЗ- теория решения изобретательских задач) технолгоиясымен үндес.

“Ақыл-ой Одиссеясы” бағдарламасымен жұмыс істеу барысында тез ойлап, жылдам шешім қабылдауға шорқақ балалар жыл аяғында шапшаң жауап беруге үйреніп, тапқыр қызықты шешімдер құруда жетістіктерге жете бастайды.

Қазіргі кездегі математикалық білім баланы интеллектісін дербес ойлауын дамытуға бағытталған. Бұл салада, біз сөз еткелі отырған технологияның алар орны ерекше. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру деп аталатын математикалық бірлік технологиясы. 1964-1996 жылдар арасында академик П.М.Эрдниевтің жетекшілігімен жүргізілген теориялық және тәжірибелік ізденістердің, практикалық жұмыстың нәтижесінде өмірге келді. П.М.Эрдниев “дидактикалық бірліктер” деген ұғымды осыдан 20 жыл бұрын енгізген. П.М.Эрдниев оқу материалынан кіші көлемде берілетін ақпаратын алып тастамай, тек олардың құрылымын өзгертіп, ірілендіріп беруді ұсынады. Бұл жағдайда материал терең меңгеріліп, ойлауға, дамуға кең өріс ашылады.

Республикамызда 1997 жылдан ері енгізіліп жатқан профессор Т.Қ. Оспановтың жетекшілігімен жазылған “математика” оқулықтары осы теорияға негізделінеді. Сондықтан оқушының жеке басын дамытуға бағытталған бұл әдістемемен бүкіл бастауыш мектеп мұғалімдері жұмыс істеуде.

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру әдістемесін жүзеге асырудың басты

қағидалары төмендегідей:

1.Қарама-қарсы ұғымдарды, әрі өзара байланысты операцияларды қатар оқыту.

2.Тура есепке кері есеп ойлап табу, шығаруды кеңінен қолдану.

3. Деформацияланған жаттығуларды пайдалану.

4. Өзбетінше, танымдылық-шығармашылыққа берілетін тапсырмалардың үлес салмағының артуы.

Осы қағидалардың әрқайсысына жеке тоқталып, олардың оқушыны ойлауға үйрететін мүмкіндіктерін аша түссек.

Оқыту практикасы “қосу мен азайту”, “көбейту мен бөлу” бұрынғыдай төрт бөлек тақырып етіліп өтілмей қатар ұсынылуының тиімділігін көрсетіп отыр.

Біріншіден бұл арқылы оқу уақыты 20% дейін үнемделеді. Ал үнемделген уақыт білімді тереңдетуге өте қажет.

Екіншіден ойлау операциялары арқылы баланың дамуы жеңілдейді.

Оқытудың гумандық, ізгіліктілік принциптеріне сәйкес оқушымен мұғалім арасында жаңаша қарым-қатынас қалыптасады.

Түріндегі төрт аралық операцияны пайымдау арқылы шешу, ойлау әрекетінің ішкі потенциалды резервтерін ашуға көмектеседі. П.К.Анохин тұжырымдамаларымен айтсақ, табиғаттың айнымас заңдылықтарының бірі “кері байланыс” заңының іске қосылуымен тиімді.

ДБІ технологиясының басты ерекшеліктерінің бірі кері есептерді шығару “кері есеп” ұғымы ғылымға өзіміз жоғарыда айтып өткен академик П.К.Анохин енгізген кері байланыс деген психологиялық ұғыммен байланысты. Кері есептерді шығару, тура есепті кері есепке айналдыру арқылы баланың белсенділігі, қызығушылығы артады, шығармашылық дербестік пайда болады.

“Кері есеп” ұғымы алғаш көрнекіліктер арқылы түсіндірілуі тиімді.

Мысалы: столға 5 кітап қойып, оның жанына портфельді орналастырған соң, мына есеп айтылады. Столда 5 кітап бар, ал портфельде қанша кітап бар? Бұдан соң: не белгілі, не белгісіз, артық па? кем бе? екенін анықтауға арналған сұрақтар беріп, жауаптар алынады.

Есеп шығарылады. Кері есепке көшер алдында, столдағы кітаптарды алып тастап, балалар, портфельде 8 кітап бар, ал столдағы кітаптың одан 3 кем. Столда неше кітап бар? Есеп шығарылған соң, алдыңғы есепте не белгілі болды, нені таптық, ал соңғы да ше? Деген сұрақтарға жауап алынады.

Белгісізді ... жалғасы

Сабак — мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілетілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласыда шет қала алмайды.

Осыған байланысты бағдарламаның мақсаты: Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беруді жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан педагогтардың жауапкершілікті түсіну мен олардың

кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігін жетілдіруде және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлес қосқан.

Бағдарламаның міндеттері: Бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатына критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Оқудан күтілетін нәтижелер: мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсаттарында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

мұғалімдердің орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Сонымен қатар, мұғалім мен оқушының тұлғалық — бағдарлы өзара қарым — қатынасы маңызды орын алып отыр. Мұнда тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік жағынан келбетінің қалыптасуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, білім беру факторларының: мектеп, отбасы, әлеуметтік орнының кіргізілуі көзделеді.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Ең жоғары балл 60 ұпай, орташа балл 48 ұпай деп белгіленеді. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериалық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдесінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау

үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.)

Сабақтағы қалыптастырушы бағалау — мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалауы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді).

Бағалау критерийі — білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме.

Дискриптор — оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым.

Тапсырма — оқушының күзінеттілік деңгейін (пәндік, тілдік және тағы басқа) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.

Кері байланыс — қандай да бір жағдайда немесе әрекетке арналған жауап, пікір.

Сабақтың соңында мұғалімдерге қалыптастырушы бағалауға байланысты алынған тәжірибені қалай таратуға болатыны жөнінде талқылауға тапсырма беріледі.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральді білім беру бағдарламасының спиральдік қағидаты болып табылады. Ол оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы (Джером Брунер) моделіне негізделген. Оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқанда зерделенген материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр. Спиральді білім берудің негізгі ерекшелігі: әрбір қайталанып оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады; оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпаратты толықтырып бекітіп отырады; спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; оқушыларды соңғы оқу мақсатына қол жеткізу үшін бұрын алынған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады. Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларындағы өзгерістер: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады.

Коммуникативті оқыту ұстанымы: тілдік дағдыларды дамыту. Төрт дағдыны ескере отырып Ж.Аймауытовтың «...бала әуелі тәжірбиеге талпынып, нәрсемен танысып, содан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деген сөзін еріксіз еске түсіреді.

Кіріктірілген білім беру бағдарласында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өте өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазлым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Бүгінгі күні, барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдерімен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үдерістің жалпы білім беретін мектептер де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Курстың маңыздылығы да міне, осында. Жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымын, мақсат-міндеттерін меңгерту. Курста жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологиялары да қарастырылды.

Бұл бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуы үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренерміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім — болашақтың кепілі.

Әдебиеттер

1. Мектеп оқу бағдарламасы. Астана, 2009.
2. Ә.Қ.Бүркіт. Бастауыштар. Шымкент. 2020. 150-бет.
3. Орлов В.А.. Элективные курсы. Алматы. 2003.
4. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике.-М.: Педагогика, 1971.
5. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М.: Интер, 1996. – 541 с.
6. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: пед. ғыл. докт. ...дис. – Алматы, 1996. – 88 б.
7. Шаханова Р.Е. Оқытудың зерттеу әдісі – дарындылықты дамыту негізі // Қазақстан кәсіпкері. – Алматы, 2009. – №9(76). – Б.49-51.
8. Ә.Қ.Бүркіт, Ж.Қ.Нұрматова. «Бүркіт» республикалық оқушылардың ғылыми қоғамдық бірлестігінің web беті. (ЭЕМ-ға арналған бағдарлама). Астана, Қазақстан Республикасы әділет министрлігі №274 куәлік. 30 мамыр 2007 жылы.
9. С.К.Мекенбаев, Ғ.Т.Дүйсенбаев, Г.А.Асанова. Дарынды және қиын балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері. «Парасатты экономика» негіздерін қалыптастырудағы білім беру мекемелерінің рөлі мен міндеттері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. Шымкент, 2007. Мақала. – Б.157-158.
10. А.С.Нұржігітов. Оқушылардың дарындылығын дамытуда мектеп пен отбасы біріккен жұмысының инновациялық формалары. «Парасатты экономика» негіздерін қалыптастырудағы білім беру мекемелерінің рөлі мен міндеттері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектері. Шымкент, 2007. Мақала. – Б.133-134.
11. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 20.01.2019. – № 6. – 35 бет.
12. Бүркіт Ә.Қ., Туғанбаев М.Л. Бастауыш сынып пәнін оқытуда интербелсенді тақта құралдарын қолдану әдістемесі. Шымкент, 2012. – Б.555-556.
13. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 2018. 1-11 сынып. Қазақ тілі пәні.
14. Бастауыш мектеп мектептің қазақ тілі курсы бағдарламасы. Астана, 2020.
15. ҚПА профессоры Ә.Қ.Бүркіт. Ғылыми жоба жазу әдістемесі. Шымкент, 2018. 512-бет.
16. Қоянбаев – Педагогика, дәріс курсы Алматы 2001ж
17. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (жоғары, негізгі орта, жалпы орта);

18. Ә.Қ.Бүркіт, Г.О.Жетпісбаева. Бастауыш сынып сабағында оқушылардың танымдылық қабілеттерін арттыру әдістемесі. Шымкент, 2019. 600-бет.

19.Ә.Қ.Бүркіт, Г.О.Жетпісбаева. Бастауыш сынып сабағында оқушылардың танымдылық қабілеттерін сандық технология құралдары көмегімен жүзеге асыру әдістемесі. Шымкент, 2018. 700-бет.

20. Ә.Қ.Бүркіт. Жалпы білім беретін орта мектепте бастауыш сынып сабағында көрнекілікті қолдану. №4 (53) 2006 ж. “Оңтүстік Қазақстанның ғылымы мен білімі” республикалық ғылыми журнал. Шымкент,2006. Мақала. 9-11-бет.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Бастауыш мектептегі модульдік технология.....	5
Мектептің бастауыш сатысында қолданылып жүрген қазіргі технологиялары.....	28
Бастауыш сынып оқушыларының танымдылық қабілетін арттыру әдістемесі.....	56
Бастауыш мектепте қолданылатын педагогикалық технологиялар.....	79
Бастауыш мектепте математиканы оқытудың интербелсенді әдістері.....	95
Әдебиеттер.....	151

Түркістан облысы, Шардара ауданы, Б.Соқпақбаев атындағы жалпы
орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері
Ораз Ботакөз Жұмакелдіқызы
Рысбекова Бану Амирхановна

Бастауыш сыныпта инновациялық педагогикалық технологияны
қолдану арқылы оқушылардың танымдылық қабілеттерін арттыруға
арналған авторлық бағдарлама. (Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу,
республика көлеміне тарату және енгізу) Шымкент, 2022. 150- бет.

Бұл авторлық бағдарламада бастауыш сыныпта инновациялық
педагогикалық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық
қабілеттерін арттыру жайлы құнды мәліметтер келтірілген.

Пікір білдірушілер:

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жетпісбаева Г.О.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Алдешов С.Е.

ISBN 978-601-7982-49-4

УДК:373
ББК:74.269.3
Б:44

© Ораз Ботакөз Жұмакелдіқызы
Рысбекова Бану Амирхановна
«Жебе» баспасы, 2022 жыл